

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОРПОРАЦИЯСЫ  
ЖАЛПЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

***АҚБАЕВА Л.Н.***

***ӘЛЕУМЕТТАНУ***  
***ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ***

Алматы 2013

**ББК 60.5(02)**

**А 33**

Құрастырушы: **Ақбаева Л.Н.** ф.ғ.к., ҚазБСҚА ЖГДФ ассоцияланған профессоры

Әлеуметтану.– Электрондық оқулық. Алматы: ҚазБСҚА, 2013.-144 б.

Бұл оқу құралы әлемдік және отандық әлеуметтану ғылымы мен практикасының соңғы жетістіктеріне негізделіп, мемлекеттік білім беру стандартына сай құрастырылған. Әлеуметтану пәні барлық мамандықтарға арналған академия студенттерін әлеуметтік білімнің тарихи үрдісімен, әлеуметтанудың негізгі теориялық және қолданбалы мәселелерімен таныстыруға, әртүрлі танымдық стратегиялардың негізінде студенттердің бойында өзіндік әлеуметтік көзқарасын және азаматтық позицияны қалыптастыруға бағытталған.

Бұл пән студенттерде қоғамға деген әлеуметтік-ғылыми көзқарасты, өздерінің әлеуметтік рөлі мен статусын білуге және өзбетінше әлеуметтанымдық зерттеулер жүргізуге мүмкіншілік беретін практикалық дағдыларды қалыптастырады. Оқу құралы лекциялар мен семинарлар сабақтарына қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды қамтиды. Онда әр тараудың қысқаша мазмұны, студенттердің семинар мен өзіндік жұмысына (СӨЖ, СОӨЖ) бақылау сұрақтары мен тестілер, рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары, әлеуметтану терминдерінің глоссарийі, студенттердің аралық бақылыу мен қорытынды аттестацияға арналған материалдар (сұрақтар мен тапсырмалар), емтихан тестілерінің сұрақтары, әдебиеттер тізімі берілген.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, оқытушылар мен әлеуметтану ғылымымен айналысатындарға арналған.

ҚазБСҚА 2012-2013 оқу жылының электрондық оқу-әдістемелік әдебиеттерді шығару графигінің жобасына сәйкес басылады.

Рецензенттер: **Жамалов Қ.Ж.**, ф.ғ.д., ҚазБСҚА ЖГДФ ассоцияланған профессоры

**Сүлейменова Қ.Қ.**, т.ғ.к., ҚазБСҚА ЖГДФ ассоцияланған профессоры

© Қазақ бас  
сәулет-  
құрылыс  
академиясы,  
2013

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
I МОДУЛЬ	
1 тақырып. ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ.....	5
2 тақырып. ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫ (1 кезең).....	11
3 тақырып. ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ТАРИХИ ДАМУЫ (2 кезең).....	18
4 тақырып. ҚОҒАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ.....	23
5 тақырып. ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.....	28
6 тақырып. ТҰЛҒА ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.....	33
7 тақырып. МӘДЕНИЕТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.....	39
8 тақырып. ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҚЫЛАУ.....	44
II МОДУЛЬ	
9 тақырып. ОТБАСЫ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ .....	50
10 тақырып. ӘЛЕУМЕТТАНЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ.....	56
11 тақырып. ЭКОНОМИКА МЕН ЕҢБЕК ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.....	61
12 тақырып. САЯСАТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ .....	66
13 тақырып. БІЛІМ БЕРУ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.....	70
14 тақырып. ДІН ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.....	76
15 тақырып. ЭТНОӘЛЕУМЕТТАНУ НЕМЕСЕ ҰЛТТАР ӘЛЕУМЕТТАНУЫ .....	81
СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН ТЕКСЕРЕТІН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТАСТАЦИЈДАҒЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ...86	
СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН ТЕКСЕРЕТІН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЈДАҒЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	88
ӘЛЕУМЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ГЛОССАРИ.....	97
ЕМТИХАН ТЕСТІЛЕРІНІҢ СҰРАҚТАРЫ.....	100
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	142

## КІРІСПЕ

Бұл оқу құралы гуманитарлық білім беру циклі барысында «Әлеуметтану» пәнін негізгі курс ретінде барлық мамандықтарға арналған академия студенттеріне арналған. Оқу құралында әлеуметтанудың зерттеу объектісі, пәні, әдістері, адамзат қоғамының пайда болуы мен даму тарихы, әлеуметтік жүйе элементтерінің қарым-қатынасы және бір-бірімен байланысы, қоғамдағы әлеуметтік құрылымдар туралы түсінік берілген.

Оқу құралында әлеуметтану тарихы, оның басты даму кезеңдері, шетел әлеуметтанушыларының теориялары баяндалған. Қоғам туралы ғылымның әртүрлі салалары туралы түсінік берілген. Мысалы, қоғам, әлеуметтік құрылым, тұлға, мәдениет, отбасы мен неке, экономика мен еңбек, девианттық мінез-құлық пен әлеуметтік бақылау, саясат, білім беру, дін, ұлттар әлеуметтанулары қарастырылады. Сондай-ақ онда әлеуметтанымдық зерттеулердің негізгі әдістері мен әдістемелері туралы сөз етіледі.

Студенттердің өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар мен тестілер «Әлеуметтану» оқулықтарынан, хрестоматиялардан, Батыс Еуропа және отандық әлеуметтанушылардың еңбектеріне негізделген.

«Әлеуметтану» оқу құралы студенттердің қоғамға деген әлеуметтік-ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, өздерінің әлеуметтік рөлі мен статусын білуге және өзбетінше әлеуметтанымдық зерттеулер жүргізуге мүмкіншілік беретін практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

# 1 МОДУЛЬ. ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМ РЕТІНДЕ

## 1 ТАҚЫРЫП. ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

### Дәріс жоспары:

1. Әлеуметтанудың пәні және зерттеу объектісі.
2. Әлеуметтанудың пайда болуының алғы шарттары.
3. Әлеуметтанудың әлеуметтік білім жүйесінде алатын орны.
4. О.Конт – әлеуметтану ғылымының негізін салушы.
5. Әлеуметтанудың құрылымы мен жүйесі.
6. Әлеуметтану қызметтері.

### Дәріс мазмұны:

1. Әлеуметтану – (латынның “social” – қоғам, гректің “logos” – ілім) тұтас алғанда қоғамның, қоғамдық қатынастардың, қоғамдық бірліктің өзара өмір сүруі және дамуы туралы ілім. Демек әлеуметтану – қоғам туралы ілім, ұғым деген сөз. Әлеуметтанудың ғылым ретінде тууы ХІХ ғасырдың ортасындағы француз позитивист-философы Огюст Конт (1798-1857) есімімен байланысты, өйткені ол тұңғыш рет «әлеуметтану» терминін енгізген, алайда оның қалыптасуына Батыс Еуропаның (Г.Спенсер, К.Маркс, Э.Дюркгейм, М.Вебер т.б) көптеген оқымыстылары айтарлықтай үлес қосқан.

Әлеуметтану – қоғам туралы ғылым. Американдық әлеуметтанушысы Дж.Смелзер осылай деп түсіндіреді. Әлеуметтанудың зерттеу объектісі ретінде әлеуметтік қатынастар және олардың жүйеленуі қарастырылады. Әлеуметтік айғақ (Э.Дюркгейм), әлеуметтік тәртіп (М.Вебер), тұлға, әлеуметтік құрылғылар, әлеуметтік институттар (марксизм) әлеуметтанудың пәні болып табылады. Әлеуметтану философиядан тармақталып шыққан. О.Конт, Г.Спенсер, Э.Дюркгейм, М.Вебер сияқты ғалымдардың әлеуметтануын әлеуметтік философиядан айыру қиын.

Демек, әлеуметтану дегеніміз – біртұтас жүйе ретіндегі қоғамның дамуы мен өмір сүруінің жалпы заңдылықтары туралы әлеуметтік құбылыстарды өзара байланыстырып зерттейтін ғылым.

2. Әлеуметтанудың ғылым ретінде пайда болуының әлеуметтік-экономикалық және теориялық алғы шарттары бар, олар ХІХ ғасырдың бірінші ширегінде капитализмнің дамуымен сабақтас. ХІХ ғасырдың 50-ші жылдарында әлеуметтанымдық статистикаға байланысты тәжірибелер мен зерттеулер пайда болды, шаруашылық санақ жүргізілді. Жаппай статистикалық сұрау техникасы жасалып, демографияның негізі қаланды. Жаңа қоғамдық құбылыстар мен процестерді ой елегінен өткізу үшін арнаулы ғылым қажет болды. Ол әлеуметтану ғылымы еді.

3. Әлеуметтану – көп деңгейлі ғылым, ал абстракциялық және нақтылық формалардың бірлігін, әлеуметтанымдық макро-микро қатынастың теориялық және эмпирикалық арақатынасының бірлігін

карастыратын ғылым. Негізгі ғылымдардың иерархиясы төмендегіше анықталады: математика, астрономия, физика, химия, биология және әлеуметтану.

Әлеуметтанудың заңдары мен заңдылықтарына, қоғамдық ғылымдар жүйесіндегі орнына, қызметіне сипаттама беріледі.

4. Конт әлеуметтанудың өзіндік, заңдардың түрін өзгертетіндей және индивидтердің бір-біріне өзара әсерінен шығатындай қасиеті бар екендігіне айрықша мән береді. Бұл өзара іскер адамзат қауымында әр түрлі ұрпақтың бір-біріне өтуі нәтижесінде күрделене түседі. Әлеуметтану пәні мен нысанын негіздей отырып, О.Конт сол кездегі ғылым жүйесіне иерархиялық баспалдақ түрінде түсінік берді; оның ойынша, бұл білімнің қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғарыға жалпыдан өзіндік ерекшелікке, қарапайым дамуының тарихи процесін логикалық жүйемен түсіндірді. Білім дамуындағы әр басқыш, Конттың пікірінше, өзінен бұрынғыны алғы шарт ретінде есептейтін жоғарғы тәртіптегі ғылым болып саналады.

5. Әлеуметтанудың басқа қоғамдық ғылымдардан ерекшелігі – оның құрылымдық теориясы бар, ол үш деңгейден тұрады:

1. Теориялық әлеуметтану немесе іргелі зерттеулер деңгейі.
2. Орта деңгей теориялары немесе қосалқы зерттеулер.
3. Эмпирикалық әлеуметтанымдық зерттеулер деңгейі.



Орта деңгей теориялары үш типке бөлінеді: 1) әлеуметтік өмірдің субъектілері бойынша; 2) әлеуметтік өмірдің салалары бойынша; 3) әлеуметтану салаларының пәнаралық сипаты бойынша.

Әлеуметтік өмірдің субъектілері бойынша әлеуметтану мынадай түрлерге бөлінеді: 1) тұлға; 2) отбасы; 3) ұжым; 4) кәсіптік топтар; 5) страталар мен таптар; 6) жастар (ювиноәлеуметтану); 7) қарттар (геронтоәлеуметтану); 8) ересек адамдар (акмеәлеуметтану); 9) әйелдер (феминноәлеуметтану); 10) гендер; 11) ұлттар немесе этноәлеуметтану; 12) электорат; 13) саяси партиялар; 14) коммуникация және ақпарат; 15) қала мен ауыл; 16) қоғам элитасы; 17) шағын топ т.б. әлеуметтанулары.

Әлеуметтік өмірдің салалары бойынша әлеуметтану мынадай түрлерге бөлінеді: 1) еңбек; 2) басқару; 3) бос уақыт; 4) ауыл шаруашылық; 5) әскери; 6) ғылым; 7) білім беру; 8) педагогикалық; 9) құқық; 10) дін; 11) мода; 12) спорт; 13) өнер; 14) мораль; 15) әдебиет; 16) медицина; 17)

жарнама; 18) кино; 19) девианттық мінез-құлық; 20) әлеуметтік жұмыс; 21) өмір сүру тәсілі; 22) индустриалдық т.б. әлеуметтанулары.

Орта деңгей теориялары әлеуметтік өмірдің субъектілері бойынша макро- және микроәлеуметтану болып екіге бөлінеді. Макроәлеуметтану (грекше makros – үлкен) ірі әлеуметтік топтар мен жүйелерді, күрделі әлеуметтік процестерді зерделеп талдайды. Микроәлеуметтану (грекше mikros – кіші) кіші әлеуметтік жүйелердегі құбылыстар мен процестерді талдауға бағытталған зерттеу бағыты.

Әлеуметтанымдық білім жүйесінің элементтеріне мыналар жатады: әлеуметтік фактілер немесе объективтік шындықты сипаттаудың нәтижесінде алынған дәлелді білімдер. Олардың сипатталуына жалпы немесе арнаулы әлеуметтанымдық теориялар, салалық әлеуметтанымдық теориялар, әлеуметтанымдық зерттеулердің негізгі әдістері мен әдістемелері жатады.

6. Әлеуметтанудың қызметтері алуан түрлі. Олар:

1. Танымдық;
2. Әдістемелік;
3. Сипаттамалық;
4. Әлеуметтік бақылау;
5. Болжамдық;
6. Әлеуметтік жоспарлау;
7. Идеологиялық;
8. Гуманистік;
9. Жалпымәдениеттік.

Мысалы, танымдық қызмет әлеуметтануды ғылыми білімнің бір саласы ретінде санап, оны арнаулы, объективтік, дәлелді, арнаулы тілі мен әдістері бар білім ретінде қарастырады. Әлеуметтік бақылау, болжамдық, әлеуметтік жоспарлау қызметтері әлеуметтанымдық білімнің, әлеуметтік практиканың әр түрлі салаларында қолданылуын жобалайды. Идеологиялық немесе көзқарастық қызмет адамның бағалау іс-әрекетінің жүзеге асырылуын немесе адамның тұлға ретінде қоғамда бейімделуін көздейді.

### **1 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Әлеуметтанудың зерттеу объектісі.
2. Әлеуметтанудың құрылымы.
3. Әлеуметтанымдық білім жүйесі.
4. Теориялық және қолданбалы әлеуметтану.
5. Макро- және микроәлеуметтану.
6. Орта деңгей әлеуметтанымдық теориялары.
7. Әлеуметтанудың міндеттері: методологиялық, танымдық, сипаттамалық, болжамдық, жалпымәдениеттік.

## Әдебиеттер тізімі


1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.- II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Шөптібаева Г. Әлеуметтану тарихы.-Алматы, 2008.-200 б.
8. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
9. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### 1 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)

1. Әлеуметтанудың басқа ғылымдармен арақатынасын көрсетіңіз (№1.1 сурет).  
№1.1. сурет.



2. Әлеуметтанудың негізгі деңгейлерін көрсетіңіз (№1.2. сурет).  
№1.2 сурет.





## ЭМПИРИЯЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ

### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Әлеуметтану ғылымының Қазақстанда даму ерекшеліктері.
2. Әлеуметтану мен әлеуметтік философия.
3. Әлеуметтану мен саясаттану.
4. Әлеуметтанымдық зерттеулердегі теориялық және эмпирикалық деңгейлер.
5. Әлеуметтік заңдар мен категориялар.

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

#### 1. Әлеуметтанудың зерттеу объектісін анықтаңыз:

- A) қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланыстардың жиынтығы
- B) қоғам әлеуметтік жүйе ретінде
- C) индустриялыққа дейінгі қарапайым, жергіліктендірілген мәдениет пен қоғам
- D) жеке адамның әлеуметтік әрекеттестігі негізінде қалыптасатын ойлары, сезімдері және мінез-құлығы
- E) қоғам мен табиғаттың дамуының неғұрлым жалпы заңдары туралы ақпарат алу

{Дұрыс жауабы} = B

#### 2. Классикалық әлеуметтанудың бағыттарын сәйкестікке келтіріңіз:

{бірінші бағана атауы} = Классикалық әлеуметтанудың бағыттары

- 1) позитивизм
- 2) антипозитивизм
- 3) бихевиоризм
- 4) материализм

{екінші бағана атауы} = Бағыт өкілдері

1. К.Маркс
2. Уотсон
3. О.Конт
4. М.Вебер

{Дұрыс Жауабы} = 1-3; 2-4; 3-2; 4-1

#### 3. Салалық әлеуметтануды зерттеу пәндерінің сәйкестігін анықтаңыз:

{бірінші бағана атауы} = Салалық әлеуметтану бағыттары

- 1) еңбек әлеуметтануы
- 2) білім әлеуметтануы
- 3) френология
- 4) экоәлеуметтану

{екінші бағана атауы} = Салалық әлеуметтанудың пәндері

1. табиғи қоршаған орта жағдайы
2. түзеу колониясындағы әлеуметтік қатынастар

3. рухани өндіріс саласы

4. өндірістік қатынастар

{Дұрыс жауабы}=1-4; 2-3; 3-2; 4-1

**4. Берілген ситуацияларды әлеуметтану заңдарымен сәйкестендіріңіз:**

{бірінші бағана атауы }= Әлеуметтанудың негізгі заңдары

1) интеграция

2) урбанизация

3) социализация

4) мобильділік

5) стратификация

{екінші бағана атауы}= Әлеуметтік ситуациялық үдерістер (процесс)

1. адамдардың әлеуметтік мәртебесін (статусын) ауыстыру үдерісі

2. адамдардың ортаға бейімделу жағдайы

3. әлеуметтік топтардың бір-бірімен жақындасуы, бірігуі

4. кенттену үдерісі

5. адамдардың әлеуметтік топтар мен қабаттарға жіктелуі

{Дұрыс жауабы}=1-3; 2-4; 3-2; 4-1; 5-5

**5. Берілген тапсырмалардың сәйкестігін анықтаңыз:**

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтанудың негізгі зерттеу пәндері

1) әлеуметтік факт

2) әлеуметтік мінез-құлық

3) таптық қатынас

4) Әлеуметтік статика мен динамика

{екінші бағана атауы}= Негізгі пәндерді анықтаған ғалымдар

1. О. Конт

2. Э. Дюркгейм

3. М. Вебер

4. К. Маркс

{Дұрыс жауабы}=1-2; 2-3; 3-4; 4-1

## 2 ТАҚЫРЫП. ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ (1 кезең)

### Дәріс жоспары:

1. О.Конт – әлеуметтану ғылымының негізін қалаушы.
2. Г.Спенсердің әлеуметтану жөніндегі ілімдері.
3. Э.Дюркгеймнің әдіс (метод) туралы ілімі.
4. М.Вебердің «түсінісу әлеуметтануы».
5. К.Маркс және Ф.Энгельстің қоғам туралы материалистік ілімінің негізгі принциптері.
6. АҚШ-та әлеуметтанудың дамуы.

### Дәріс мазмұны:

1. Теориялық әлеуметтанудың негізін қалаушы Сен-Симонның шәкірті – француз ғалымы Огюст Конт болып табылады (1798-1867). Ол алғашқы болып «әлеуметтану» терминін өзінің «Позитивтік философия курсы» (1839) атты еңбегінде ғылымға енгізді. О.Конт қоғам туралы жағымды тәжірибелі ғылым жасауды қажет санап, оның пәнін іргелі заң ретінде есептеді, тіпті әлеуметтануды «әлеуметтік физика» деп те атады.

Конт әлеуметтануды «әлеуметтік статика» және «әлеуметтік динамика» деп бөлді. Біріншісі қоғамды, оның барлық элементтерін тұрақты және тепе-тең теңдік жағдайында зерттейді де, әлеуметтік үндестік (гармония) заңын олардың негізгісі деп есептейді. Екіншісі, қоғамдық дамуды, бір дәрежеден екінші дәрежеге өту жағдайында зерттейді. О.Конт әлеуметтанымдық зерттеудің негізгі заңын бақылау және эксперимент ретінде тұжырымдайды. О.Конт ғалымдар ұсынысын нақтылы тәжірбиелік тексеруден өткізу қажет деген тезисті көтерді. Сондықтан да Конт философиясы «позитивизм» деген атау алды. Контты «әлеуметтанудың атасы» деп атау кездейсоқ емес, ол оған атау мен бағдарлама берді.

О.Конттың пайымдауынша, қоғам туралы ғылым өзінің дәлелдемелері бойынша басқа ғылымдардан қалыспауы тиіс. Сол себепті қоғамды зерттеу барысында әлеуметтануда физика іспеттес математикалық әдістерді пайдалану әбден мүмкін. Осылайша қоғам туралы ғылымды әдістері жағынан да таным нормалары жағынан да нақты ғылымдарға жақындастырып, әлеуметтануда натурализм бағытын қалыптастырды.

2. XIX ғасырдың екінші жартысында О.Конт өлгеннен кейін әлеуметтік ойдың бірнеше ағымдары пайда болды, олардың өкілдері қоғамдық өмірдің критерийін одан тыс жағдайлардан іздеді. Бірінші кезекте, жаратылыстану биологиялық факт ойлардың дамуынан туындап, оған жаратылыстанудың әсері күшті болды, мысалы, Ч.Дарвин ілімінің пайда болуы. Мұндай қатынастың ірі өкілдерінің бірі ағылшын ғалымы Герберт Спенсер еді (1820-1903).

Спенсердің әлеуметтанымдық теориясы Ч.Дарвиннен қабылдаған екі принципке негізделді: қоғамды организм деп түсіну және әлеуметтік эволюция идеясы. Шын мәнісінде, қоғам төрт организмді көшіріп (копирует) алады және тудырады. Олай болса, «оған тән нәрсе – биологиялық заңдылық» деген қорытынды айтады. Ол заң, Спенсердің айтуы бойынша, қоғамға сәйкестеніп бейімделеді.

3. О.Конттың еңбектері көрнекті француз әлеуметтанушысы Э.Дюркгеймге зор ықпалын тигізді (1858-1917). Э.Дюркгеймнің еңбектерінде («Қоғамдық еңбектің бөлінісі», «Әлеуметтанымдық әдістің ережелері», «Өзін-өзі өлтіру» т.б.) жаңа әлеуметтанымдық қатынастар берілген. Бірақ, оның пайымдауынша, әлі де болса ғылыми әлеуметтану жеткілікті қалыптаспаған. Неліктен? Өйткені әлеуметтану нақты фактілерге жүгінуі керек, деп есептеді Э.Дюркгейм. Оның маңызы – әлеуметтік факторлардың жиынтығынан тұратын қоғамды әлеуметтік шындық деп түсіну. Оларды зерттеу әлеуметтанудың пәнін құрайды. Әлеуметтік факт, Э.Дюркгеймнің пайымдауынша, ол – жеке тұлғаларға тікелей әсер ететін әлеуметтік құбылыс. Әлеуметтік фактілерге Э.Дюркгейм құқық және тәртіп нормаларын, тарихи қалыптасқан ойлау мен әрекет формаларын, әлеуметтік қозғалыс, тіпті моданы (сән өнерін) да жатқызады. Э.Дюркгеймнің негізгі әдістемелік принципі – әлеуметтік фактілерді заттарға жақындастыру («әлеуметтік фактілер – заттар тәріздес»). Яғни әлеуметтанушының негізгі мақсаты – әлеуметтік фактілердің арасындағы байланысын зерттеу. Э.Дюркгеймның “социологизмі” оның теориясының негізі болып табылады. Ол әлеуметтік шындықтың ерекшелігін, біріншілігін, дербестігін мойындауға жеке адамның оған бағыныштылығын, екіншілігіне негіздеген.

Э.Дюркгеймнің шығармашылығының негізгі маңызы – әлеуметтануға жүйелік анықтамасын беруінде. Оның негізгі сипаттары: а) қоғамды құрылымды-функционалдық организм деп түсіну; ә) қоғамдық тәртіпті оның қажетті жағдайы деп қорғау; б) әлеуметтік тәрбие институтын қоғамның өмір сүруі үшін қажетті, маңызды механизмі деп түсінуі.

4. XX ғасырдың ірі әлеуметтанушыларының бірі болып М.Вебер есептеледі (1864-1920). М.Вебердің еңбектері тек қана әлеуметтану ғылымымен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар экономика, құқық, салыстырмалы тарих, мәдениеттану салаларын қамтиды. К.Маркстің идеялары М.Вебердің көзқарасына зор ықпал етті. Бірақ М.Вебер оның әлеуметтік қарама-қайшылықтардың қоғамдағы рөлі туралы пікіріне қарсы шықты. Өйткені М.Вебердің пікірінше, қоғам өміріне тек қана экономикалық қарым-қатынас қана емес, сонымен қатар идея мен құндылықтар да зор әсерін тигізеді. Сондықтан болар, М.Вебердің ең ірі еңбектері діни әлеуметтануға арналған. Оның еңбектерінде Үнді, Қытай мемлекеттерінде қалыптасқан ежелгі дін, сонымен қатар иудаизм діні қарастырылады. Батыс пен Шығыстың ең ірі діни жүйелерін салыстыра

отырып, М.Вебер капитализмнің өркендеуіне христиан дінінің тікелей әсері бар деген тұжырымға келеді.

Оның «Протестантық этика мен капитализм рухы» деген еңбегінде діни сенім капиталистік экономиканың дамуының ынталандыру негізі деді. Себебі ол еңбексүйгіштікті, үнемділікті, есепшілдікті, шыдамдылықты, жігерлілікті қалыптастырады деп түсіндірмекші болды. Бұд еңбектегі негізгі әлеуметтанымдық тұжырымдамалары қазіргі күнге дейін өзінің ғылыми жағынан орасан зор табыс болып саналады.

Вебердің маңызды еңбегінің бірі бюрократияны зерттеу болды. Бюрократия – кең көлемдегі ұйым онда қызметкерлер рангыларға бөлінеді дейді. Ол қала, құқық жүйесі, экономика түрлері, таптар тарихы туралы зерттеуге үлес қосты. Әлеуметтану ғылымы туралы да еңбектер жазған. Ол Дюркгейм мен Маркске, керісінше, әлеуметтануға ғылым ретінде қарау керек деген талап қойған.

М.Вебердің әлеуметтанымдық ілімнің негізі – идеалдық тип туралы ілім. Идеалдық тип – бейне-схема, зерттеуші-әлеуметтанушы таныған, зерттеген нақты материалды тәртіпке келтіру және жүйелеу тәсілі. Вебердің идеалдық типі туралы ілімі – әлеуметтануды түсінудің негізі. Бұл жерде, әлеуметтану бастауыш тип есебінде, адамның немесе белгілі бір топтың тәртібін негізге алуы керектігі айтылады.

**5.** К.Маркс қоғамды зерттеп, әлеуметтанудың ғылым ретінде қалыптасуына зор ықпал етті. К.Маркс еңбектерінің көпшілігі экономикалық әлеуметтану проблемаларына арналды. Көптеген ғалымдар К.Маркс қоғам туралы ғылымның дамуына үлкен үлес қосқанын атап көрсетті. Солардың бірі – ағылшын әлеуметтанушысы Э.Гидденс еді. Ол Маркс идеяларының «әлеуметтанымдық тұрғыдан қарастырғанда аса терең және бай ой-пікірлерге толы» деп есептеді. К.Маркстың қоғам туралы ғылымға қосқан ең үлкен үлесі – оның тарихты материалистік тұрғыдан түсіндіруі («барлық тарих – таптар тартысы»), экономикалық және әлеуметтік детерминизм. Капитализмді зерттей отырып, Маркс тапқа анықтама берді. Оның көзқарасы бойынша, капитализмнің орнына тапсыз социалистік қоғам орнауы керек, таптың жойылуына байланысты қоғамда барлық теңсіздік жойылуы керек. К.Маркс «негізгі таптар буржуазия және пролетариат болып бөлінеді» деп есептеді. Буржуазияның ішінде меншік иелері болады, олар әлеуметтік иерархиядағы жағдайына байланысты өндірістің (фабриканың, жердің) маңызды құралдарының иелері арқылы ерекшеленеді. Маркс люмпенпролетариат деп аталатын, қоғамнан «шетке шыққан» адамдардың болатынын көрсетті.

Оның әлеуметтік құрылым теориясында, пролетариаттың өзін пайдаланушыларға қарсы революциялық көтерілісін «басатындарға», яғни орта таптың орны мен рөліне көңіл бөлінеді. Оның пікірінше, қоғамда болып жатқан өзгерістерге жеке меншік тұрғысында қалыптасқан экономикалық қарым-қатынастар әсер етеді. Олар әлеуметтік қарама-қайшылықтардың пайда болуына әкеліп соқтырады, ал бұл қарама-

қайшылықтарды жөнге келтіру дүниежүзілік тарихтың құрамы болып табылады.

Маркстың құнды еңбегі – қосымша құн теориясын жасауында. Маркс капитализмнің дамуына қарай буржуазияның байыын, пролетариаттың кедейлене түсуін дәлелдеді. Олардың арасындағы шиеленіс күшейе түседі де, жұмысшылар революция жасап, өз диктатурасын орнатады. Әділетсіз қоғамдық құрылыс ретінде капитализм құрып, бүкіл әлемдік деңгейде социализмге өту басталады деді.

6. XIX ғасырдың соңында АҚШ-та қолданбалы эмпирикалық әлеуметтану дамыды. Әсіресе еңбек әлеуметтануы мен басқару әлеуметтанулары өріс алды. Американдық ғалым Фредерик Уинслоу Тейлор (1856-1915) кәсіпорындарда кешенді зерттеулер жүргізіп, дүниежүзінде бірінші болып еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру (орысша – НОТ) жүйесін ашты. Бұл жүйе өндірістегі «адами факторларды», еңбекке материалдық және моральдық ынталандыруды, басқару өнерінің ерекшеліктерін анықтады. Тейлор бірінші болып рестрикционизм (ағылшынша restriction – шек қою) құбылысын ғылымға енгізді. Оның мәні – қалай болса, солай жұмыс істеу. Сонымен қатар, Тейлор хронометраж әдісін, нұсқау карточкаларын, жобалау бюросын, әлеуметтік ақпаратты жинауды, жаңаша басқару құрылымын енгізді.

Американдық еңбек әлеуметтануына Э.Мэйо зор үлес қосты. Ол 1927-1932 жылдары әйгілі Хоторн қаласы шеңберінде эксперимент жүргізді. Мұның мақсаты – еңбек ұжымдарында өріс алған формальды емес құбылысты ашу. Бұл құбылыстың мәні – әркімнің ұнатуына қарай ұжымның шағын топтарға бөлінуі.

Абрахам Маслоу 1943 жылы қажеттіліктердің иерархиялық теориясын жасады. Ол қажеттіліктерді базистік және туынды деп, екі түрге бөлді. Базистік қажеттіліктерге тамақ ішу, ұрпақ қалдыру, киім кию, баспананың болуы, қауіпсіздікті жатқызды. Туынды қажеттіліктерге әділеттілікті, аман-есендікті, тәртіп сақтауды жатқызды.

АҚШ-ғы әлеуметтанымдық зерттеулердің әдістемесінде бихевиоризм (ағылшынша behaviour – мінез-құлық) кең өріс алды. Оның негізін салушы Э.Торндайк, Д.Б.Уотсон, Б.Скиннер еді. Осыған сәйкес әлеуметтанудың зерттейтін пәні – адамның мінез-құлығы.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.- II Т. - Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.

6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.-144 б.
7. Шөптібаева Г. Әлеуметтану тарихы.-Алматы, 2008.-200 б.
8. История социологии в памятниках. Э. Дюркгейм. Социология: ее предмет, метод, предназначение.- Москва, 1995.
9. Бачинин В.А., Саидулов Ю.А. История Западной социологии.-СП.б, 2002.
10. Капитонов Э.А. История и теория социологии.-Москва, 2002.
11. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
12. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### 2 тақырып бойынша семинар сұрақтары

1. О.Конт – әлеуметтану ғылымының негізін қалаушы.
2. Г.Спенсердің әлеуметтану жөніндегі ілімдері.
3. Э.Дюркгеймнің әдіс (метод) туралы ілімі.
4. М.Вебердің «түсінісу әлеуметтануы».
5. К.Маркс және Ф.Энгельстің қоғам туралы материалистік ілімінің негізгі принциптері.
6. АҚШ-та әлеуметтанудың дамуы.

### 2 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)

1. О.Конттың танымның үш тарихи кезеңіне сипаттама беріңіз (№2.1. сурет).  
№2.1. сурет.

Діни-мифологиялық  
кезең

Философиялық-  
Этикалық кезең

Рационалдық (позитивтік)  
немесе ғылыми кезең

2. Сол жақта әлеуметтану классиктерінің аттарын, ал оң жақта олардың шығармаларын көрсетіңіз.

№	Автор	Шығарма
1	О.Конт	«Позитивтік философия курсы»
2	М.Вебер	«Қоғамдық нәбектің бөлінуі. Әлеуметтану әдісі»
3	Э.Дюркгейм	«Протестанттық этика мен капитализм рухы»
4	К.Маркс	«Капитал»

3. Төмендегі әлеуметтанымдық теориялардың авторларын көрсетіңіз

№	Теориялар	Маркс	Конт	Вебер	Сорокин	Дюрк Гейм	Спен Сер	Мертон
1.	Стратификация мен							

	мобильділік							
2.	Позитивизм							
3.	Эволюционизм							
4.	Қоғамдық-экономикалық формациялар							
5.	Жүйелік-функционализм							
6.	Аномия							
7.	Әлеуметтік іс-әрекет							

### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. О.Конт әлеуметтануы.
2. Ежелгі Дәуірдегі әлеуметтанымдық ойлар.
3. Э.Дюркгейм әлеуметтануы.
4. АҚШ әлеуметтануы.
5. М.Вебердің «әлеуметтік іс-әрекет» теориясы.
6. Марксизм әлеуметтануы.
7. Әлеуметтанудағы психоаналитикалық бағыт.

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

#### 1. Классик-әлеуметтанушылардың ғылыми еңбектерінің сәйкестігін анықтаңыз:

{бірінші бағана атауы }= Ғылыми еңбектердің атаулары

- 1) Суицид
- 2) Капитал
- 3) Позитивтік философия курсы
- 4) Протестантық этика және капитализм рухы

{екінші бағана атауы }=Еңбектің авторлары

1. К.Маркс
2. Э.Дюркгейм
3. О.Конт
4. М.Вебер

{Дұрыс жауабы}=1-2; 2-1; 3-3; 4-4

#### 2. О.Конттың қоғамды төмендегідей бөлу сатыларына қарай, оның басты ерекшеліктерін сәйкестікке келтіріңіз:

- 1) теологиялық
  - 2) метафизикалық
  - 3) позитивистік
- {жауап нұсқаларының саны}=9

1. діни дүниетаным
2. математика
3. пантеизм



4. абстракциялық мәндер
5. аскеттік көзқарас
6. суицидтік көзқарас
7. эволюциялық көзқарас
8. позитивизм
9. социологизм

{Дұрыс жауабы}=1-1; 2-4; 3-8

**3. Көрсетілген концепцияларды О.Конттың, Г.Спенсердің позицияларына қарай орналастырыңыз:**

- 1) О.Конт
- 2) Г.Спенсер

{салыстыру жауптарының саны}=3

1. статикалық
2. метафизикалық
3. натуралистік

{Дұрыс жауабы}= 1-1; 2-1; 3-2

**4. Көрсетілген жағдайларды көрнекті әлеуметтанушы-ғалым Э.Мэйо және У.Ф. Тейлордың іс-шаралары мен тұжырымдарына қарай сәйкестендіріңіз:**

- 1) Э.Мэйо
- 2) У.Ф.Тейлор

{салыстыру жауптарының саны}=3

1. өндірістегі адами факторларды анықтады
2. хронометраж әдісін енгізді
3. Хоторн қаласы шеңберінде эксперимент жүргізді

{Дұрыс жауабы}= 1-1; 2-2; 3-1

**5. Әлеуметтануда географиялық детерминизм концепциясын жасаған:**

- A) Ж.Ж.Руссо
- B) О.Конт
- C) Ш.Монтескье
- D) Д.Юм
- E) М.Вебер

{Дұрыс жауабы}= C

### 3 ТАҚЫРЫП. ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ (2 кезең)

#### Дәріс мазмұны:

1. XX ғасырдың бірінші жартысындағы әлеуметтанудағы эмпиризм мен әлеуметтанымдық теориялар.
2. XX ғасырдың 70-шы жылдарынан 2000-жылдар кезеңіндегі әлеуметтанымдық теориялар мен негізгі ағымдар.
3. Қазақ ойшылдарының – Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың әлеуметтанымдық көзқарастары.

#### Дәріс мазмұны:

1. Эмпирикалық әлеуметтанудың негізін салушылары – Уильям Томас (1863-1947) пен Флориан Знанецкий (1882-1958) болды. Олар тұңғыш рет нақты материалдар, жеке құжаттар, өмірбаяндар, интервью, сауалнамалар, бақылаулар негізінде толық талдау өткізіп, сандық әдісті қолданды. Бұл олардың «Еуропа мен Азиядағы поляк шаруасы» (1818-1920) еңбегінде баяндалды. Оқымыстылар әлеуметтануда эмпирикалық мәліметтерден шығатын адам коэффициентін ескеру қажеттігін көрсетті.

У. Томас пен Ф. Знанецкий «Европа мен Америкадағы поляк шаруасы» атты бес томдық еңбектерінде материалдарды іріктеу, орналастыру жүйесі арқылы индивид психикасының, оның көзқарасының рөлін, сондай-ақ әлеуметтік ортаның өзгеруімен байланысты олардың эволюциясын дәлелдеді. Осылайша «әлеуметтік мінез-құлықтың тұрақты үлгісі» тұжырымдамасы жасалды. Ол АҚШ-та қылмыс, нашақорлық, ішімдікке салыну сияқты құбылыстарды түсіндіру үшін кеңінен қолданылады.

2. Әлеуметтану дамуының жаңа кезеңі: біріншіден, эмпирикалық әлеуметтанудың қалыптасуымен және дамуымен (XX ғ. 20-40 ж.), екіншіден, жаңа бағыт пен теорияның дамуымен (XX ғ. 40-60 ж.), үшіншіден, эмпирикалық және теориялық әлеуметтануды белгілі дәрежеде ұштастырумен байланысты болды (XX ғ. 70 ж. бастап біздің уақытымызға дейін).

XX ғасырдағы әлеуметтанымдық прогрестің даму тенденциясының бірі – эмпиризмнің дамуы. Эмпирикалық әлеуметтану деп нақтылы әлеуметтік факторларды жинаумен және қорытуымен байланысты зерттеуді және арнаулы сұрау, әлеуметтанымдық бақылау, эксперимент тәсілдерін пайдалануды түсінеміз. Мұндай зерттеулер XX ғасырдың 20-30 жылдарында АҚШ-та, содан кейін басқа елдерде жүргізіле бастады. Эмпирикалық әлеуметтану әлеуметтік статистикасыз дами алмайды. Оның негізін XIX ғасырда франко-бельгия ғалымы Адольф Кетле мен ағылшын зерттеушісі және кәсіпкер Чарльз Буту қалады.

Эмпирикалық және теориялық әлеуметтануды ұштастыра отырып дамыту идеясы Роберт Мертонның (1910-2003) еңбектерінде («Әлеуметтік

теория мен әлеуметтік құрылым») және функционалдық қорыту теориясында негізгі орын алды.

Белгілі орыс-американ әлеуметтанушысы Питирим Сорокин (1889-1968) Ресейде 1922 жылға дейін тұрды, одан кейін Батысқа кетуге мәжбүр болды. Америкада жұмыс істей жүріп, ол әйгілі «әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобильділік» теориясын қалыптастырды.

XX ғасыр әлеуметтануының екінші кезеңі белгілі америка әлеуметтанушысы Толкотт Парсонстың (1902-1979) ғылыми жұмыстарымен сипатталады. Ол «әлеуметтік әрекет» теориясын жасады.

Әлеуметтанудың XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап осы мерзімге дейін ұштасып келе жатқан жаңа кезеңі басталды. Бұл кезең, біріншіден, ғылымның пәнін түсінумен, екіншіден, макро- және микро, теориялық және эмпирикалық әлеуметтанудың байланысын ашуымен сипатталады.

Әлеуметтану ғылымы туралы маңызды еңбек жазған америка әлеуметтанушысы Н.Смелзер және ағылшын әлеуметтанушысы Э.Гидденс әлеуметтану туралы «тұтас алғанда қоғам әлеуметтік құрылым және салалар туралы ілім» деген нақтылы анықтама берді.

Смелзер қоғамды тірі организммен теңейді, әлеуметтік институттар әлеуметтік организмдегі қалыпты «физиологиялық» процестерді жақтаушы арнаулы органдар деп қарастырған.

XX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап бұрынғы Одақта «Әлеуметтану» пәні оқытыла бастады, факультеттер, орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Белгілі Ресей әлеуметтанушылары қалыптасты. Олар – Г.Осипов, А.Харчев, В.Ядов, Ю.Леваде, Ж.Тощенко, Т.Заславская, Л.Коган, А.Радугин т.б.

**3.** Қазақстанда саяси әлеуметтік ой-пікірдің қалыптасуына Ш. Уалихановтің, Ы.Алтынсаринның, А.Құнанбаевтың әлеуметтік-саяси көзқарастары жатады.

Ш.Уалиханов қоғамда жүргізілген өзгерістер адам мүддесіне қажет екендігін атап көрсетті. Өз тұсында қоғамда әлеуметтік таптар мен топтар арасында келіспес қарама-қарсылықтың бар екенін түсінді. «Бүкіл ұлттың мүддесі, – деді Шоқан, – қатаң әділеттілікке жүгінгенде жеке қоғамның пайдасынан жоғары болуы керек». Ол ислам дінін қазақ қоғамының дамуына кедергі екенін айтты. Шоқанның қоғамдық көзқарастары «Баянауыл округі туралы», «Сот реформасы жайындағы хат» т.б. еңбектерінде тұжырымдалған.

Ыбырай Қазақ қоғамында кәсіби білімнің негізін қалап, бірнеше кәсіби мектептер ашты. Ол қазақ даласындағы әділетсіздікті, заңсыздықты тек қана білім арқылы жеңе алатындығын айтты. Қазақ халқын отырықшылыққа шақырып, оның қазақ қоғамына прогресс әкелетеніне сенді.

Абай өзінің қоғамдық көзқарасында дүниенің объективтік заңдылығын мойындап, оны қара сөздерінде жан-жақты дәлелдеді. Абай қазақ қоғамының прогрессивті дамуының себебі – адамның моральдық

жақтарының күштілігінде деп көрсетіп, өзінің «Адам бол!» принципінде адам бойындағы адал қасиеттерге сипаттама берді. Оларға мыналарды жатқызды: «талап, еңбек, терең ой, қанағат рахым ойлап қой, бес асыл іс көнсеңіз».

### Әдебиеттер тізімі

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану II Т. - Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Шөптібаева Г. Әлеуметтану тарихы.-Алматы, 2008.-200 б.
8. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
9. История социологии в памятниках. Э. Дюркгейм. Социология: ее предмет, метод, предназначение.- Москва, 1995.
10. Бачинин В.А., Саидулов Ю.А. История Западной социологии.-СП.б, 2002.
11. Капитонов Э.А. История и теория социологии.-Москва, 2002.
12. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
13. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### 3 тақырып бойынша семинар сұрақтары

6. XX ғасырдың бірінші жартысындағы әлеуметтанудағы эмпиризм мен әлеуметтанымдық теориялар.
7. XX ғасырдың 70-шы жылдарынан 2000-жылдар кезеңдегі әлеуметтанымдық теориялар мен негізгі ағымдар.
8. Қазақ ойшылдарының Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың әлеуметтанымдық көзқарастары.

### 3 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)

1. Сол жақта әлеуметтану ғалымдарының аттары, ал оң жақта олардың шығармаларын көрсетіңіз.

№	Автор	Шығарма
1	У.Томас Ф.Знанецкий	«Европа мен Америкадағы поляк шаруасы»
2	Роберт Мертон	«Қара сөздер»

3	П.Сорокин	«Әлеуметтік теория мен әлеуметтік жүйе»
4	А.Құнанбаев	«Адам. Өркениет. Қоғам»

2. Кестені пайдаланып Т.Парсонстың әлеуметтік жүйесіне сипаттама беріңіз (кесте №. 3.1.).

№3.1. кесте.

<i>Қызмет</i>	<i>Жүйе</i>	<i>Әлеуметтік институттар</i>	<i>Нормалар мен рөлдерді орындаушылар</i>
1. Бейімделу	Экономика	Заводтар, банкілер, дүкендер	Кәсіпкер – жұмысқа алатын адам
2. Бағдар Мақсаты	Саясат	Партиялар мен саяси қозғалыстар	Функционер – қарапайым өкіл
3. Интеграция	Әлеуметтік бақылау институттары	Мемлекеттік аппарат	Шенеунік – Азамат
4.Өмір сүру Үлгісі	Әлеуметтену	Отбасы, мектеп, дін	Оқытушы– оқушы

### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Т.Парсонс әлеуметтануы. Құрылымдық-функционалдық теориясының ерекшелігі.
2. Э.Берджес әлеуметтануы.
3. Д.Мид әлеуметтануы.
4. Р.Дарендорф әлеуметтануы. Жанжалдар теориясының маңызы.
5. А.Щюц әлеуметтануы. Оның феноменалды эксперименттері.
6. Әлихан Бөкейханов – Алаш партиясының басшысы.

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

#### 1. П.Сорокиннің түсінігінше, әлеуметтану – ол:

- А) қоғамда өмір сүретін адамдардың әрекеті мен тіршілігін және сол бірлескен әрекеттің нәтижесін зерттейтін ғылым
- В) адам әрекетінің психологиялық мотивтерін зерттейтін ғылым
- С) өз әрекетіне мән беретін адам мінезін зерттейтін ғылым
- Д) адамдардың бір-біріне еліктеуін зерттейтін ғылым
- Е) нақты жеке адамның әрекеті арқылы көрінетін әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттейтін ғылым

{Дұрыс жауабы}=А

#### 2. Сорокин әлеуметтануы қоғамды қай тұрғыдан қарастырады?

- А) еліктеу, құрылымы, дамуы
- В) сезім, эмоция, қалау, қажеттілік
- С) құрылымы, құрамы, тіршілігі, қалыптасуы мен дамуы
- Д) мінез үлгілері, моральдық шындық, рухани құндылықтар

Е) құраушы бөліктердің өзара ықпалының негізінде дамитын организм  
{Дұрыс жауабы}= С

**3. Сорокиннің түсінігінше, төмендегі жағдай қоғамды эволюциялық жолмен реформалаудың каноны болып табылады:**

- А) байыпты ақылмен жасалынатын реформа
  - В) нақты әлеуметтік жағдайды ғылыми зерттеу
  - С) әлеуметтік ұғымдар мен қоғамды нығайту
  - Д) әлеуметтік психологияны жетілдіру
  - Е) жастарды альтруистік тұрғыда тәрбиелеу
- {Дұрыс жауабы}= В

**4. Сорокиннің пікірінше, теориялық әлеуметтану мынаны зерттейді:**

- А) әрекет және өзара әрекет заңдылықтарын
  - В) тәжірибеге қатысты өзекті мәселелерді
  - С) мәндік тұрғыдағы адамдардың өзара ықпалын
  - Д) қоғамның құрылымдық элементін
  - Е) адамдардың тіршілігін
- {Дұрыс жауабы}= С

**5. Сорокиннің пікірінше, практикалық әлеуметтану төмендегі мәселені қамтиды:**

- А) әлеуметтік саясатты
  - В) әлеуметтік экономиканы
  - С) әлеуметтік теорияны
  - Д) әлеуметтік заңдарды
  - Е) әлеуметтік механиканы
- {Дұрыс жауабы}= А

## 4 ТАҚЫРЫП. ҚОҒАМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮЙЕ РЕТІНДЕ

### Дәріс жоспары:

1. Қоғамға деген әлеуметтанымдық көзқарас.
2. Қоғам әлеуметтік детерминизм мен функционализм тұрғысынан.
3. Қоғамның құрамдас элементтері.
4. Қоғамның жүйелік ұғымдары мен принциптері. Әлеуметтік жүйе.
5. Әлеуметтік байланыс, әлеуметтік қарым-қатынастар, әлеуметтік үрдіс туралы жалпы түсінік.

### Дәріс мазмұны:

1. «Қоғам» деген ұғымға әртүрлі анықтама беріледі. Э.Дюркгеймнің пікірінше, қоғам – жеке тұлғаға үстем болатын рухани ақиқат. К. Маркс болса, қоғамды адамдар арасында тарихи тұрғыда дамитын қарым-қатынас деп қарастырады, М.Вебер – адамдардың өзара әрекеті, Т.Парсонс – адамдар арасындағы қатынастар жүйесі, ұлттық шығу тегінің бір болуы деген.

Қоғам ежелгі дүниеде мемлекеттен бұрын пайда болды. Әлеуметтану ғылымында қоғам ретінде адамдардың ортақ мекен-жайы, өзін-өзі толықтыру, өзін-өзі қамтамасыз ету сияқтылармен сипатталатын адамдардың бірлестігі түсіндіріледі.

Әлеуметтану тұрғысынан қоғамға анықытама беретін болсақ, онда қоғам дегеніміз адамдардың өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында олардың өзара байланыс пен өзара әрекетінің қалыптасқан формаларының тарихи бірлестігі және тұрақтылығы мен тұтастығы, өзін-өзі өндірумен, өзін-өзі толықтырумен, өзін-өзі реттеумен және өзін-өзі дамытумен сипатталатын, адамдардың өзара байланысы мен өзара әрекетінің негізі болатын ерекше әлеуметтік нормалар мен құндылықтар пайда болып, мәдениет деңгейі жоғары болатын бірлестік.

2. Қоғамды жүйелілік деңгейде қарастыруда детерминистік және функционалдық көзқарастар маңызды рөл атқарады. Детерминистік тұрғыдан қарастыру марксизмде анық байқалады. Марксизмде жүйелер суммативті, органикалық және тұтас болып бөлінеді. Бұл ілім бойынша қоғам тұтас жүйе ретінде төмендегідей жүйешелер тұрады: экономикалық, әлеуметтік, саяси және идеологиялық. Бұлардың әрқайсысын өзін жеке-жеке жүйе ретінде қарастыруға болады. Қоғамдық жүйеде жаңа функцияларды қалыптастыру еңбек бөлінісі негізінде іске асады.

Функционализм идеясы – көбінесе англо-американ әлеуметтанушыларына тиесілі. Функционализмнің негізгі ережелерін ағылшын әлеуметтанушысы Г.Спенсер (1820-1903) өзінің үш томдық «Әлеуметтану негіздері» еңбегінде баяндаса, оны американдық әлеуметтанушылар А.Радклиф-Браун, Т.Парсонс дамыта түсті. Функционализм эмпирикалық ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылды.

3. Қоғамның құрамдас элементтеріне адамдар, әлеуметтік байланыстар мен әрекеттер нормалар мен ұйымдар, әлеуметтік топтар

және қатынастар, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, әлеуметтік топтар, қауымдастықтар, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар т.б. жататынын айтуға болады. Бұлардың әрқайсысы бір-бірімен өзара байланысты болып, қоғамда ерекше орын алады. Сондықтан әлеуметтанудың міндеті – қоғам құрылымын анықтау оның ең маңызды элементтеріне ғылыми сұрыптау жасау, олардың өзара байланыстары мен өзара әрекетін анықтау, әлеуметтік жүйе ретіндегі қоғамдағы олардың орны мен рөлін зерттеу. Түптеп келгенде, әлеуметтік құрылым қоғамның жүйе ретіндегі тұрақтылығын анықтайды. Өйткені қоғам индивидтердің қарапайым жиынтығы, олардың өзара байланысы мен әрекеттері және қатынастары ғана емес, керісінше, ол тұтас жүйе, мұндай жиынтық жаңа интегралды, жүйелік жеке заңдар бойынша өмір сүретін және дамитын әлеуметтік организм.

4. Қоғамның жүйелілігін көрсететін ұғымдар мен негізгі принциптері бар. Оларды жете түсіну үшін ең алдымен жүйе, құрылым ұғымдарын сараптап, білу қажет.

Жүйе деп өзара бір-бірімен байланыста болатын және тұрақтылықты құрайтын тәртіптелген элементтердің жиынтығын айтады. Құрылым – бұл жүйенің ретке келтірілуі, ұймдастырылуы. Бұл, дәлірек айтқанда, жүйе элементтерінің арасындағы байланыстар мен өзара әрекеттердің тәсілі.

Әлеуметтік жүйе – тұтастықты құрастыратын негіз болып табылады, оның негізгі элементтеріне адамдар, олардың арасындағы байланыстар, әрекеттер мен қатынастар жатады. Бұл байланыстар мен өзара әрекеттер және қатынастар тұрақты сипат алады, тарихи үрдіс барысында ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Сондықтан әлеуметтік жүйе қоғамдық тіршілік иесі ретінде адамның, адамдардың әрекет ету саласының жемісі болып табылады.

5. Әлеуметтік байланыс – бұл фактілер жиынтығы, белгілі бір қоғамда болатын адамдардың ұйымдасқан еңбегі.

Әлеуметтік қарым-қатынастар – бұл жеке адамдар мен әлеуметтік топтар арасындағы белгілі дәрежеде және өз бетінше болатын байланыс. Әлеуметтік қатынастар – жеке адамдар мен әлеуметтік топтарда болатын тұрақты және өз алдына жеке байланыс. Демек, қоғам көптеп саналатын индивидтерден, олардың арасындағы әлеуметтік байланыстардан, өзара қимыл-әрекеттерден және қатынастардан құралады.

Әлеуметтік үрдіс – кез-келген әлеуметтік объектінің, әлеуметтік жүйеленген элементтердің дәйекті түрде ауысып тұратын қозғалысы немесе күйі. Әлеуметтік үрдіс мынадай белгілермен сипатталады: әлеуметтік үрдістің құрамды бөлшектерінің өзара әрекет ету белгісі, объектінің жағдайға сәйкес бағытталуы, мерзімдік белгісі.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.



2. Әбсәттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.- II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)


#### **4 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Әлеуметтанудағы «Қоғам» мен «жүйе» ұғымдары. Экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани сияқты басты қоғамдық өмір жүйесінің сипаттамасы.
2. Қоғамның басты категориялары: «әлеуметтік бірлік», «әлеуметтік құрылым», «әлеуметтік институт», «мәдениет».
3. Э. Дюркгейм бойынша қоғамның басты түрлері (жай және күрделі).
4. Әлеуметтік-экономикалық формациялар. Капитализм мен социализм.
5. Қоғам дамуының үш сатысы (Д.Белл, У.Ростов, Р.Арон) – индустриалдыға дейін, индустриалды, постиндустриалды қоғамдар.
6. Модернизация ұғымы. Қоғамдағы прогресс пен регресс. Эволюция, революция мен реформалар.

#### **4 СӨЖ тапсырмасы: Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде (жазбаша)**

1. Э. Дюркгейм бойынша жай және күрделі қоғамдарына сипаттама беріңіз (сурет №4.1.)

№4.1. сурет.



2. Көрсетілген сипаттардың қай қоғамның түріне жататындарын көрсетіңіз

№	Сипаттары	Дәстүрлі	Индустриалды	Постиндустриалды
1	Кәсіптік үрдістердің Механизациялануы			
2	Дін қоғамда басты рөлді Атқарады			
3	Компьютерлік техниканың жаппай көбеюі			

4	Қол еңбегі мен жай техникаға негізделген табиғи шаруашылық			
5	Экономиканың басты саласы – қызмет көрсету			
6	Ең басты мәселе – халықты тамақпен қамтамасыз ету			
7	Ең басты құндылық – ақша			
8	Білім, ғылым, ақпараттың басты рөл атқаруы			
9	Қатынастың негізгі түрі – ауызекі сөз			

### **Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары**

1. Экономика мен билік: әлеуметтік аспект.
2. Дәстүрлі және қазіргі қазақ қоғамы.
3. Бұқара квазитоп ретінде.
4. Индустриалды және постиндустриалды қоғам.
5. Маргиналдар мен маргиналдылық.

### **Тақырыпты қорытындылайтын тестілер**

#### **1. Төменде көрсетілген талдау жүйесінің қоғамға қатысты түрлерін іріктеңіз:**

- 1) астрофизикалық талдау
- 2) биофизикалық талдау
- 3) аналиталық талдау
- 4) механикалық талдау
- 5) математикалық
- 6) динамикалық талдау

#### **2. Төмендегі берілгендерден қоғамға механикалық талдауға қатысты белгілерді іріктеңіз:**

- 1) қоғамға құрылымдық элементтерінің қызметі тұрғысынан талдау жасау
  - 2) қызметтің даму тенденциясы тұрғысынан қарастыру
  - 3) олардың әлеуметтік интеграциялық механизмдерін қарастыру
  - 4) механикалық талдау
  - 5) математикалық
  - 6) динамикалық талдау
  - 7) социометриялық
- {Дұрыс жауабы}=1, 2, 3

#### **3. Төменде берілген концепциялардан қоғам ұғымына қатыстыларын іріктеп алыңыз:**

- 1) теологиялық
- 2) атомистік
- 3) метафизикалық
- 4) әлеуметтік топ концепциясы

- 5) географиялық детерминизм
- 6) институционалдық концепция
- 7) биологиялық детерминизм
- 8) технократиялық детерминизм

{Дұрыс жауабы}=2, 4, 6

**4. Адамдарды қоғамға біріктіретін негіздер туралы көзқарастарды сәйкестікке келтіріңіз:**

{бірінші бағана атауы}= Адамдарды қоғамға біріктіретін негіздер

- 1) ортақ көзқарас, сезім, діни-наным сенімдер
- 2) әлеуметтік іс-әрекет
- 3) ортақ нормалар мен құндылықтар
- 4) қоғамдық еңбек

{екінші бағана атауы}=Бағыт өкілдері

- 1. Э. Дюркгейм
- 2. М. Вебер
- 3. Т. Парсонс
- 4. К. Маркс

{Дұрыс жауабы}=1-1; 2-2; 3-3; 4-4

- 7) социометриялық

{Дұрыс жауабы}=3, 4, 6

**5. Қоғамның әлеуметтік құрылымын кішіден үлкенге қарай орналыстырыңыз:**

- 1) қоғам
- 2) топ
- 3) тап

{Дұрыс жауабы}=1-2; 2-3; 3-1

## 5 ТАҚЫРЫП. ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

### Дәріс жоспары:

1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы туралы түсінік.
2. Әлеуметтік құрылым ұғымы.
3. Әлеуметтік стратификация. М.Вебер, Г.Моска, Р.Дарендорф, В.Парето, П.Сорокинның стратификациялық теориялары.
4. Әлеуметтік мобильділік ұғымы.
5. Қазіргі қоғамның әлеуметтік құрылымы дамуының мәселелері.
6. Әлеуметтік жанжал ұғымы.

### Дәріс мазмұны:

1. Қоғамның әлеуметтік құрылымы деген ұғымды негізінен мынадай мағыналарда пайдаланады. Жалпы мағынада әлеуметтік құрылым – бұл қоғамның құрылымы, оның барлық негізгі элементтерінің арасында болатын байланыс жүйесі. Мұндай көзқарастағы әлеуметтік құрылым әлеуметтік құрылғылардың арасында болатын барлық қатынастарға мінездеме береді. Ал қысқаша мағынада, «қоғамның әлеуметтік құрылымы» ұғымы көбінесе әлеуметтік-таптық және әлеуметті-топтық құрылғыларға қатысты қолданылады. Бұл мағынада әлеуметтік құрылым – өзара байланыста және өзара қатынаста болатын әлеуметтік топтардың жиынтығы.

2. Әлеуметтік құрылым – әлеуметтік жүйедегі элементтердің тұрақты байланысы. Ол элементтер – белгілі мәртебесі бар және белгілі рөл атқаратын жеке адам, ал осы жеке адамдар мәртебелік белгілеріне сәйкес топқа бірігеді: әлеуметтік, аумақтық, этникалық, ұлттық, демографиялық, таптық, топтық т.б. Осы әлеуметтік құрылымның әрбір элементі өз тарапынан өзінің байланыстарына, қызметіне қарай күрделі элементтік жүйе құрайды. Қоғамның әлеуметтік жүйесінің элементтері біртектес емес. Кейбіреулері табиғи, кейбіреулері жасанды т.б.

3. Әлеуметтік стратификация – әлеуметтанудың маңызды тақырыбы. Ол қоғамдағы теңсіздікті баяндайды.

Таптық құрылымның тұжырымдамасын Макс Вебер дамытты, ол «тап» санатын айқындау кезінде көп ретте К.Марскпен келісті, меншіктің рөлін және капитализмдегі теңсіздікті мойындады. Маркстен айырмашылығы, Вебер ресурстарды бөлу жөніндегі дауды шешілмейтін нәрсе деп санады.

Вебер істің барлығы да байлықта екенін сезді. Ол теңсіздіктің екінші компонентін анықтады: адамдар тобы тең емес мөлшерде құрмет пен қадірге ие және беделдері де бірдей емес. Ол мәртебелік топтар ұғымын енгізді. Байлық маңызды рөл атқарады, бірақ беделдің де маңызы аз емес (кәсіпті құрметтеу, оның қоғам үшін маңыздылығы мағынасында) мафияның басшысы бай, бірақ әлеуметтік беделі төмен (өзінің аздаған тобын қоспағанда, мысалы, кірісі батыстық өлшем бойынша көп емес және

жылына 40 мың доллардан аспайтын колледж профессорының беделімен салыстырғанда).

Вебер стратификациясының байлық пен беделден басқа үшінші факторын көрсетті. Әңгіме саяси сипаты бар билік туралы болып отыр. Тіпті басқа адамдар мен топтар тарапынан қарсылыққа қарамастан, адамның немесе топтың жоспарын іске асыруға, іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір саясат жүргізуге қабілеттілігі түсіндіріледі. Вебер қоғамдағы билік жүйесін қалыптастырудағы жалпы мүдделері біріктірілген саяси партиялар мен топтардың маңызды екенін ескерді. Осы үш фактордың барлығы да жиі, бірақ әрқашанда өзара әрекет жасамайды.

Г.Москаның, Р.Дарендорфтың, В.Паретоның тұжырымдамаларында таптың санаттары билікке қатысты айқындалады. Олар билігі бар (басқарушылар тобы) және билігі жоқ (басқарылатын топ) деп бөлуді ұсынды. Біріншісі, әдеттегідей көп емес, барлық саяси функцияларды жүзеге асырады, билікті монополизациялайды және оған тиесілі артықшылықтарды пайдаланады, сонымен қатар екінші ретінде, саны көп, бірінші топ азды-көпті заңды түрде қоғамды басқарады және реттейді, оған саяси организмнің өмір сүруіне қажетті материалдық қолдау құралдары көмектеседі.

Қоғамның біртекті еместігі, оның әр түрлі топтарға объективті бөлінуі Питирим Сорокиннің «әлеуметтік стратификация және әлеуметтік мобильділік» туралы теориясында өз көрінісін тапты. Осы теорияға сәйкес, барлық қоғам әр түрлі топтар – страттарға бөлінеді, олардың өзара кіріс деңгейі, қызмет түрлері, саяси көзқарастары, мәдени бағдарлары бойынша айырмашылығы болады. Ол бірнеше негізгі белгілерді ажыратты: экономикалық (кедей-бай), кәсіби (беделді-беделсіз), саяси (іс-қимылының билік жасайтын-бағынышты). Осы белгілер өзара тікелей әрекет жасайды.

Адам кәсібін немесе қызмет түрін, өзінің экономикалық жағдайын немесе саяси көзқарасын өзгерте отырып, бір әлеуметтік топтан екіншісіне өтеді. Бұл процесс әлеуметтік мобильділік деген атқа ие болды. Сорокин әлеуметтік мобильділіктің көлденең және тік болып бөлінетіндігі туралы айтады.

Көлденең жылжу – адамның тұтас алғанда әлеуметтік стратификацияның сол деңгейінде қала тұра, бір әлеуметтік топтан екіншісіне өтуін білдіреді.

Тік жылжу – бұл адамның бір әлеуметтік топтан екіншісіне иерархиялық тәртіппен, мысалы, қоғамның төменгі тобынан аса жоғары немесе керісінше – жоғары топтан төменгісіне өтуі.

Атап атқанда, адамдардың “кірістері айырмашылығында, өмір сүру деңгейінде, халықтың бай және кедей топтарының болуымен көрінетін экономикалық теңсіздік тік жылжудың объективті жағы ретінде көрінеді.

**6. Әлеуметтік жанжал** – қоғамдағы қайшылықтар дамуының ең жоғарғы сатысы, ол әлеуметтік қауым және индивидтер мүдделерінің қарама-қарсы тенденцияларының үдеуімен сипатталады. Әлеуметтік жанжал түрлері, интенсивтілігі мен оның шиеленісуі және дамуы

экономикалық, саяси, идеологиялық факторларға тәуелді. Бұқара халықтың қоғамның даму заңдарын түсінуі мен бостандығының даму дәрежесімен тығыз байланысты. Әлеуметтік жанжал теориясын жасағандардың бірі Ральф Дарендорф болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.-II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Радаев В.В., Шкаратан О.И. Социальная стратификация. Москва, 1996.
9. Смелзер Н. Неравенство, стратификация, класс // Социология. Москва, 1994.
10. П.Сорокин П.А. Учение о строении общества // Общедоступный учебник социологии. Статьи разных лет. Москва, 1994. С.16-69.
11. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **5 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Әлеуметтік құрылым ұғымы. Оның түрлері: әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-кәсіби, әлеуметтік-таптық, әлеуметтік-территориалдық.
2. Әлеуметтік құрылымның элементтері: таптар, топтар, жіктер, этникалық бірліктер, отбасы, еңбек ұйымдары, маргиналдық әлеуметтік топтар.
3. «Статус», «әлеуметтік рөл», «ранг», «бедел», «әлеуметтік позиция», «страта» ұғымдары.
4. Әлеуметтік стратификация мен әлеуметтік мобильділік теориялары.
5. П.Сорокиннің «Әлеуметтік стратификация мен әлеуметтік мобильділік теориясы». П.Сорокин бойынша әлеуметтік мобильділік каналдары.
6. Әлеуметтік жанжал ұғымы. Р.Дарендорфтың әлеуметтік жанжал теориясы.

### **5 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. Қазақстандағы стратификациялық жүйені таптардың проценттік қатынасы арқылы көрсетіңіз және оларға кіретін әлеуметтік топтарға сипаттама беріңіз. Мысалы, жоғары класқа саяси элита, шығармашылық элита, белгілі бизнесмендер жатады т.с.с. Орташа, жұмысшы, төменгі кластарға кімдер жатады? Олар қанша процент құрайды?

## **Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары**

1. Стратификацияның басты типтері мен жүйелері.
2. Функционалистік теориялар (К.Дэвис, У.Мур, Т.Парсонс, Р.Мертон).
3. Таптық теория (К.Маркс пен неомарксистер).
4. Тап және статус (М.Вебер и неовебериандықтар).

## **Тақырыпты қорытындылайтын тестілер**

### **1. Берілген жағдайларды вертикальды және горизонтальды мобильділік заңдылығы бойынша сәйкестендіріңіз:**

- 1) вертикальды
  - 2) горизонтальды
1. студенттің бір топтан екінші топқа ауысуы
  2. студенттің магистратураға түсуі
  3. Бердалиевтер отбасының Қызыл Қайрат ауылынан Ақбұлақ ауылына көшуі
  4. Орынбаев отбасының Алғабас ауылынан Шымкент қаласына көшуі  
{Дұрыс жауабы}= 1-2; 2-1; 3-2; 4-1

### **2. Төмендегі әлеуметтік мобильділікке байланысты қозғалыстардың арасынан тік жоғары топтық жылжуға қатысты жағдайларды іріктеңіз:**

- 1) басқарушы партияның сайлауда жеңілуі
- 2) оппозициялық партияның сайлауда жеңіске жетуі
- 3) «Мелиоратор» футбол командасының төменгі лигадан жоғарғы лигаға өтуі
- 4) Әлібектің басқа қалаға ауысып қоныстануы
- 5) жас өспірімдер театры ұжымының мемлекеттік сыйлық иегері атануы
- 6) Жомарттың студент болуы
- 7) «Қайрат» футбол командасы Чемпион лигасында ойнау құқығына ие болуы
- 8) Қазақстанда қазіргі кезде көптеген жеке меншік институттардың жабылуы
- 9) мекеменің жабылуына байланысты, қызметкерлердің жұмыссыз қалуы
- 10) факультетте 13 студенттің курсты қайта оқуға қалдырылуы
- 11) Асқардың отбасының Ақжар ауылынан Тараз қаласына көшіп қоныстануы  
{Дұрыс жауабы}=2; 3; 5; 7; 11

### **3. Төмендегі әлеуметтік мобильділікке байланысты қозғалыстардың арасынан тік жоғары жеке-дара жылжуға қатысты жағдайларды іріктеңіз:**

- 1) Н.Смаковтың «Астана» футбол командасынан «Челси» командасы құрамына өтуі
- 2) оппозициялық партияның сайлауда жеңіске жетуі
- 3) «Мелиоратор» футбол командасының төменгі лигадан жоғарғы лигаға өтуі
- 4) Әлібектің басқа қалаға ауысып қоныстануы

- 5) жас өспірімдер театры ұжымының мемлекеттік сыйлық иегері атануы
- 6) Жомарттың студент болуы
- 7) «Қайрат» футбол командасы Чемпион лигасында ойнау құқығына ие болуы
- 8) Қазақстанда қазіргі кезде көптеген жеке меншік институттардың жабылуы
- 9) мекеменің жабылуына байланысты, қызметкерлердің жұмыссыз қалуы
- 10) Илья Ильиннің 2012 Олимпиядасында чемпион атануы
- 11) Асқардың отбасының Ақжар ауылынан Тараз қаласына көшіп қоныстануы

{Дұрыс жауабы}=1; 4; 6; 10

#### **4. Төмендегі әлеуметтік ситуацияларды әлеуметтік мобильділік заңдылығының түрлеріне қарай сәйкестендіріңіз:**

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтік ситуациялар

- 1) Қасымбеков С.Е. завод директоры қызметінен босатылды
- 2) Атамуратов Б.О. аудандық әкімінен облыстық әкімнің бірінші орынбасары қызметіне ауыстырылды
- 3) Ахметов Ж.Ә. Астанадан Алматыға көшіп келді
- 4) «Экономика» мамандығының 2 курс студенттері № 125 бұйрық бойынша 3-ші курсқа көшірілді
- 5) Біздің факультет бойынша 5 студент оқудан шығарылды

{екінші бағана атауы}= Әлеуметтік мобильділік заңының түрлері

1. горизонтальды мобильділік
2. тік жоғары мобильділік
3. тік төмен мобильділік
4. топтық тік жоғары мобильділік
5. топтық тік төмен мобильділік

{Дұрыс жауабы}=1-3; 2-2; 3-1; 4-4; 5-5

#### **5. Төменде көрсетілген әлеуметтік статус түрлері тізбегінен адамның туа пайда болатын статусын іріктеп алыңыз:**

- 1) Марат – қырғыз
- 2) Мадинам – өзбек
- 3) Асқар – инженер
- 4) Әсия – қыз бала
- 5) Әсет – ер бала
- 6) Жамал апай – зейнеткер
- 7) Тоқтар – космонавт
- 8) Тоқаев – сенатор
- 9) Ротару – молдаванка
- 10) Гофман – еврей
- 11) Томас – негр

{Дұрыс жауабы}=1; 2; 4; 5; 9; 10; 11



## 6 ТАҚЫРЫП. ТҰЛҒА ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

### Дәріс жоспары:

1. Тұлға туралы жалпы түсінік. Тұлға – қоғамдық қатынастар субъектісі мен объектісі.
2. Индивид, даралық, жеке адам ұғымдары.
3. Тұлғаның биологиялық және психологиялық компоненттері.
4. Тұлғаның құрылымық компоненттері.
5. Тұлға туралы негізі әлеуметтанымдық теориялар. Әлеуметтік статус ұғымы.
6. Тұлғаның әлеуметтенуі.
7. Әлеуметтанудағы жеке тұлға типологиясын құндылық бағыттылығына байланысты бөлу теориялары.

### Дәріс мазмұны:

1. Тұлға әлеуметтік қарым-қатынастардың негізгі агенті болып табылады. Әлеуметтанымдық бағытта тұлға әлеуметті-типтік тұрғыдан қарастырылады. Әлеуметтанымдық теорияның негізгі мәселесі тұлғаның қалыптасу процесімен тікелей байланысып, тұлға мен қоғам арасындағы байланыс заңдылықтарын зерттейді, тұлға мен топтар, тұлғаның әлеуметтік тәртібін реттейді. Тұлға қоғамдық қатынастардың объектісі ретінде әлеуметтану ғылымында бір-бірімен байланыста болатын екі жүйеде қарастырылады – әлеуметтену мен идентификациялану.

Тұлға – қоғам мүшесі, әлеуметтік даралық санадағы адам, қоғамдық қатынастардың жиынтығын айқындайтын биоәлеуметтік өмір сүруі, әлеуметтік өмірде болатын құбылыстардың барлығын жинақтап, өз бойына сіңіріп алып жүрген адам. Тұлға және оның тәртібі, бағыты, эмоциясы және таңдауы бірнеше факторларға сәйкес анықталады: қоршаған орта, әлеуметтік байланыс жүйесіндегі жағдайы, тұлғаның ішкі ерекшелігі, оның рухани әлеуметтенуі. Адамның мәртебесіне сәйкес қалыптасқан тәртібін әлеуметтік рөл дейді. Қоғам қандай жағдайда болсын, тұлғаға әсер етеді, оның ішкі әлемінің ұмтылысына, тілегін қанағаттандыруда т.б.

2. Индивид – бұл әлде бір тұтастықтың өкілі ретіндегі жеке кісі (адамзатқа қатысты бір адам, белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі).

Жеке адам – мәні жағынан, әлеуметтік тіршілік ету әдісі жағынан дара адам. Даралық оның өзіндік әлемін айқындайды, өзіндік өмір жолын ерекшелейді. Сәби – жеке адам. Дегенмен, ол – әзірше дара тұлға емес.

3. Әрбір жеке адамның биологиялық және психологиялық сипаты болады. Олар сол адамның тәртібін ғана анықтайды, оған даралық қасиет береді. Жеке адам қоғамда өз болмысында біршама дербестік алғаннан кейін ғана дара тұлғаға айналады. Жеке адам әрқашанда қоғаммен тығыз байланыста болады. Сондықтан жеке адамның қоғамда өмір сүруі нәтижесінде бойына жинақтайтын сапалық қасиеті олардың өндірісте, қоғамдық еңбекте қалыптасқан күрделі қатынастарын анықтайды.

Белсенді, саналы іс-әрекет арқасында индивид (жеке адам) бірте-бірте жеке тұлғаға (личность) айналады. Адамның тұлға ретінде дамуына қажетті алғы шарттарының бірі – оның табиғи қабілеттері болып табылады. Бұл негізінен қызмет объектісі болып табылатын адам өмір сүріп отырған қоғамда іске асады.

**4.** Зерттеушілер жеке тұлға құрылымы төмендегідей компоненттерден тұратындығын көрсетеді:

Бірінші компонент – әр түрлі қасиеттер, өзара әсерлесетін қажеттіліктер мен мүдделер, идеялар, практикалық мақсаттар жүйесі енетін жеке тұлғаның бағыттылығы. Бұлардың ішінде біреуі жетекші мәнге ие, ал қалғандары тірек болу рөлін атқарады. Мысалы, танымдық қажеттіліктердің жетекші рөлге ие болуы интеллектуалды әрекеттердің белсенділігін арттырады.

Екінші компонент – табысқа жетуде жеке тұлғаның мүмкіндіктері, оның қабілеттері. Қабілеттер өзара байланысты және бір-біріне әсер етеді. Мысалы, А.С.Пушкин өзін тарихшы, талантты суретші ретінде көрсете білсе де, оның ақындық дарыны басым.

Үшінші компонент – мінез, яғни адамның әлеуметтік ортадағы мінез-құлығының стилі. Мінез – адамның рухани өмірінің мазмұны мен формасының бірлігінен тұратын күрделі синтетикалық білім беруі. Мінез жеке тұлғаны бүтіндей көрсете алмаса да, қасиеттер, бағыттылық пен еріктер, интеллектуалды және эмоционалды сапалар, темпераменттерден (мысалы, сангвиник, холерик, флегматик, меланхолик) көрінетін типологиялық ерекшеліктердің күрделі жүйесін білдіреді. Мінездер жүйесінен жетекші қасиеттерді де көруге болады. Оған, бірінші кезекте, моральдік (адамдарға деген қайырымдылық не рақымсыздық, айналасындағыларға деген жауапкершілік, қарапайымдылық т.б.) жатады, олар белгілі бір мінез-құлық стилі мен практикалық міндеттерді шешу тәсілдерін көрсетеді.

Басқаларына сүйенетін төртінші компонент, әдетте «Мен» ұғымын білдіретін басқару жүйесі болып табылады. «Мен» – жеке тұлғаның өзін тануы жөнінде білім беру, ол өз-өзіне бақылау жасау және әрекеттер мен қылықтарды реттеу, өмірді жоспарлау.

Жеке тұлғаның шындық өмірмен байланысы психикалық процестерді қамтамасыз етуі арқылы жүзеге асады. Ол арқылы жеке тұлғаның қасиеті қалыптасады. Қалыптасқан қасиеттер өз кезегінде процесс ағымына әсер етеді. Жеке тұлғаның психикалық құрылымы күрделі, көп қырлы және қозғалыста болады. Оның барлық компоненттері өзара байланысты және өзара шарттас.

**5.** Тұлға туралы негізгі теориялар американдық әлеуметтанушылар Дж.Мид, Р.Минтон, Р.Мертон және Т.Парсонс, сондай-ақ батыс әлеуметтанушысы Р.Дарендорфтың есімдерімен байланысты. Тұлғаның рөлдік теориясында оның әлеуметтік тәртібі екі ұғыммен байланысты: «әлеуметтік статус» және «әлеуметтік рөл». Әр адам әлеуметтік жүйеде әр

түрлі орын алады. Әр орынның өзіндік құқығы мен атқаратын қызметі болып, ол статус деп аталады.

Статус негізгі, алдын ала белгіленген, қабылданған, табиғи, профессионалды-қызметтік болып жіктеледі. Алғаш рет рөлдердің жүйеленуін Т.Парсонс ұсынған болатын. Оның ойынша, әр рөл бес түрлі негізгі қасиеттерге ие, олар: эмоциялық, алу негізінде, масштабтық, формальді, мотивациялық болып бөлінеді.

6. Тұлға негізінен отбасында қалыптасады. Одан әрі тұлғаның қалыптасуы отбасы – балабақша, отбасы – мектеп одақтарының ықпалымен өтеді. Тұлғаның қалыптасуына адамның (баланың) бос уақытын өткізетін ортасының, ол жүрген ұжымның әсері мол. Қоғам, әлеуметтік орта тұлғаның рөлдік тәртіпті орындау механизімін жеткілікті түрде иеленеді. Бірақ тұлға өзінің дербестігін сақтайды.

Әлеуметтендіру – қоғам және тұлғаның өміріндегі үлкен рөл атқаратын процесс, оған қоршаған ортаның әлеуметтік жағдайдың әсері өте мол. Әлеуметтендіру нәтижесінде адам организімі адамдық тұлғаға айналып, әлеуметтік статусқа ие болады.

Қазіргі әлеуметтанудағы жеке тұлға типологиясын құндылық бағыттылығына байланысты бөлу кеңінен тарауда.

Дәстүрлі бағыттағылар борыш, тәртіп, заң тыңдау, сол сияқты дербестік, тіл табысқыштық, өзін жүзеге асыру сияқты қасиетерді тұлғада неғұрлым төмен екендігін көрсетеді.

Идеалистер, керісінше, дәстүрлі нормаларға, тәуелсіздік және беделге бой ұсынбау, қандай жағдайға болмасын, өзін дамытуға деген сындарлы көзқарасты тұлға бойында айқын байқатады.

Жеке тұлғаның фрустрацияланған (сөзбе-сөз: қиындықта қалған) типі үшін өзін-өзі төмен бағалаушылық, жабырқаушылық, тұнжырау, өмір ағымынан өзін лақтырып тастағандай сипат тән болады.

Реалистерде борыш пен жауапкершілік сезімін дамыту арқылы өзін жүзеге асыруға, өзіндік тәртіп пен өзін бақылауы басым салауатты скептицизмге ұмтылу тұлғада басым болады дейді.

Гедонистер (грекше – рақаттану) материалистік тұлғаның алдымен «осында және қазір» ләззат алуға бағытталуын және өмір рахатын алуға деген құштарлығын, тұтынушылық тілегін қанағаттандыру формасына иеленуін көрсетеді.

Жеке тұлғаның идеалдық типі нақты жағдайларға бйланысты болмайды. Жеке тұлғаның бұл типі болашаққа тілек сияқты. Мысалы, К.Маркста жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға.

Жеке тұлғаның базистік типі қоғамдық дамудың қазіргі кезеңдегі қажеттіліктерге жақсы үлгіде жауап беретіндер.

Басқаша айтқанда, жеке тұлғаның әлеуметтік типі қоғамдық жүйенің адамның құндылық бағыттарына және олар арқылы нақты мінез-құлыққа әсер етуіне қарай бейнеленуі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.-II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Ашин Г.К., Охотский Е.В. Курс элитологии. Москва, 1999.
9. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### 6 тақырып бойынша семинар сұрақтары

1. Әлеуметтанудағы «тұлға» ұғымы. Адам, индивид, тұлға.
2. Әлеуметтанымдық зерттеулердегі тұлға түрлері. Тұлғаның биологиялық және әлеуметтік жақтары.
3. Тұлғаны әлеуметтендіру теориясы мен практикасы.
4. Әлеуметтендірудің факторлары мен механизмдері.
- 5.Әлеуметтендіру кезеңдері: әлеуметтік бейімделу мен интериоризация.

### 6 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)

1. «Индивид», «дара», «жеке адам», «әлеуметтік мінез-құлық», «әлеуметтедіру агенті» ұғымдарының ортақ жақтарын көрсетіңіз.
2. «Сіздің әлеуметтік табиғатыңыз» атты эссе жазыңыз.
3. К.К.Платонов бойынша тұлғаның иерархиялық жүйесін сипаттап беріңіз (№5.1. кесте).

№5.1. кесте.

<i>Құрылымшаның аты</i>	<i>Құрылымшаға жататындар</i>	<i>Биологиялық пен әлеуметтіліктің қатынасы</i>
Бағдар құрылымшасы	Пікірлер, көзқарастар, тұлғалық мағыналар, мүдделер	Әлеуметтік деңгей (биологиялық өте аз)
Тәжірибе құрылымшасы	Дағдылар, білімдер, Іскерлік қасиеттері, әдеттер	Әлеуметтік-биологиялық деңгей (әлеуметтік биологиялыққа қарағанда әлдеқайда көп)
Бейнелеу формаларының	Таным процесінің ерекшеліктері	Биоәлеуметтік деңгей (биологиялық)

құрылымшасы	(ойлау, ес, қабылдау, түйсік, назар); эмоционалдық процесстердің ерекшеліктері (эмоциялар, сезімдер)	әлеуметтіктен анағұрлым көп)
Биологических, дене пішімінің Қасиеттері	Жүйке процестерінің өту жылдамдығы, қозу мен тежелу процестерінің балансы т.б.; жыныстық, жастық ерекшеліктер	Биологиялық деңгей (әлеуметтілік мүлдем жоқ)

### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Тұлғаның даму теориялары (Г.Кули, Дж. Мид).
2. Психоаналитикалық тұлға теориялары (З.Фрейд, Э.Эриксон).
3. Тұлғадағы танымның даму теориясы (Ж.Пиаже).
4. Адамгершіліктің даму теориясы (Л.Колберг).
5. Алғашқы әлеуметтік топтардың тұлға дамуындағы рөлі.
6. Макро- мен микроортаның тұлғаны әлеуметтендірудегі рөлі.
7. Тәрбиенің тұлғаны әлеуметтендірудегі рөлі.

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

#### 1. Көрсетілген қасиеттерді жеке тұлғаның идеалистік типіне ыңғайластырып іріктеңіз:

- 1) тәуелсіздік
- 2) өзін-өзі төмен бағалау
- 3) «қазір және тез арада» өмірден ләззат алушылар
- 4) дәстүрлі нормаларға сыни көзқарас
- 5) дәстүрлі нормаға құрметпен қарау
- 6) заңға бағыну
- 7) авторитеттерді елемей
- 8) беделді сыйлау
- 9) келісімпаз

{Дұрыс жауабы}=1, 4, 7.

#### 2.Тұлғаның бұрынғы құндылықтардың орнына жаңа құндылықтарды, білімдерді, рөлдерді, дағдыларды игеру процесінің аталуы:

- A) тәрбие
- B) әлеуметтенудің болмауы
- C) реәлеуметтену
- D) институционалдылық
- E) тендестіру

{Дұрыс жауабы}= C

#### 3. Жеке адамның мәртебесінің айқын болмауын қандай термин арқылы көрсетуге болады?

- A) технократтар
- B) маргиналдар
- C) аристократтар
- D) ақ жағалылар
- E) демократтар

{Дұрыс жауабы}= В

**4. Жеке тұлғаның әлеуметтік өрлеуіне біршама ыңғайлы жағдай туғызатын қоғамның түрін анықтаңыз:**

- A) авторитарлық қоғам
- B) демократиялық қоғам
- C) тоталитарлық қоғам
- D) транзиттік қоғам
- E) монархиялық қоғам

{Дұрыс жауабы}= В

**5. Тұлғаның бұрынғы құндылықтардың орнына жаңа құндылықтарды, білімдерді, рөлдерді, дағдыларды игеру процесінің аталуы:**

- A) тәрбие
- B) әлеуметтенудің болмауы
- C) реәлеуметтену
- D) институционалдылық
- E) теңдестіру

{Дұрыс жауабы}= С

## 7 ТАҚЫРЫП. МӘДЕНИЕТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

### Дәріс жоспары:

1. Мәдениет әлеуметтануы ұғымы.
2. Мәдениет құрылымы: материалдық және рухани мәдениет, мәдениет қызметтері.
3. Мәдениеттің негізгі элементтері: тіл, сенім, құндылықтар, дәстүрлі мәдениет.
4. Құндылықтар түрлері.
5. Синтетикалық және дәстүрлі мәдениет ерекшеліктері.

### Дәріс мазмұны

1. Мәдениет (латынша cultura – өңдеу, егу деген сөзінен шыққан) – табиғат объектісіндегі адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Осы ұғымда мәдениеттің мазмұнды белгілері, түсінігі көрсетіледі. Мұндай көзқарас мәдениетті адамның қолымен жасалған «екінші табиғат», дүние деп көрсетті. Мәдениетте материалдық және рухани өндірістің нәтижелері болады. Бұл мәдениетке деген жалпы философиялық көзқарас.

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс.

Мәдениет – әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты.

Әлеуметтануда мәдениет ұғымы кең мағынада адамдар мен қоршаған ортаның арасында қалыптасатын арнайы, генетикалық түрде иеленбейтін әдістер, формалар, үлгілер мен бағыттар жиынтығын атайды. Басқаша айтқанда, «мәдениет – бұл адам санасын ұжымдық түрде қалыптастыру».

2. Адам оның қызметі мен өзара қатынасы бар жерде мәдениет те бар. Бірақ рухани мәдениет пен материалдық мәдениетті бір-бірінен ажырата білу қажет. Материалдық мәдениет – өндірістің, рухани өндірістің өнімі деп қаралады. Себебі материалдық және рухани мәдениеттің өнімдері – еңбек құралдары және көркем шығармалар әр түрлі мақсатта пайдаланылады. Өміршең мәдениет қоғамдағы адамнан ажыратылмайды, адам – мәдениет субъектісі. Оның адамдық сапасы тілді игерудің нәтижесі, қоғамда өмір сүретін құндылықтарға, әдет-ғұрыпқа сену, осы мәдениетке тән іс-әрекеттің дағдысын бойына сіңіру.

Мәдениеттің диалектикалық дамушы прогресс есебінде екі жағы бар. Бірі – тұрақты, «консервативтік», екіншісі – дамушылық жаңалық жағы. Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибе жинақталады, әрбір жаңа ұрпақ жасаған тәжірибесіне сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады.

3. Мәдениеттің негізгі элементтеріне ең алдымен тіл жатады. Ол адамзат тәжірибесін сақтау мен болашақ ұрпаққа берудің объективтік

формасы. Демек тіл адамдардың қатынас құралы, ойлаудың тікелей шындығы бола отырып, олар туралы мәлімет берудің құралы ретінде қарастырылады. Тілдер табиғи және жасанды тілдер болып екі үлкен топқа бөлінеді.

Екіншіден, ұлттық мәдениеттің және кез келген басқа мәдениеттің негізгі элементтеріне сенім мен білім жатады. Сенімде адамдардың шынайы бейімділігі, күнделікті қызметінде нені басшылыққа алатындығы айқындалады да, ол мінез-құлық үлгілерінен, нормалары мен дағдыларынан т.б. көрініс табады. Сенімдер табиғи объектілермен және әлеуметтік жағдайлармен байланысты болады да, өз бойына белгілі бір ғылыми және дағдылы мәліметтер мен ақпараттар қабылдайды.

Үшіншіден, мәдениеттің жетекші саласы, оның анықтайтын элементі құндылық, себебі мәдениет – әлемді құндылық тәсілі арқылы игереді. Құндылық дегеніміз – бұл белгілі бір қоғамдық заттың, құбылыстың қажеттілігі, ынтаны, мүддені қанағатандыру қасиеті. Құндылықтар әлеуметтік субъектінің өз қажеттерін саналы түрде сезінуі нәтижесінде, қоршаған ортамен олардың сәйкестігінде, демек, бағалау актісінде жүзеге асатын құндылық қатынасы нәтижесінде қалыптасады.

4. Әлеуметтік субъектінің құндылықтар жүйесіне алуан түрлі құндылықтарды жатқызуға болады:

1. өмірдің мәні туралы құндылықтар (қайырымдылық пен қатыгездік, бақыт, мақсат);

2. әмбебеп құндылықтар:

а) күнделікті өмір, денсаулық, жеке қауіпсіздік, әл-ауқат, отбасы, туысқандар, білім, біліктілік, құқық тәртібі;

ә) қоғамдық құндылықтар (еңбек сүйгіштік, әлеуметтік жай-күй т.т.);

б) адамдар арасындағы қатынас құндылықтар (адалдық, риясыздық, айнымастық, қайырымдылық);

в) демократиялық құндылықтар (сөз, ар-ождан, партиялар бостандығы, ұлттық егемендік т.т.);

3. азаматтық құндылықтар:

а) туған жеріне, отбасына сүйіспеншілік;

ә) фетишизмдік құндылықтар (соқыр сенімдер, құдайға сену, мәңгілікке ұмтылу т.т.).

5. Мәдениеттің жинақталған синтетикалық түрі, формасы, мінез-құлық үлгілері: ырымдар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер болып табылады. Ырымдар дегеніміз бұл – өз бойына қандай да әлеуметтік идеяларды, түсініктерді, нормалар мен құндылықтарды топтастырған және белгілі бір ұжымдық сезімдерді оятатын ұжымдық әрекеттердің символикалық өлшемдерінің жиынтығы.

Ұлттық, конфессиялық, кәсіби өзіндік мәдениеттерді, ұйымдардың, әлеуметтік топтасулардың т.т. өзіндік мәдениеттерін бөліп көрсетуге болады. «Ұлттық мәдениет» термині қандай да бір елдегі, мемлекеттегі адам қауымдастығын сипаттайтын рәміздерді, наным-сенімдерді,



құндылықтарды, мінез-құлық нормалары мен үлгілерін анықтау үшін қолданылады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.-II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Ерасов Б.С. Социальная культурология. Москва, 1996.
9. Биекенов К.И. Политическая культура и ее требования к руководителю. Алматы, 1995.
10. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **7 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. «Мәдениет» және «қоғамның рухани өмірі» ұғымдары. Мәдени іс-әрекеттің субъектілері.
2. Мәдениет әлеуметтік институттардың құрылымы мен дамуы.
3. Мәдениет құндылықтары.
4. Мәдениет элементтері – тіл, құндылықтар, нормалар.
5. Мәдениет қызметтері.
6. Материалдық және рухани мәдениет.
7. Саяси мәдениет.
8. Өнер мен мәдениет.
9. Ақпарат пен мәдениет арақатынасы.

### **7 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. Субмәдениеттің түрлеріне сипаттама беріңіз.
2. Контрмәдениет пен дәстүрлі мәдениеттің арақатынасын Қазақстандағы студент жастарының өмірінен мысал көрсетіп сипаттап беріңіз.
3. Саяси мәдениеттің жүйесін суретті пайдаланып сипаттаңыз (сурет №6.1.).  
№6.1. сурет.

саяси мәдениет жүйесі



### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Қазақстандағы мәдени процестерді зерттеудегі әлеуметтанудың рөлі.
2. Мәдениет универсалиялары.
3. Мәдениет пен өркениет. Батыс пен Шығыс – өркениеттің екі түрі.
4. Қазақстан әлемдік өркениеттер арақатынасында
5. Этномәдениет.
6. Қала және ауыл мәдениеті.
7. Әртүрлі әлеуметтік топтар мәдениеті.
8. Бұқаралық және элитарлық мәдениет.
9. Субмәдениет пен контрмәдениет

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

**1. Адамдар өзге мәдениеттерді өз мәдениеті тұрғысынан бағалауға бейім екендігін білдіретін бағыттың аталуы:**

- A) мәдени релятивистік
  - B) нормативтік
  - C) рәміздік
  - D) этноцентристік
  - E) социологизмдік
- {Дұрыс жауабы} = D

**2. Газеттер мен журналдар бетінде жарияланып, оқырымандарды қожазбаша түрде жауап беруге шақыратын және жауаптарын редакция адресіне жіберулерін сұрайтын анкетаның аталуы:**

- A) пошталық
  - B) таратылатын
  - C) топтық
  - D) баспасөздік
  - E) жекелік
- {Дұрыс жауабы} = D

**3. Субмәдениет дегеніміз:**

- A) жастар мәдениеті
  - B) қарттар мәдениеті
  - C) сәбилер мәдениеті
  - D) пенсионерлер мәдениеті
  - E) студенттер мәдениеті
- {Дұрыс жауабы} = A

**4. Мәдениеттің үш басты элементі:**

- A) нормалар, санкциялар, ұстанымдар
  - B) тіл, құндылықтар, нормалар
  - C) санкциялар, ұстанымдар, тіл
  - D) құндылықтар, нормалар, өнер
  - E) өнер, фольклор, тіл
- {Дұрыс жауабы} = B

**5. Рухани және материалдық мәдениет дегеніміз мәдениеттің**

- A) түрлері
  - B) формалары
  - C) аспектілері
  - D) типтері
  - E) жүйесі
- {Дұрыс жауабы} = A

## 8 ТАҚЫРЫП. ДЕВИАНТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

### Дәріс жоспары:

1. Девиация ұғымы.
2. Девианттық мінез-құлық түрлері – қылмыстық, ішімдікке салыну, нашақорлық, өзін-өзі өлтіру немесе суицид, жезөкшелік.
3. Э.Дюркгейм өз-өзін өлтіру туралы.
4. Әлеуметтік бақылау, аномия ұғымдары.
5. Р.Мертон бойынша девианттық мінез-құлық түрлері.

### Дәріс мазмұны:

1. Девианттық (латынша *deviatio* – ауытқу) мінез-құлық дегеніміз адамның қоғамның қабылдаған ережелер мен нормаларын бұзуы. Әлеуметтік девианттық мінез-құлықтың ең бірінші зерттеушісі Э.Дюркгейм, ал оны дербес ғылыми бағыт ретінде зерттеген – Р.Мертон мен и А.Коэн болды (№7.1. кестені қараңыз).

№7.1. кесте. Девианттық теориялардың түрлері

Түрі	Теория	Авторлар	Басты идеясы
Биологиялық	Қылмыстық бейімділікке байланысты физикалық бет пішіні.  Девианттардың ішінде ең көп кездесетін дене бітімі	Ломброзо  Шелдон	Физикалық бет пішіні қылмыстық бейімділіктің себебі
Психологиялық	Психоаналитикалық теория	Фрейд	Тұлғаға сәйкес конфликтілер девиацияны болдырып тұрады
Әлеуметтанымдық	Аномия  Әлеуметтік тәртіпті бұзу  Аномия  Мәдениеттанымдық теориялар	Дюркгейм  Шоу мен Маккэй  Мертон Коэн  Селлин, Миллер,	Девиация, мысалы, өзін-өзі өлтіруі, әлеуметтік нормаларды бұзу әрекеттерінен болады.  Девиацияның көп түрі мәдениет құндылықтары мен нормаларының күйреуі себептерінен болады.  Қоғамда девиация мақұлданатын мақсаттар мен оларға жету жолдарындағы қолданылатын құралдар арасында болады.  Девиацияның себебі қабылданған нормалар,

		Сутерленд, Клоуфорд, Оулин	субмәдениет мен басшы мәдениет арасындағы қақтығысынан.
	Стигматизация теориясы (таңба қою)	Беккер Турк, Квинни,	Девиация дегеніміз таңба, оны билігі бар топтар билігі жоқ топтарға қолданады.
	Радикалдық криминология	Тэйлор, Уолтон, Янг	Девиация дегеніміз капиталистік нормаларға қарсылық көрсетудің нәтижесі.

2. Девианттық мінез-құлық формаларына қылмыстық, ішімдікке салыну, жезөкшелік, нашақорлық жатады.

Қылмыстық.

Қылмыстықты әлеуметтанымдық тұрғыда бірінші болып зерттегендерге орыс статистигі К.Ф.Герман (1824) мен франко-бельгиялық ғалым Л.А.Кетленің «Әлеуметтік физика» (1835) еңбегі жатады. Қылмыстықтың жоғары деңгейінің себебін анықтау үшін ХХ ғасырдың 30 жылдарында Чикаго мектебінің өкілдері әлеуметтанымдық зерттеулер жүргізді. Олар қаланың ішіндегі тұрмыс деңгейлеріне қарай аудандарға бөлінудің салдарынан «қылмыстық аудандар» пайда болғандығын көрсетті. «Қылмыстық аудандарда» әлеуметтік тәртіптің мүлдем жоқ екенін дәлелдеп берді. Яғни урбанизация деңгейі мен қылмыс арасында тұрақты байланыс бар екендігін көрсетті.

Қылмыстың себептері: әлеуметтік жағдай, еңбек түрі, білім деңгейі, қайыршылық, қоғамға бейімсіздік, немесе адамның ешқандай тапқа жатпауы, «қылмыстық аудандар». Қазақстанда қылмыстықтың себептеріне нарық қатынастары, конкуреттілік, жұмыссыздық, инфляция, экономикалық дағдарыстар жатады. Қазақстандағы қылмыстықтың түрлеріне «патриархалдық» және «индустриалдық» девианттылық жатады.

Ішімдікке салыну немесе алкогольизм (арабша – al-kohl – өте нәзік, сезілмейтін) – алкогольдік ішімдіктерді жүйелі түрде қолданудан туындайтын психикалық ауру және девианттық мінез-құлықтың түрі.

Статистика бойынша қоғамдық тәртіп бұзулар мен әйелді зорлаудың 90%-ы, адам өлтірулер мен тонаудың 70%-ы, басқа да қылмыстық әрекеттердің 40%-ы ішімдікке салынумен байланысты.

Дүниежүзі бойынша ішімдікке салыну 3 түрлі модельге бөлінеді – шарап, сыра, арақ ішуге. Ішімдікке салыну біздің қоғамда кең етек жайған құбылыс. Оған қарсы кең тараған әрекет – ішімдік сатылуды азайту және жасөспірімдерге оны сатпау.

Нашақорлық немесе наркомания (грекше narke – мелшию және mania – ессіздік, құтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру және девианттық мінез-құлықтың түрі.

Нашақорлықтың орташа жасы 25-30 жас. Жасөспірімдердің ішінде нашақорлыққа үйірсек болуының себептеріне сабаққа деген енжарлық, әкенің ішімдікке салынуы, болашақ мамандыққа деген қанағаттанбаушылық жатады. Үлкен кісілерде нашақорлыққа үйірсек болуының себептерінің біріне «зерігушіліктен» деу. Сонымен бірге қасіретке, деформацияға ұшыраған адамдар да нашақорлыққа үйірсек болулары мүмкін.

Өзін-өзі өлтіру немесе суицид. Оның басты себебі – шешілмейтін өмірлік проблемалардан бас тарту. Христиандық мораль өзін-өзі өлтірушілерді қатты сынады. Бірақ кейбір жағдайларда өзін-өзі өлтіру, мысалы, Индияда жесірлердің өзін-өзі жағуы, самурайлардың харакири жасауы – керек нәрсе деп саналды. Өзін-өзі өлтірудің себептеріне жыныс пен жас ерекшеліктері, білім деңгейі, әлеуметтік және отбасылық жағдайлар, жоғары дамыған елдер жатады.

Өзін-өзі өлтірудің бәріне ортақ нәрсе – құрбан болар адам осындай ахуалға итермелейтін себептерге қарамастан оның іске асатын сәтін білуі.

Жезөкшелік. Жезөкшелікпен айналысатын әйелдердің көбісінің жасы 30-ға дейінгілер. Олардың көпшілігінің білім деңгейі төмен, арнаулы орта және жоғары білімі барлары 12% қана. Ажырасқан және тұрмыс құрмаған әйелдер – 85%. Олардың көбісінің жезөкшелікпен айналысу себебі – ақша жию. Жезөкшелікпен күрес түрлеріне прогибиционизм (тиым), регламентация (тіркеу), аболиционизм (профилактикалық түсіндіру) жатады.

**3.** Э.Дюркгейм өзінің «Өзін-өзі – өлтіру» (1897) атты еңбегінде өзін-өзі өлтірудің әлеуметтік деңгейін сипаттайды. Өзін-өзі өлтірудің психикалық, психопатологиялық, климаттық, мерзімдік, жыныстық, жастық себептері анықтайды. Дюркгейм бойынша өзін-өзі өлтірудің үш түрі бар: эгоистік, альтруистік және аномиялық. Сонымен бірге Э.Дюркгейм өзін-өзі өлтірудің төртінші түрін – фаталистік өзін-өзі өлтіруді көрсетеді. Дюркгейм өзін-өзі өлтіру санының халық санына қатынасын өзін-өзі өлтіру тудырған қазаға ұшырау деңгейі деп атады. Бұл осы нақты бір қоғамның жағдайына тән маңызды сипаты. Өзін-өзі өлтірудің алдын алуын дін және отбасы деген екі әлеуметтік институтпен байланыстырады (мысалы, протестанттардың ішінде өзін-өзі өлтірушілер көп, өйткені олардың шіркеумен байланысы төмен т.с.с.).

**4.** Әлеуметтік бақылау дегеніміз әлеуметтік жүйелердегі адамдарды өнормативтік түрде бақылауы. Нормаларға қоғамда мақұлданатын мінез-құлық ережелері жатады.

Аномия («номос» - норма, «а» – оны растамау) ұғымын бірінші болып Э.Дюркгейм енгізген. Ол бойынша қоғамда бар нормалар мен ережелер бұзылып, дәстүрлі байланыстар үзіледі.

**5.** Р.Мертон бойынша аномияға конформизм (нормаларға сөзсіз бағыну), инновация (қоғамдық нормалға әртүрлі жолдармен жетуі), ритуализм (қоғамдағы нормаларды менсінбеуі, бірақ оларды бұзбауы және

орындауы), эскейпизм (өмірден безу), көтеріліс (қоғамдағы нормаларға қарсы тұру).

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.- II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Джаманбалаева Ш.Е. Общество и подросток: социологический аспект девиантного поведения.- Алматы, 2002.
9. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **8 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Девианттық мінез-құлық (девиация), оның формалары.
2. Аномия ұғымы.
3. Девиацияның классикалық түрлері – қылмыстық, ішімдікке салыну, нашақорлық, өзін-өзі өлтіру немесе суицид, жезөкшелік.
4. Э.Дюркгеймнің суицид теориясы.
5. Р.Мертон бойынша девиация түрлері – конформизм, инновация, ритуализм, ретритизм (өмір проблемаларынан безу), көтеріліс.
6. Әлеуметтік бақылау және оның түрлері

### **8 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. «Әлеуметтік аномия – классикалық конфликтологияның негізі», «Ішімдікке салыну – девианттық мінез-құлықтың түрі», «Жезөкшелік – девианттық мінез-құлықтың түрі», «Суицид – девианттық мінез-құлықтың түрі», «Нашақорлық – девианттық мінез-құлықтың түрі» тақырыптарына эссе жазыңыз.
2. Библиядағы он парызды және Қорандағы парыздарды девианттық мінез-құлықтың түрлеріне сай жіктеп мінездеме беріңіздер.
3. Егер сіз академияның мінез-құлық тәртібін бұзсаңыз, ол аномияға жата ма, әлде девиацияға жата ма? Қысқаша сипаттама беріңіз.
4. Р. Мертонның девиация түрлеріне №7.1. кестені пайдаланып мінездеме беріңіз.  
№7.2. кесте.

Бейімделу түрі	Қоғамның растайтын мақсаттары	Қоғамның растайтын құралдары
Конформизм	+	+
Инновация	+	-
Ритуализм	-	+
Ретретизм (қоғамнан безу)	-	-
Көтеріліс	+	+
Ескерту: плюс дегеніміз мақұлдау, минус – мақұлдамау.		

### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Девиацияның әлеуметтанымдық мінездемесі: стигматизация аномия теориясы (таңба тағу).
2. Ұжымдық девианттық мінез-құлық.
3. Формальдық және формальдық емес әлеуметтік бақылаудың түрлері.
4. Құқық қорғау органдары формальдық бақылаудың түрі ретінде.
5. №7.1. кестені пайдаланып девианттық теориялардың түрлеріне мысал келтіріп сипаттама беріңіз.

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

#### 1. Э. Дюркгейм концепциясы бойынша суицид типологиясын берілген мысалдармен сәйкестендіріңіз:

- 1) альтруистік
- 2) аномиялық
- 3) эгоистік
- 4) фаталистік

1. экономикалық дағдарыстан шығу амалының таусылған жағдайында орын алатын суицид
2. әлеуметтік байланысы үзіліп өмірден күдер үзген адамдардың ортасында жиі болады
3. суға батып баражатқан адамды құтқару жағдайында болатын өлім
4. адам тіршілікке төзбегендіктен суицидтік жағдайға барады (көбінесе ауыр қылмыс жасағаны үшін жазаланған адамдардың ортасында болады)
5. Ұлы Отан соғысындағы Ә.Молдағұлованың өлімі
6. өрт сөндіру барысында отқа шалынып, мерт болу
7. тұтқынға түскен барлаушы құпияны жария етпес үшін у ішіп өзін өлімге қияды

{Дұрыс жаубы}=1-7; 2-1; 3-2; 4-4

#### 2. «Аномия» теориясының авторы:

- A) Э. Дюркгейм
- B) О. Конт
- C) Т. Спенсер
- D) Ж.Ж. Руссо
- E) М. Вебер



{Дұрыс жауабы}=А

**3. Конформизм – ол:**

- А) әлеуметтік мақсаттардың мойындалмағандығы, бірақ оған жету тәсілдерінің маңыздылығы
- В) қоғамның әлеуметтік мақсаттары мен оларға жету тәсілдерінің толық мақұлданыуы
- С) әлеуметтік мақсаттардың қабылданып, оларға жету тәсілдерінің мақұлданбауы
- Д) әлеуметтік мақсаттардың да, оларға жету тәсілдерінің де теріске шығарылуы
- Е) әлеуметтік мақсаттар мен оларға жету тәсілдерінің жаңамен алмастырылуы

{Дұрыс жауабы}= В

**4. Әлеуметтік санкция түрлерін анықтаңыз:**

- А) ресми, институционалды, бейресми
- В) позитивті, негативті, ұжымдық
- С) позитивті, негативті, ресми, бейресми
- Д) ұжымдық, институционалды, қатаң
- Е) ресми, негативті, қатаң

{Дұрыс жауабы}=С

**5. Девианттық мінез-құлық түрін анықтаңыз:**

- А) жұмыстан босату
- В) вандализм
- С) барлау
- Д) стратификация
- Е) университетке қабылдану

{Дұрыс жауабы}= В

## II МОДУЛЬ

### 9 тақырып: ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

#### Дәріс жоспары:

1. Отбасы мен неке әлеуметтануының пәні, қызметтері, шарттары.
2. Отбасының әлеуметтік институт ретінде мазмұны мен тарихи түрлері.
3. Отбасының қызметтері.
4. Отбасы құрылымы, типтері мен түрлері.
5. Некенің мотивтері мен ажырасудың себептері.

#### Дәріс мазмұны:

1. Қоғамның негізгі мақсаты – адамдарды бақытты ету, ал мұның өзі терезесі тең, берік отбасына байланысты. Отбасының қалыптасуы үшін неке қалыптасуы қажет. Неке – әйел мен еркек арасындағы табиғи қажеттілік, олардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілейтін формасы. Неке – отбасының заң, әйел мен еркектің өзара түсінісуі, еріктілігі негізінде құрылатын одағы, адамның әлеуметтік-табиғи, сонымен қатар, материалдық және рухани өмір қажеттілігі. Себебі, жыныстық қатынас биологиялық-жыныстық сүйіспеншілік ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік эстетикалық қатынас. Некенің мазмұны мен ерекшелігі жыныстық қатынаспен ғана шектелмейді. Некенің негізі – сүйіспеншілік.

Отбасы – әлеуметтік топ, ал оның мүшелері неке мен немесе қаны бір туыстығымен, ортақтығымен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. Отбасы – қоғамның бастапқы ұясы, қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі.

Отбасының қызметтері – ұрпақ жалғастыру қызметі, әлеуметтік-статустық, материалдық экономикалық және тұрмыстық-шаруашылық, тәрбиелік, жақсы әдет-ғұрып, үлгі-өнеге, ауызбірлік, сүйіспеншілік, тұрмыстық салт, психотерапевтикалық, сексуалдық, бос уақытық және т.б.

Некеге даярлық деген не? Отбасының тұрақтылығы да, бақыты некеге дейінгі жағдайларға байланысты. Жақсы отбасын құрудың елеулі шарттары некенің адамгершілік, құқықтық негіздерін түсіну, отбасын құруға деген психологиялық даярлықтың болуы, үй шаруашылығымен айналысудың белгілі дағдыларын игеру болып табылады. Некеге тұруға ешкім ықтиярсыз көндірмейді, бірақ некеге тұрған адам неке заңдарына бағынуы тиіс. Қазақстан Республикасының Ата Заңында: «Заңда белгіленген жасқа толған еркектер мен әйелдердің некелесіп, отбасын құруға құқығы бар. Неке ерлі-зайыптылардың ерікті түрде келісуіне және құқық теңдігіне негізделеді» деп көрсетілген.

2. Отбасы әлеуметтік институт есебінде адам қоғамының қалыптасуымен бірге пайда болды. Отбасының дербестігі болғанымен, бірақ отбасылық қатынастар қоғаммен, оның дамуымен тікелей байланысты. Отбасы – кіші әлеуметтік топ, ал оның мүшелері некемен және өзара адамгершілік жауапкершілікпен байланысты. Отбасы –

қоғамның бастапқы ұясы, қоғамның әлеуметтік құрылымының негізі болып табылады. Отбасы тарихи тұрғыда өзгеріп отыратын әлеуметтік құбылыс, себебі формасы өндірістік қатынастарға тікелей тәуелді. Мәселен, некелік қатынастардың алғашқы тарихи формасы – полигамия, ал өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің пайда болуына байланысты ол моногамиялық (бір некелік) отбасымен ауысады. Отбасы некеге қарағанда күрделі жүйе, себебі ол жұбайларды ғана емес, олардың балаларын, басқа туыстарын да біріктіреді. Отбасы – тұрақты жүйе. Оның тұрақтылығы мен беріктілігі де әр кезде өзгеріп отырады. Оған әсер ететін құқық, дін, қоғамдық пікір, психологиялық факторлар, әсіресе экономикалық өмір бірлігі. Сондықтан да қоғам некелік-отбасылық қатынастың нығаюына тікелей ынталы болып, соған қамқорлық жасайды. Отбасы жұбайлардың, ата-аналардың қоғам алдындағы жауапкершілігі нәтижесінде дамып, нығая түсуі керек.

Отбасының өмір сүріп, дамуының ерекше жағдайлары да бар. Олар: әлеуметтік, таптық, ұлттық сипаты, өмір сүру ортасы, материалдық жағдайы, отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, олар сақтайтын әдет-ғұрыптар, әрбір жаңа отбасының адамдық, экономикалық негізі. Бұлар отбасы мүшелерінің қабілеттерін, адамгершілігін, жауапкершілігін сезінуіне байланысты.

**3.** Отбасының маңызы оның атқаратын қызметі арқылы анықталады. Екінші сөзбен айтқанда, отбасының мазмұны мен қатынасы тікелей байланысты. Отбасының қызметі деген түсінік оның қатынасының жүйесін көрсетеді. Отбасы қоғамның бастапқы ұясы, қоғамдық-әлеуметтік құрылымының негізгі элементтерінің бірі бола отырып, көптеген әлеуметтік қызметтерді атқарады. Отбасының қызметі қоғамдық-тарихи жағдайларға, оның мүшелелерінің еңбек сүйгіштігіне де тәуелді.

Отбасының негізгі қызметтері. Отбасының бірінші міндеті – ұрпақ жалғастыру қызметі. Бұл барлық тарихи кезеңдерде қоғам үшін де, жеке адам үшін де маңызды қызмет болып келеді.

Отбасының екінші қызметі – материалдық экономикалық және тұрмыстық-шаруашылық мәселелері. Отбасының бұл қызметі қазіргі уақытта бірінші орынға көтерілді, себебі халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеп кетті.

Отбасының ең маңызды қызметінің бірі – тәрбиелеушілік міндеті. Оны қоғамдық тәрбиенің ең тиімді деген жүйесі де алмастыра алмайды. Оның негізгісі баланы өмірге келтіру ғана емес, сонымен бірге оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын қабылдаттыру, үлкен ұрпақтың тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу, бойына сіңіру, яғни балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – әке-шешенің ең маңызды міндеті.

**4.** Отбасының құрамы деп олардың мүшелелерінің өзара жиынтығын айтамыз, оған туысқандықтан басқа рухани, азаматтық қатынастар, билік, бедел қатысы да жатады. Отбасының туысқандық құрылымы, біріншіден,

жұбайлар мен балалар, екіншіден, балалары мен жұбайлары және әйелдің болмаса күйеуінің бірге тұратын туыстары, немере-шөберелерінен тұрады.

Жұбайлардың өзара билік бөлінісіне сәйкес отбасының екі түрі болады: 1) демократиялық немесе эгалитарлық; 2) дәстүрлі немесе авторитарлық.

Бала санына байланысты төрт түрлі отбасы болады: 1) көп балалы (үш бала, одан да көп); 2) орташа (екі балалы); 3) бір баласы бар; 4) балалы отбасылар.

Отбасының өмір сүру сипатына қарай үш түрі болады: 1) нуклеарлық отбасы; 2) дәстүрлі отбасы; 3) ер мен әйел қатынасы кәсіби жетістікке, жеке адамның дамуына бағытталады; 4) жас отбасы.

**5. Отбасының қайшылықтары.** Ажырасудың негізгі себептері: 1) жұбайлардың мінез-құлқының, көзқарастарының сәйкеспейуі; 2) арақ ішу, әсіресе ерлер тарапынан, 3) үй жағдайының, әсіресе ерлер тарапынан; 3) үй жағдайының, әсіресе жастарда қолайсыздығы; 4) жұбайлық опасыздық; 5) балалы болғысы келмеушілік; 6) жыныстық кемшілік.

Қорыта айтқанда, осы күнгі неке-отбасы мәселесінде үш негізгі, басты проблеманы атап көрсетуге болады: 1) отбасының беріктік, тұрақтылық проблемасы; 2) бала табу, ұрпақ өсіру проблемасы; 3) отбасының тұрмыс жағдайындағы қиыншылықтар проблемасы. Дегенмен ажырасудың жоғары деңгейі некенің қоғамдық институт ретіндегі маңызын жоймайды, отбасы дағдарысының жалпы көрсеткіші бола алмайды. Керісінше, отбасы адамзат қоғамының әлеуметтік негізі болып қала беретінін үлкенді-кішілі адамдардың бәрі мойындайды.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Абсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.- II Т. - Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Антонов А.И. Социология семьи.- Москва: Инфра, 2005.
9. Голод С.И. Семья и брак. Историко-социологическое исследование. СПб., 1998.
10. Татимов М. Демографическая депопуляция. //Алматы: Мысль, 1997, №3.
11. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **9 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Отбасыны зерттеудегі әлеуметтанымдық аспектілер: отбасы басты әлеуметтік институт пен кіші топ ретінде.
2. Отбасылық құрылымдардың түрлері мен өзгеру динамикасы – нуклеарлық отбасы, моногамия, полигиния, полиандрия, экзогамия, эндогамия, матриархат, патриархат.
3. Отбасының әлеуметтік функцияларының анализі.
6. Ажырасудың мотивтері, олардың әлеуметтік сарқыншақтары. Қазіргі кездегі отбасы мен неке альтернативалары (азамматтық отбасы, бірге тұру, жалғыздық т.б.).

### 9 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)

1. Неке мен отбасына №8.1. суретін пайдаланып анықтама беріңіз.
2. Өз семьяңыздың өкілдеріне әлеуметтік жүйеге қарай сипаттама беріңіз. Мысалы, нуклеарлық отбасы, орташа тап, эгалитарлық отбасы т.б.
3. Отбасының өмірлік циклын, №8.2. кестені пайдаланып сипаттаңыз. №8.1. сурет.



№8.2. кесте.





### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Қазақстандағы отбасы саясаты және басты отбасылық мәселелер.
2. Отбасы мен неке, олардың даму тарихы.
3. Студенттер отбасы.
4. Ұлтаралық отбасы.
5. Контрактпен үйлену мәселелері.
6. Христиандық және мұсылмандық отбасыларындағы күйеу және әйелдің рөлдері.

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

#### 1. Репродуктивті мінез-құлықтың басты қозғаушысы:

- A) әлеуметтік қажеттілік
  - B) жыныстық қатынас қажеттілігі
  - C) ұрпақ жалғастыру қажеттілігі
  - D) әлеуметтік мотивация
  - E) табиғи инстинкт
- {Дұрыс жауабы}=C

#### 2. Эгалитарлық отбасы дегеніміз:

- A) жұбайлардың өзара тепе-тең билік бөлінісі
  - B) отбасы билігі күйеуде
  - C) отбасы билігі әйелде
  - D) отбасы билігі үлкен кісілерде
  - E) отбасы билігі барлық мүшелерде
- {Дұрыс жауабы}=A

#### 3. Экзогамия дегеніміз

- A) туыстық емес топтардан қалыңдық немесе күйеу таңдау
  - B) туыс топтардан қалыңдық немесе күйеу таңдау
  - C) адамдардың дәстүрлі түрде үйлену рәсімін өзкізуі
  - D) адамдардың ешқашан үйленбеуі
  - E) жас отбасының ата-аналарымен бірге тұруы
- {Дұрыс жауабы}=A

**4. Бір әйелдің немес бір еркектің отбасы құруы дегеніміз**

А) полиандрия

В) моногамия

С) полигамия

Д) полигиния

Е) матриархат

{Дұрыс жауабы}=В

**5. Әйелдің бір уақытта екі немесе одан да көп еркекпен тұрмыс құруы**

**– ол:**

А) моногамия

В) полигамия

С) полигиния

Д) патриархат

Е) полиандрия

{Дұрыс жауабы}=Е

## 10 ТАҚЫРЫП. ӘЛЕУМЕТТАНЫМДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

### Дәріс жоспары:

1. Әлеуметтанымдық зерттеудің мақсаты мен мәні.
2. Әлеуметтанымдық зерттеудің басты әдістері: құжаттарды талдау, бақылау, эксперимент.
3. Әлеуметтанымдық сауалнама – әлеуметтанымдық ақпарат алудың негізгі әдісі.
5. Анкета мен интервью әдістері.

### Дәріс мазмұны:

1. Әлеуметтанымдық зерттеу – нақты теориялық және әлеуметтік проблемаларды шешу үшін зерттелетін объекті жөнінде жаңа білім алуға мүмкіндік беретейін теориялық және эмпирикалық рәсімдер жүйесі. Әлеуметтанудың өз саласында әр түрлі тұрғыда пайдаланатын сан алуан әдістері бар. Олардың бір бөлігі этнографиядан, статистикадан, психологиядан алынған, көпшілігі дербес әзірленген.

2. Эмпирикалық ақпаратты жинау мынадай әдістер арқылы жүргізіледі: құжаттарды талдау, бақылау, тәжірибе жасау, сауалнама жүргізу (ауызша – интервью, жазбаша – сауалнама беру, сараптамалық – құзыретті тұлғаларға сауалнама жүргізу).

Құжаттарды талдау. Құжат – мәтінде, таспада, дискетте және сол сияқты белгілінген ақпаратты беру және сақтау үшін арнайы жасалған зат. Құжаттарды талдау әдістері былайша бөлінеді – дәстүрлі және қалыпқа келтірілген.

Дәстүрлі талдау ретінде, құжатта белгілі бір тұрғыда айтылған мәліметтерді түсіндіруге бағытталған зерттеушілерге, әрбір нақты жағдайда қабылданған барлық ақыл-ой операциялары түсіндіріледі. Іс жүзінде бұл құжаттың мазмұнын түсіндірудің, оны талқылаудың өзі.

Қалыпқа келтірілген әдіс – сапалы ақпаратты сандық көрсеткіштерге (қанша, уақыттың қандай кезеңіне) аудару, мұнда – контент-талдау – мәтіндік ақпаратты (газет, хат), фонетикалық ақпаратты (теледидар және радио хабарлары) сандық көрсеткіштерге аудару.

Бақылау – оқиға куәгерінің оқиға өтіп жатқан кездегі оқиғаны тікелей тіркеу әдісі. Ол статистика әлсіз, бастапқы таным пункті ретінде бағдарламаны жасау кезеңінде; индивид пен топтардың сөйлесу, мінез-құлық формаларын зерттеу кезінде қолданылады.

Әлеуметтанымдық ақпаратты жинаудың ең бір қиын және ерекше игерілетін әдістеріне эксперимент жатады. Эксперимент – (experimentum деген латын сөзінен шыққан – сынам, тәжірибе) бақыланатын және басқарылатын жағдайларда жаңа білім алудың ғылыми әдісі. Табиғи (далалық, лабораториялық) және ойша (үлгілік) түрлері болып көрсетіледі.

### 3. Сауалнама нұсқалары:



1. Жеке немесе жанама түрде (таратылатын, пошталық, телефон, баспасөз арқылы).
2. Жеке немес топтық
3. Еркін немесе қалыпқа келтірілген, шоғырландырылған (бағытталған).
4. Ауызша немесе жазбаша.
5. Тұтас немесе іріктеме.
6. Тұрғылықты жері немес жұмысы бойынша, уақытша мақсатты аудитория.

Бақылағыш сұрақ қоюға да болады (тапсырма: негізгі сұрақтарға берілген жауаптардың дұрыстығын тексеру, бақылау сұрақтарының арасында 3-4 аралық сұрақ тұруы мүмкін).

4. Анкета (французша enquete – зерттеу) – өзіндік ерекшелігі бойынша респондентпен әңгімелесу сценарийі, бұл осы әңгіменің (интервью) немес сырттай (анкета тарату) болуына байланыссыз болады.

Интервью (ағылшынша interview – әңгімелесу) – респондентпен тікелей диалог арқылы ақпарат алу әдісі. Мұның мақсаты – әлеуметтанымдық зерттеу бағдарламасында көзделген сұрақтарға жауап алу болып табылады.

Интервьюдің мынадай өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Респонденттің психологиялық реакциясын бақылауға мүмкіндік береді;
2. Интервьюердің респондентпен жеке қарым-қатынасы сұрақтаманың барынша іске асуын қамтамасыз етеді;
3. Жеке қарым-қатынас сауалнамаға барынша байсалдырақ қарауды қамтамасыз етеді.

Сөйтіп, әлеуметтанымдық зерттеу жүргізуді ұйымдастырғанда зерттеудің мақсатына жету – осы зерттеу мәніне қатысты жаңа білім алу үшін жүзеге асырылатын негізделген іс-шаралар кешенінен тұрады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.- II Т.-Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Добреньков В.И. Кравченко А.И. «Методы социологического исследования».- Москва: Инфра, 2006.
9. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)


## 10 тақырып бойынша семинар сұрақтары

1. Зерттеудің стратегиясы мен жоспарлануы.
2. Зерттеу бағдарламасы (тақырыпты бекіту, жобаны сипаттау, зерттеудің стратегиялық жоспары).
3. Әлеуметтанымдық зерттеулердегі талғау (выборка). Генералдық бірлік және талғау бірлігі. Репрезентативтік.
4. Талғау қателері, түрлері мен типтері.
5. Социометрия әдісі (Р.Морено).
6. Әлеуметтанудағы құжаттарды зерттеу әдісі.
7. Сандық және сапалық зерттеу әдістері. Сандық әдістемелер – сұраулардың түрлері (анкетирование және интервью), мәтіндердің контент-анализі (документалды материалдар, газеттегі басылымдар, жарнамалар т.б.).
8. Анкетаны қалыптастыру техникасы, оның құрылымы.
9. Сапалық зерттеу әдістері – тереңдік интервью (in-depth-interview), сұрау, бақылау, эксперимент, төл құжаттарды зерттеу.

## 10 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)

1. Әлеуметтанымдық бағдарламаның басты элементтерін сипаттап беріңіз (сурет №9.1.).
2. «Студент пен оқытушы – бір-бірінің көзқарасымен» атты анкета құрастырыңыз.
3. «Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі кредиттік технологияның әлеуметтік маңызы» атты тақырыпқа студенттер мен оқытушылардан интервью алыңыз.

№9.1. сурет. Әлеуметтанымдық бағдарламаның басты элементтері



## Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Әлеуметтік және маркетингтік ақпаратты жиыстырудың халықаралық шарттары.
2. Қазіргі кездегі әлеуметтанымдық және маркетингтік зерттеулер.
3. Тереңдік интервью (in-depth-interview) ерекшеліктері.
4. Мәтіндердің контент-анализі (документалды материалдар, газеттегі басылымдар, жарнамалар және т.б.) және оның қолданылу ерекшеліктері.
5. Анкетирование және интервью әдістерінің маңыздылығы.
6. Студент топтарында эксперимент өткізу ерекшеліктері.

## Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

### 1. Берілген тапсырмаларды әлеуметтанудың саулнама жүргізу және социометрия тәсілдеріне қарай сәйкестендіріңіз:

- 1) саулнама
- 2) социометрия
  1. микротоптық лидердің беделі индексін анықтау
  2. белгілі бір өзекті мәселе тұрғысында сұрақтар қою арқылы халықтың пікірін анықтау
  3. сұхбат жүргізу арқылы мәселенің мән-жайын анықтау  
{Дұрыс жауабы}= 1-2; 2-1; 3-1

### 2. Әлеуметтанымдық зерттеу әрекеттерін зерттеу тәсілдерімен сәйкестендіріңіз:

- 1) контент-анализ
- 2) тарихи құжаттарға талдау жасау
- 3) эксперимент
- 4) бақылау
  1. 16 желтоқсан оқиғасына қатыса отырып зерттеу жүргізілді
  2. жарықтың түсірілу жағдайын өзгерту арқылы, оның еңбек өнімділігіне ықпалын анықтау
  3. мәтіндегі мағыналық единицаларды анықтау арқылы талдау жасау
  4. деректерге сүйене отырып, А. Байтұрсыновтың әлеуметтік портретін анықтау
  5. интервью алу арқылы бүгінгі жастардың әлеуметтік белсенділігін анықтау
  6. саулнама жүргізу арқылы тұрмыстық мәдениетті анықтау
  7. телефон арқылы дәрігерлік қызмет көрсету туралы қоғамдық пікірді білу
  8. интернет арқылы балаларға арналған тауарларға деген бүгінгі сұранысты анықтау
  9. сұхбат жүргізу арқылы бүгінгі қоғамдық көлік қызметіне баға беру  
{Дұрыс жауабы}=1-3; 2-4; 3-2; 4-1

### 3. Интервьюдің түрлері:

- A) стандартты және стандартты емес
- B) ашық және жабық
- C) тікелей және жанама
- D) енгізілген және енгізілмеген

Е) далалық және лабораториялық

{Дұрыс жауабы}= А

**4. Әлеуметтанымдық зерттеу бағдарламасы қандай бөлімнен басталады?**

А) мәселені анықтау

В) зерттеудің объекті мен пәнін анықтау

С) болжауларды жасау

Д) таңдауды (сұрыптау) негіздеу

Е) зерттеу тәсілін анықтау

{Дұрыс жауабы}=А

**5. Тестілеу әлеуметтанымдық әдістің мына түріне жатады:**

А) сұрақ-жауап

В) эксперимент

С) құжаттарды талдау

Д) социометрия

Е) бақылау

{Дұрыс жауабы}= А

## 11 ТАҚЫРЫП. ЭКОНОМИКА МЕН ЕҢБЕК ӘЛЕУМЕТТАНУ

### Дәріс жоспары:

1. Экономикалық әлеуметтанудың зерттеу объектісі.
2. Еңбек экономикасы әлеуметтануының пәні.
3. Қоғамдық еңбек құрылымы, оның қызметтері.
4. Еңбек мазмұны.
5. Жұмыссыздық және әлеуметтік құқық.
6. Ұйым әлеуметтануы. Оның қызметтері.

### Дәріс мазмұны:

**1.** Экономикалық әлеуметтану қоғам өмірінің мынадай екі саласын зерттейді – экономикалық және әлеуметтік. Яғни қызметтердің өндірістік аядағы мінез-құлқыны, субъектінің өндірістің әлеуметтік тиімділігін арттырудағы рөлін, сондай-ақ экономикалық мәдениет пен экономикалық мінез-құлықты.

Экономикалық әлеуметтанудың да ғылым ретінде құрылымы бар, ол тақырыптық бөлімдер мен бағыттардан тұрады. Олардың негізгілері мыналар болып табылады:

- еңбек әлеуметтануы, кәсіптер мен істер;
- бөлгіштік, мүліктік қатынастар әлеуметтануы;
- ұйымдастыру әлеуметтануы;
- басқару әлеуметтануы.

**2.** Еңбек экономикасы өндірістік қатынастармен бірге өндірістік күштердің бірлігін: еңбекті бөлу мен ұйымдастыруды, оны нормалауды зерттейді.

Еңбек мынадай қарапайым сәттерден тұрады:

- мақсатты қызмет немесе еңбектің өзі;
- еңбек мәні;
- еңбек құралдары;
- еңбек нәтижесі.

Еңбек әлеуметтануы жүзеге асу процесінде қоғамдық мәні бар белгілі бір материалдық және рухани құндылықтар жасалатын қызметті зерттейді.

**3.** Қоғамдық еңбектің құрылымы мыналардан тұрады:

1. Өндірістік күштер, бұған жекелік элементтер, яғни еңбектің өзі (ойлап табу және орындаудан тұрады) және заттық құрамдас бөліктер (еңбек және еңбек құралдары) кіреді.

2. Мақсат. Еңбек мақсатты болып саналғандықтан, қоғамдық еңбек құрылымы міндетті түрде мақсаттың жалғастырушылары болып табылатын (мақсаттың жалғастырушылары әрқашан еңбекті жасаған адамдар болып саналады) элементтерден тұрады.

Маңызды категориялардың біріне қоғамдық еңбек қызметі жатады. Қызмет немесе функция (латынша *functio* – жасау, орындау) – бұл құбылыстың қолданыстағы мәні.

Қоғамдық еңбектің қызметі мен құрылымы еңбектің біртұтас мәнінің әр түрлі аспектілерін көрсетеді:

- еңбек адам қажеттілігін қанағаттандыру тәсілі ретінде;
- еңбек қоғамдық байлықты жасаушы ретінде (адам сол арқылы өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, өз ішінде және табиғатпен зат алмасуды реттеуге және бақылауға бағытталған қызметтерді атқарады);
- еңбек қоғамды тудырушы және қоғамдық прогресс факторы ретінде (адамның қажеттіліктерін қанағаттандырып, және байлықты жасай отырып, еңбек барлық қоғамдық дамудың негізі болады);
- еңбек адамның жасаушысы ретінде (адамзат тұрмысының құндылықтарын жасай отырып, қоғамдық даму субъектісі ретінде еңбекте жалпы қоғамның өзі дами отырып, адам өзін-өзі дамытады);
- еңбек адамзатқа еркіндік жолын беруші күш ретінде (адамдарға өздерінің әрекетінің алдын ала барынша қашықтағы табиғи және қоғамдық салдарларын ескеруге мүмкіндік беруші, бұл қызмет барлық алдыңғыларды түсіндіреді).

4. Еңбектің техникалық-ұйымдастырушылық мазмұны техникамен, технологиямен, өндірісті ұйымдастырумен, еңбек мәнімен және жұмысшының шеберлігімен қалыптасатын еңбек қызметтерінің сандық және сапалық анықтылығынан айқындалады. Ол еңбек процесінің өндірістік күштерін және өндірістің тұлғалық және заттық элементерін біріктіру тәсілдерінің техникалық аспектісін сипаттайды.

Еңбектің әлеуметтік-экономикалық мазмұны индивидтің еңбегі мен бүкіл қоғам еңбегі арасындағы байланыстарды және қатынастарды көрсетеді және еңбек жасалатын қоғамдық қатынастарға тән белгілерді сипаттайды.

Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, соған сай (24- бабының 1-тармағы) әрбір адам еңбек еркіндігіне, қызмет түрі мен мамандықты еркін таңдауға құқылы.

5. Бәсеке және жұмыс орындарының тапшылығы жайындағы құбылыстарға тоқталсақ, кез келген кәсіп өкілдері жұмыссыздықпен бетпе-бет келеді.

БҰҰ жанындағы халықаралық еңбек ұйымының ұсыныстарына сәйкес кез келген жұмыс істемейтін адам жұмыссыздар қатарына жатқызылса, керемет болар еді. Қажетті шарттарға жас мөлшері (16 жастан жоғары), жұмыс табу ниеті және оны белсенді түрде іздестіруі жатады.

6. Ұйым – бұл мақсаттың, мазмұнның және еңбек шарттарының тұтастығына негізделген адамдар тобы. Адамдар «тараптардың белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруға байланысты және еңбек шарттарының негізінде жұмыс беруші мен жұмысшы арасында» туындайтын еңбек қатынастарына түседі (Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңының» 1-тарауының 1-бабын қараңыз).

Ұйым негізгі мақсат болып табылатын өндіріс үшін құрылады. Ол адам мән беретін және оның мінез-құлқына әсер ететін бірқатар әлеуметтік қызметтерді де жанама түрде атқарады:

1. Әлеуметтік-экономикалық. Ұйым жалпы немесе осы еңбектің ниет тілеген түрін және адамның мүдделерін жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді және реттейді.

2. Әлеуметтік-саяси. Ұйым еңбек ұжымы ретінде саяси өмірдің дербес субъектісі болып табылады және кейбір мүшелерге саяси тұрғыда қатысу шарты немесе институты ретінде көмек көрсетеді.

3. Әлеуметтік мәртебелік. Адам үшін өзінің қоғамдағы мәртебесі маңызды болып табылады, мұны тікелей осы ұйым атқарады.

4. Әлеуметтік қорғау. Ұйым оған ресми, іскерлік және өзімшілдік қатынас тұрғысынан қарағанмен, нақты адамдарға қиын жағдайларда аз ба, көп пе, көмек көрсетуге қабілетті.

5. Әлеуметтік бірегейлену және қажеттіліктер. Адамның табиғи қажеттіліктерінің бірі – басқа адамдармен бірлікте болу, адамдардың қандай да бір қауымға жатуы. Ұйым міне тап осындай қауым бола алады.

6. Әлеуметтік реттеу. Ұйым еңбек ұжымы ретінде қызметкердің мінез-құлқын тәртіпке келтіреді, мұнда ол өзінің жеке игіліктерін де, олардың еңбек және экономикалық мүдделерін де ұмытпайды.

7. Әлеуметтену. Ұйымда адам өзінің әлеуметтік мінез-құлқын жетілдіреді, өзін жеке тұлға ретінде көрсетеді.

8. Қарым-қатынас. Ұйымдағы қарым-қатынас адамға айрықша әсер етеді. Кейде ол сенімділік пен оның шегінің кемшілігін толықтырады, жаңа таныстарға жол ашады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.-II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Добреньков В.И. Кравченко А.И. «Методы социологического исследования».- Москва: Инфра, 2006.
9. Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма (Избр. произведения, Москва, 1990, с.61-106, 136-207.
10. Заславская Т.И. Социология экономической жизни Новосибирск, 1990.

11. Касымова Л.Н. Практикум по экономической социологии. Алматы: Экономика, 2002.
12. Социология труда. Под ред. Аитова Н.А. Алматы, 1997.
13. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **11 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Экономикалық іс-әрекет әлеуметтік іс-әрекеттің түрі ретінде. Экономикалық әлеуметтанудың категориялары.
2. Экономикалық сана және экономикалық ойлау. Экономикалық мінез-құлық.
3. Еңбек әлеуметтік үрдіс ретінде, оның сатылары. Ұжымдық еңбекті ұйымдастырудың әлеуметтік және технологиялық жақтары.
4. Еңбектің басты элементтері – мақсат, ерік, шығын. Еңбектің субъективті және объективті жақтары.
5. Ұйым ұғымына әлеуметтанымдық көзқарас. Формальды және формальды емес ұйымдар. Ұйым түрлері.
6. М.Вебердің бюрократия теориясы және қазіргі кездегі бюрократизм сарқыншақтары.

### **11 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. И.Шумпетер, В.Зомбарт, М.Вебер бойынша кәсіпкерліктің анықтамаларын сипаттаңыз.
2. Неліктен экономикалық әлеуметтану АҚШ-та 20 ғасырдың 50 жылдарында пайда болды? Әлеуметтанудың бұл саласының пайда болу себептерін көрсетіңіз.
4. «Менің өмірімдегі еңбектің рөлі» атты эссе жазыңыз.

### **Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары**

1. «Экономикалық адам» моделі және оның эволюциясы.
2. Экономикалық мәдениет және шаруашылық билік.
3. Меншік және билік, еңбек және әлеуметтендіру, кіріс және статус.
4. Фирма теориясына экономикалық талдау жасау.
5. «Постмодернистік» ұйымдар.
6. Қауым, корпорация, ассоциация шаруашылық ұйымның идеалды түрлері. Фирманың ішіндегі қатынастар құру стратегиясы.
7. Шаруашылық ұйымдарында авторитет орнатудың модельдері: бюрократизм, патернализм, фратернализм және партнёрлық. «Дәстүрлі» және «қазіргі» ұйымдастыру формалары.
8. «Еңбекке деген қатынас» категориясы.
9. Еңбек мәдениеті.
10. Еңбектегі жатсыну феномені.
11. Еңбек моралі. Еңбек сферасындағы басты құндылықтар.
12. Жұмыспен қамтамасыз ету мен еңбек нарығы. Жұмыссыздық пен еңбек мобильділігі.
13. Өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі.



## Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

### 1. Еңбек әлеуметтануының негізгі категорияларын атаңыз:

- A) еңбек мазмұны, еңбек жағдайы, еңбек сипаты, еңбекке ықыластану (мотивация)
  - B) билік, саясат, мемлекет
  - C) жан, психика, бейне
  - D) құқық, заң, норма
  - E) қоғам, қауым, топ
- {Дұрыс жауабы}=A

### 2. Еңбекке ынталандыру дегеніміз:

- A) материалдық және моральдық марапаттау жүйесі
  - B) рухани марапаттау жүйесі
  - C) тек қана моральдық марапаттау жүйесі
  - D) тек қана материалдық марапаттау жүйесі
  - E) әлеуметтік марапаттау жүйесі
- {Дұрыс жауабы}=A

### 3. Жұмысшының мүмкіндіктерін білуі, оны жүзеге асыру, зерттеу процесінде өзіндік мүдделерімен қоғамның мүдделерінің сай келуінің жолдарын үйлестіру әлеуметтануы қалай аталады?

- A) ғылым әлеуметтануы
  - B) қала әлеуметтануы
  - C) еңбек әлеуметтануы
  - D) билік әлеуметтануы
  - E) жеке адам әлеуметтануы
- {Дұрыс жауабы}=C

### 4. Еңбек әлеуметтануының негізгі категориялары:

- A) әлеуметтік резерв
  - B) өндірістік қатынас
  - C) еңбек тиімділігі
  - D) еңбек өнімділігі
  - E) барлығы дұрыс
- {Дұрыс жауабы}= E

### 5. Ұжымның әлеуметтік-психологиялық микроклиматы мен оның әрбір мүшесінің әлеуметтік индексін (бедел деңгейін) анықтайтын тәсілді көрсетіңіз?

- A) интервью
  - B) социометрия
  - C) мәліметтерді талқылау
  - D) бақылау
  - E) анкета жүргізу
- {Дұрыс жауабы}=B

## 12 ТАҚЫРЫП. САЯСАТ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ.

### Дәріс жоспары:

1. Саясат әлеуметтануының мәні, заңдары, категориялары.
2. Саясат ерекшеліктері мен саяси қызмет.
3. Саяси даму заңдары мен категориялары.
4. Саяси қатынастар.
5. Идеология саяси сананың бір түрі ретінде.

### Дәріс мазмұны:

1. Саясат және саяси қызмет. Саясат әлеуметтануы – саясат пен саяси қарым-қатынастарды зерттейтін әлеуметтану ғылымының бір саласы.

Оның пәндік құрылымы және саясаттың әлеуметтанымдық көрінісін ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотель анықтап көрсетіп берген. Мемлекеттік әлеуметтану теориясының негізі мен идеясының қалыптасуына және кейбір саяси ғылымдар принциптерінің саяси-әлеуметтанымдық пәндердің төркіндес жақтарының қалауына маңызды үлес қосқан ғалым – Аристотель. Алғашқы саяси әлеуметтану екі пәннің проблематикасы мен тәсілін байланыстыратын ғылыми білім саласы ретінде көрінеді. Оның өз алдына жеке ғылым саласы болып бөлінуі ХХ ғасырдың 20 жылдары. Батыс әлеуметтануынан басталады, яғни негізі қаланған кезден бастап бүгінгі күнге дейін даму үстіндегі жас ғылым саласы ретінде саналады. Соған қарамастан саясат әлеуметтануының өз алдына ұғымдары, заңдары т.б. ғылым ретіндегі белгілері қалыптасты. Әлеуметтік-саяси қатынастар – саясат әлеуметтануының объектісі. Бұл қатынастар таптар мен өзге де әлеуметтік топтар, этностар арасындағы, елдер – мемлекеттер, ұрпақтар, кәсіптік құрылымдар т.б. арасындағы қатынастарды қамтиды.

2. Саясат әлеуметтануы әлеуметтік-саяси қатынастарға, санаға, мәдениетке, қызмет-әрекетке, олардың өмір сүруі мен өзгеруінің заңдылықтарына байланысты бүкіл проблемалардың жиынтығын тереңдете зерттейді. Қоғам өмірінің барлық саласындағы саяси қызмет пен саясатқа талдау жасауға баса назар аударады. Саясат әлеуметтануының пәніне – саясатпен тікелей байланысты қоғамның бүкіл саласы мен құрылымының өзара сабақтас заңдары, әлеуметтік-саяси қажеттіліктер, мүдделер, тұлғалардың қызметі, әлеуметтік топтар, этностар, олардың ұйымдары, қозғалыстары, институттары жатады. Саясат әлеуметтануы бүгінгі өркениеттің ерекшеліктерін және оның қоғамдық жүйесінің көп түрлілігін ескере отырып, әлеуметтік-саяси қатынастардың өмір сүруі мен дамуының жалпы дүниежүзілік, жалпы адамзаттық заңдарын зерттеуге тиіс.

3. Осымен байланысты саяси заңдардың екі нұсқасын айтуға болады: әлеуметтік-саяси өмірдің өмір сүру заңдары. Бұған әлеуметтік-саяси өмірдің әрекет ету заңы, оны ұйымдастыру тәсілдері саяды. Өмір сүру заңдары әлеуметтік-саяси өмірдің әр түрлі элементтерінің, субъектілері

мен объектілерінің байланыстарын, олардың өзара іс-қимылдарының мәнін ашады. Мысалы, биліктің үш тармаққа бөлінуі, билік заңдары, әр түрлі саяси күштердің келісімге келу заңы, ортақ мүдделерді жүзеге асыру заңы т.б.

Даму заңы – бұл әлеуметтік-саяси өмірдің бір күйден екінші күйге өту заңы, сапалық өзгерістер заңы. Бұлар әлеуметтік-саяси құбылыстар мен формаларын анықтайды. Мысалы, революция, саяси күрес, қоғамдық-саяси қозғалыс т.с.с.

Осы заңдарға сәйкес саяси әлеуметтанудың категориялары да қалыптасады. Олар екі топқа бөлінеді:

1. Саяси өмірдің тіршілік ету категориялары. Мысалы, саяси процесс, саяси қызмет, саяси мәдениет, билік жүйесі, партиялар, бейресми бірлестіктер, популизм, ереуілдер т.с.с;

2. Даму категориялары. Мысалы, билік үшін күрес, реформа, жариялылық, көппікірлік, саясаттандырылған тұлға және т.б.

Саясаттың ортақ мәселесі – таптар, өзге де әлеуметтік топтар мен ұлттық қауымдастықтар, сондай-ақ саяси билікке қатысты мемлекеттер арасындағы қатынастар болып табылады. Таптар, басқа да әлеуметтік топтар мен ұлттық қауымдастықтар арасындағы саяси қатынастардың, олардың саяси билік үшін күресінің немесе өзге де саяси қызметтерінің нәтижесінде қалыптасып, өздері осы қызметтің әлеуметтік формасы ретінде көрініп, сол қызметтің табысты болуының айғағы болып табылады.

4. Саяси қатынастар, сондай-ақ қоғамның экономикалық, әлеуметтік салаларындағы және рухани өміріндегі проблемаларға тікелей қатынасты болады. Қоғамдық өмірдің барлық саласы бір-бірімен тығыз байланысты және бір-біріне ықпал етеді. Саяси қатынастарға қоғамның әлеуметтік-саяси өмір сүру тәсілі, сондай-ақ адам өміріндегі моральдық-психологиялық факторлар елеулі ықпал етеді. Адамдар арасындағы саяси қатынастар олардың саяси мүдделерінің тікелей ықпал етуінің әсерінен қалыптасады.

Саяси идеология аталмыш әлеуметтік-саяси күштердің мүдделері, теориялары мен ғылыми тұжырымдамалары деңгейінде көрінеді. Бұл мүдделерді мейлінше терең түсініп, олардың мәнін, мазмұнын, бағыт-бағдарын ашу керек.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.-II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.

6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **12 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Саясат әлеуметтануының мәні, заңдары, категориялары.
2. Саясат ерекшеліктері мен саяси қызмет.
3. Саяси даму заңдары.
4. Саяси қатынастар.
5. Идеология мен саяси сана арақатынастары.

### **12 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. Электоральдық үрдіске сипаттама беріңіз. Абсентизм феноменінің республикада жастар ішінде кең өріс алуының себептерін көрсетіңіз.
2. «Саяси түсінік», «саяси сенім», «саяси мәдениет қатысуы», «саяси іс-әрекет», «саяси құндылықтар мен нормалар» ұғымдарына анықтама беріңіз.
3. Саяси нұсқау деп нені айтамыз? Өз басыңызда саяси нұсқаудың көріністері бар ма?

### **Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары**

1. Қазақстандағы саясат әлеуметтануының дамуы.
2. Саясат пен саяси әлеуметтану: қайшылықтар пен ерекшеліктер.
3. Басқарудың саяси технологиялары.
4. Адам ресурстарын саяси түрде басқару.
5. Рестрикционизм, абсентизм және басқа да пассивті саяси қарсыласу түрлері.

### **Тақырыпты қорытындылайтын тестілер**

**1. Басқарушы партияның сайлауда жеңілуі әлеуметтік мобильділіктің қай түріне жатады?**

- A) горизонтальды топтық
- B) тік жоғары
- C) дербес тік төмен
- D) тік төмен топтық
- E) дербес горизонтальды

{Дұрыс жауабы} = D

**2. Сайлауда оппозициялық партияның жеңуі әлеуметтік мобильділіктің қай түріне жатады?**

- A) көлденең топтық
- B) топтық тік жоғары
- C) дербес көлденең
- D) топтық тік төмен

Е) дербес тік төмен

{Дұрыс жауабы}= В

**3. Абсентизм дегеніміз сайлауға**

А) қатысу

В) қатыспау

С) белсенді түрде қатысу

Д) келсеңіз де ешкімге дауыс бермеу

Е) жауабы жоқ

{Дұрыс жауабы}= В

**4. Рестрикционизм дегеніміз**

А) пассивті түрде қарсыласу стратегиясы

В) активті түрде қарсыласу стратегиясы

С) мобильділік

Д) жұмыссыздық

Е) таптық күрес

{Дұрыс жауабы}= А

**5. «Бюрократия» ұғымын енгізуші ғалым**

А) К. Маркс

В) Э. Дюркгейм

С) М. Вебер

Д) П. Сорокин

Е) Р. Мертон

{Дұрыс жауабы}= С

## ТАҚЫРЫП 13. БІЛІМ БЕРУ ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

### Дәріс жоспары:

1. Әлеуметтанудағы білімнің рөлі. Білім беру әлеуметтануының Э.Дюркгеймнің және Т.Парсонстың теориялары.
2. «Интеллект коэффициенті» ұғымы.
3. Білім берудің қалыптасу тарихы.
4. Білім берудегі «мәдени депривация» теориясы.
5. Қазіргі білім беру әлеуметтануының мәселелері.
6. Қазақстандағы отандық білім беру жүйесі.

### Дәріс мазмұны:

1. Әлеуметтанудағы білім беру үрдісі тұлғаның әлеуметтену процесі ретінде қарастырылады. Білім беру әлеуметтануы Э.Дюркгеймнің «Білім беру ойының эволюциясы» (1938) атты еңбегінен бастама алады. Онда ол білім берудің элитарлық теориясын ұсынды. Сонымен бірге өзінің бірқатар еңбектерінде ол білім берудің функционалистік теориясын дамытты. Оған сәйкес, білімді оқыту процесінде әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды қоғам мүшелеріне, олардың арасында бірлік болған жағдайда ендіру. Яғни білім беру үрдісі индивидтерден құрылған бұқараны біріктіріп, белгілі бір әлеуметтік тұтас бірлікке қатысын анықтайды.

Дюркгеймнен кейін функционалистік теорияны айтарлықтай дамытқан Т.Парсонс еді. Ол Дюркгеймнен кейін білім беру жүйесі индивидті қоғаммен байлыныстырудағы әлеуметтендіруші рөлінің маңызына орай келіседі. Бірақ Парсонс отбасы және білім беру мекемелерінде әлеуметтендіру ерекшеліктерін жеке-жеке талдап көрсетеді. Индивид бір стандарттан екінші стандартқа өтуге үйренуі үшін, бір күйден екінші күйге енуі үшін қазіргі қоғамдар білім берудің формальды жүйесі – арнаулы механизмді жасап берді. Парсонстың білім беру әлеуметтануында аса маңызды ережелердің бірі, білім беру жүйесі қалыпты жағдайда меритократиялық принциптер бойынша қызмет етуі тиіс. Яғни индивидтерді нақты білімі мен еңбегіне қарай бағалау қажет. Парсонс бойынша білімін, қолынан келетін ісін, қабілетін тексеруге орай білім беру жүйесі аса маңызды әлеуметтік қызметті – қоғамда әлеуметтік рөлдерді үлестіру қызметін іске асырады.

2. Білім беру әлеуметтануының орталық мәселесі – «интеллект коэффициенті» деп аталатын орны мен рөлін бағалаумен байланысты. 1970 жылы Х.Айзенк деген психолог әртүрлі өлшемдерге сүйене отырып, қара нәсілдің ақ нәсілге қарағанда интеллект коэффициенті төменірек екенін көрсетті. Мұндай ерекшеліктерді генетикалық факторлардың негізінде түсіндірді. «Интеллект коэффициенті» тек қана нәсілге байланысты емес, сонымен қатар таптық және ұлттық айырмашылықтарға байланысты. Әлеуметтік топтың ішіндегі құндылықтар мектептегі, жоғары орнындағы оқу табыстары мен кемшіліктеріне байланысты болады екен. Х.Хаймен

жүргізген зерттеулер бойынша жұмысшы табы шартты білім алуға жеке басының табысы ретінде қарамайды. Белгілі бір міндеттелген білім деңгейіне жеткен соң, ол білім алуын тоқтатады. Дж.Дуглас (1940-1960) болса оқушыларды қабілетіне қарай бірнеше топқа бөліп, оларды төрт әлеуметтік топтарға жатқызады. «Қабілеті жоқ» топқа жұмысшы табының төменгі қабатынан шыққандарды жатқызды.

Жанжалдар теориясын жақтаушылар білім қолайсыз жағдайдағы топтарды қанау үшін керек дейді.

2. Қазіргі білім берудің қалыптасуының ұзақ тарихы бар. Адамзат қоғамының әр түрлі даму кезеңдерінде білім берудің әр түрлі үлгілері құрылған.

Құл иеленушілік қоғам білім берудің екі үлгісімен сипатталады: «антикалық» және «римдік». Екеуіне ортақ нәрсе – білім берудің элитарлығы, ғылыммен және өнермен айналысу ауқатты адамдардың ғана артықшылығы.

Антикалық білім беру үлгісінде ежелгі гректер білімнің практикалық жағына аса көңіл аудармай, өнер мен философияны оқытуға басымдық берді. Сонымен қатар еріктілік пен еркінділік принциптеріне ерекше мән берілді. Білімнің римдік үлгісі унитарлық сипатта дамып, оның өзіндік нормативтік-құндылық бағдары болды. Римдік білім беру үлгісі тәртіпке негізделіп, мәжбүрлеп оқытуға басымдылығымен ерекшеленді. Білім берудің басты мақсаты – әскери басшылар мен мемлекеттік қайраткерлерді даярлау.

Орта ғасырлардан Жаңа Заманға өту кезеңінде білім беру институттары жақсы дамыды. Бастапқыда шіркеу ішінде пайда болған университеттерді құру – осы уақыт жетістіктерінің бірі болды.

Білім берудің қазіргі заманғы жүйесі XVIII ғасырдың соңында және XIX ғасырдың басында қалыптасты, ол классикалық деген атқа ие болды. Білім берудің классикалық парадигмасы еуропалық мәдениет пен өркениет жетістігінің кепілі. Міндетті бастауыш және орта білім беру принципі әлемнің көптеген дамыған елдері үшін нақты нәрсе болды. XX ғасырдың соңындағы әлем халқының 80%-нің сауатты болуы нақты факті ретінде көрініс тауып отыр.

3. Әлеуметтік әркелкіліктің моделін білім беруде – мәдени депривация теориясы деп атайды. Оған сәйкес әлеуметтік субъективті мәдениеттер білім алу саласында басқа әлеуметтік-мәдени топтармен бәсекелесуге мүрсат бермейді. Мәселе тек материалдық жетіспеушілікте емес, сәбидің қоршаған ортаның мәдени қырынан қарағандағы кедейлігі. Депривация формасына бүгін әлеуметтанушылар лингвистикалық депривацияны, тіл қолданысына қатысты мәселелердің жоқтығын жатқызады. Мұнда білім беру жүйесінің кейбір ұлт тілдерінде толық жетілдірілмегеніне орай ұлттық мектептерді бітіргендер үшін қолайсыз жағдай, лингвистикалық депривация тудырып отыратындығын атап өту керек.

Танымдық депривация дегеніміз мәдениеттің базалық элементтері – отбасында кітаптың, көркем заттардың жоқ болуында. Ал қазір бейнетехника мен компьютердің үйде болмауы да қосылады. Мәдени депривация теориясы білімге деген бірыңғай мүмкіндіктерге жол ашу білім беру саласында әлеуметтік топтар үшін тепе-тең мүмкіндіктерді тудырады. Біздің еліміздегі мамандарға зәру болған проблемаларын түзету үшін ұлттық мамандарды (мұғалім, дәрігер, ғалым, инженер) әзірлеу бағдарламалары тарихи қалыптасқан мәдени депривацияны жоюға бағытталған еді.

4. Білім беруде байқалған қазіргі үрдістердің бірқатарына мыналарды жатқызуға болады – ең алдымен, білім берудің негізгі парадигмасын өзгерту. Қазіргі әлеуметтануда білім – мәдени капитал ретінде қарастырылып, ол болашақта табыс алып келетін, капитал жинақтау көзі деп түсіндіріледі. Яғни білімді адамдар әлеуметтік топтардың ерекшеленуінің бір түрі ретінде қарастырылады. Бұл ретте екі мәселе бар: 1) білім алудағы мүмкіндіктер; 2) кәсіби дайындықтан өткізе алатын мамандардың білім деңгейлері.

Білім беруді тереңдету үшін оқытудың қарқынды әдістемелерін енгізу үрдісі, ірі ақпарат массивтерін білім беруде қолдану, білім беруді интернационализациялау, яғни бірлескен халықаралық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, студенттер мен оқытушылардың алмасу үрдістерін жаңғырту, үздіксіз білім беруді дамыту, тұтас алғанда, үздіксіз білім беруді адам өмірінің ажырамас құқықтарының бірі ретінде қарастыру мәселелері – білім беруді одан әрі ілгері дамытудың жаңа формалары болып табылды.

XX ғасырда жоғары білім алу – орташа топтың өкілі болуының айғағы. Соңғы статистикалық мәліметтер бойынша, жапон жұмысшыларының жұмысқа алғаш рет орналасқандарының ішінде 93%-ы толық орта және жоғары білімдері бар, ал олардың 38%-ы – жоғары оқу орындарында білім алған. АҚШ-та барлық сатушылар мен жұмысшыларының 25%-ы – жоғары білімді адамдар.

Қазір білім беру жүйесінде үш проблема айқындай түседі:

– жоғары және кәсіби білім беруде формальды түрде емес аса мәртебелі, болашағы зор мамандықтарға ие болу мүмкіндіктерді барлық ұлттар мен әлеуметтік топтарға ашу;

– білім беру жүйесінің бұрмаланған құндылықтардың орнына саяси демократияландыру үрдісін қалыптастыру;

– білім беру мекемелерінің балама түрлерін, олардың әлеуметтік тиімділігін қарастыру.

5. Отандық білім берудің басты міндеті – әлемдік мәдениет шеңберіне кіруі. Бұл бағытта бұл саланы гуманитарландыруын, компьютерлендіруін, жоғары оқу орындарының дербестігін, мемлекеттікпен қатар мемлекеттік емес білім беру жүйесін дамыту мәселелерін шешілуі.



Қазақстанның жоғары оқу орындарына мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен оқуға қабылдау үш кезеңде жүзеге асырылады:

1. ҚР білім және жоғары білім министрлігінің Республикалық тестілеу орталығы кешенді тестілеу нысанында емтихан жүргізеді. Тесттен өткен талапкерлерге мемлекеттік сертификат беріледі.

2. Тестілеу жөніндегі республикалық комиссия мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындауға конкурс өткізеді немесе мемлекеттік білім беру несиесін алу құқығын береді.

3. Комиссияның мемлекеттік білім беру грантын немесе мемлекеттік білім беру несиесін алу құқығын беру туралы шешіміне сәйкес, қалауы бойынша кез келген жоғары оқу орнын таңдауына және 10 тамыздан бастап 25 тамызға дейін осы жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясын тапсыруына болады.

Біздің еліміздегі жоғары оқу жүйесі екі дәрежелі оқыту сатысына көшті: бакалавриат және магистратура. Бірінші дәреже төрт жылда аяқталады және белгілі бір мамандық бойынша жоғарғы білім береді, екінші дәрежені бір және екі жыл ішінде жоғары оқу орнын бітірушінің кәсіби білімін көтеру мақсатында оқиды және аяқтағаннан кейін өз саласында ғылыми қызметпен айналысуға құқық береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжін М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-44 б.
4. Тәжін М. Әлеуметтану.- II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжін М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **13 тақырып бойынша семинар сұрақтары**

1. Әлеуметтанудағы білімнің рөлі.
2. Білім берудің тарихи қалыптасқан мектептері.
3. Антикалық білім беру жүйесі және оның ерекшеліктері.
4. Дүниежүзілік жоғары білім үрдісі – бірінші университеттерден кредиттік технологияларға дейін.
5. Қазақстандағы отандық білім беру жүйесінің ерекшеліктері.

### **13 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. «Дистанциялық оқудың кемшіліктері» атты тақырыпқа эссе жазыңыз.

- Интернетті пайдаланып оқудың артықшылықтарын ашып көрсетіңіз.
- «Білім берудің әлеуметтендіру процесіндегі рөлі» атты диспут өткізіңіз.
- Әлеуметтану курсының қалаған тарауын іскерлік ойын формасында өткізіңіз.

### **Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары**

- Кредиттік технологиялардың маңыздылығы және қайшылықтары.
- Дәстүрлі жоғары білімнің кемшіліктері мен артықшылықтары.
- Болондық декларациясының ерекшелікті мен басты негіздері.
- Он екі жылдық орта білімге өту үрдісі.
- Республикада кәсіптік білімді жаңғырту формалары.

### **Тақырыпты қорытындылайтын тестілер**

#### **1. Білім беру әлеуметтануының пәнін анықтаңыз:**

- A) әлеуметтік институт ретіндегі білім беру жүйесі
  - B) білім берудің деңгейлері
  - C) білім беру бағдарламасы
  - D) білім беру – саяси жүйе
  - E) барлығы дұрыс
- {Дұрыс жауабы} = A

#### **2. «Студент» ұғымы қандай сөзден шыққан?**

- A) жасау
  - B) салу
  - C) сызу
  - D) іздену
  - E) жобалау
- {Дұрыс жауабы} = D

#### **3. Парадигма ол:**

- A) теориялық жүйе
  - B) басты шарттар мен принциптер тұтастығы
  - C) теориялық концепциялар
  - D) ғылыми бағдар
  - E) кертартпа пікірлер
- {Дұрыс жауабы} = C

#### **4. Интеллигенцияның көпшілік қабылдаған анықтамасы қандай?**

- A) жоғары білікті механизацияланған еңбекпен айналысатын қызметкерлер тобы
  - B) біліктілігі төмен ой еңбегі қызметкерлерінің тобы
  - C) біліктілігі жоғары дене еңбегі қызметкерлерінің тобы
  - D) жоғары білікті қол еңбегі қызметкерлерінің тобы
  - E) жоғары білікті ой еңбегі қызметкерлерінің тобы
- {Дұрыс жауабы} = E

#### **5. Қазақстанда жоғары білім жүйесіне кредиттік технологиялар қай жылы енгізілді?**

- A) 2005

B) 2006

C) 2007

D) 2010

E) 2012

{Дұрыс жауабы}=A

## 14 ТАҚЫРЫП. ДІН ӘЛЕУМЕТТАНУЫ

### Дәріс жоспары:

1. Дін әлеуметтануың пәні.
2. Діннің анықтамасы мен дін әлеуметтануың зерттеу әдістері.
3. Діннің жүйесі.
4. Діннің пайда болу себептері оның қоғамдағы рөлі.
5. Әлемдік дін түрлері.
6. Діни сана, діни психология, діни идеология.

### Дәріс мазмұны:

1. Дін әлеуметтануы ғылыми пән тұрғысында ХІХ ғасырдың ортасынан бастау алады. О.Конттың пайымдауынша, дін адам қоғамы пайда болуынан-ақ оның құрамдас бөлігіне айналған. Дін әлеуметтануың пәні дегеніміз дінді әлеуметтік феномен ретінде қарастыру. Демек дінді бақылау, эмпирикалық әдістер арқылы зерттеу мүмкіндерін пайдалану. Дін әлеуметтануы орта деңгейдегі әлеуметтанымдық теорияларға жатады.

2. Американдық әлеуметтанушысы Р.Л.Джонструн дін дегеніміз «діни сенім мен ритуалдың жүйесі, оның көмегімен адамдар табиғи және құдыретті күш дегендерді түсіндіреді және оның әсерін көрсетеді» деп анықтама берген.

Дін әлеуметтануы негізінен екі ғылымдардың арасында жатыр. Оның біреуі – әлеуметтану, екіншісі – дінтану. Діни философия, теология, діни психология мен феноменологиялар да діни әлеуметтанумен сабақтасып жатыр.

3. Діннің жүйесі өте күрделі. Ол негізінен мынадай элементтерден құралады: діни сенім, діни ілім, діни іс-әрекет.

Діни сенім – кез келген діннің алғашқы элементі. Оған діни сезімдер, діни эмоциялар, діни көңілдер жатады. Сенім діни мәтіндерден, иконалардан, діни қызметтерден туындайды. Құдайдың бейнесі пайда болып, онымен қарым-қатынас жасауға мүмкіншіліктер туады.

Діни ілімдер философтар (діни философия) мен теологтардың туындыларынан пайда болады.

Діни іс-әрекет миссионерлер арқылы жүзеге асады. Оның негізі – діни ғибадат. Ғибадатқа Құдайға табынуға байланысты іс-әрекеттер жиынтығы жатады. Мысалы, діни мейрамдар, намаз оқу, діни уағыздар, діни әдет-ғұрыптар т.б.

Діни әдет-ғұрыптар магиялық, мистикалық, рәміздік болып бөлінеді.

Діни ғибадатты жүзеге асыру үшін мешіттер, храмдар, шіркеулер, діни өнер, ғибадат заттары (киім-кешек, діни аспаптар) қажет.

Діни ұйымдардың өзіндік иерархиялық жүйесі бар. Мысалы, рим папасы, патриархия т.б. Молдаларды дайындайтын арнайы оқу орындары да қазіргі кезде аз емес. Шіркеуге қарағанда секталарға оппозициялық көзқарас тән және де олар өз мүшелерін қатаң түрде бақылайды.

3. Діннің пайда болу себептері діни әлеуметтануда екі түрде көрсетілген. Біріншісі, дін адаммен бірге пайда болған. Демек адам жарату актіне сәйкес Құдайдан жаратылған. Екіншісі, дін – адам санасының өнімі. Демек Құдайды адамның өзі ойлап тапқан. Осы орайда үш діни ағымдар бар: фетишизм немесе тастардың, тұмарлардың, ағаштардың магиялық қасиеттеріне сену; тотемизм немесе жануарлар мен өсімдіктерді өздерінің мифологиялық арғы ата-бабалар ретінде санау; анимизм немесе рухтарға сену.

Діннің пайда болуы мен қалыптасуының тағы бір жолы – адамдардың қоршаған табиғаттың – күннің күркіреуі, найзағайдың жарқылы, судың тасуы, жердің сілкінуі, өрт, жұт сияқты дүлей күштердің алдындағы дәрменсіздігі.

4. Әлемдік тарихта күшті әсері бар үш дін қалыптасқан. Олар – буддизм, христиандық және ислам.

Буддизм – өте ертеде, бұдан 25 мың жыл бұрын пайда болған. Будда ілімінің мазмұны – имандылық саласындағы адамдардың таза ой мен тәртіп сақтауында. Қазіргі уақытта буддизм Үнді, Қытай жартыаралдарында маңызды қоғамдық-саяси және мәдени рөл атқаруда.

Христиан діні б. з. 1- ғасырда пайда болған әлемдік діннің бірі. Қазір ол ең көп тараған дін. Негізгі басшылыққа алатын заңы – қасиетті кітаптың (Библияның) ұстанымдарын орындау және инабатты болу. Еуропа мен Америкада оған сенушілер 1024 миллион адамнан асады.

Ислам б. з. 7 - ғасырда пайда болған әлемдік дін. Бүгінгі әлемде оған 1,5 миллиардтан астам адам сенеді. Мұхаммед құрған ислам дінінің бұлжытпай орындауға тиісті заңдары – Қасиетті кітап болып есептелетін Құранда көрсетілген.

5. Діни сана қоғамдық сананың ежелгі формаларының бірі. Діни сана екі деңгейдегі құбылыстардан құралады. Бірінші деңгейі – діни психология құбылыстары, ал екінші деңгейі – діни парасат, ақыл-ой құбылыстары, яғни діни идеология.

Діни психология дегеніміз белгілі бір дінге байланысты адамдардың сезімдерінің, көңіл-күйлерінің, мінез-құлықтарының жиынтығы. Г.Гегель философиясында діннің мақсаты біреу – ол «абсолютті ақиқат» болып табылады деген ой бар. Оған жету үшін философия логикалық ұғымдарға, ал дін түсініктер мен бейнелерге негізделеді. Діни психологияның таным құралы негізінен нақты образдар болып табылады. Діни психологиясы қалыптасқаннан кейін ол адамдардың жан дүниесінің үлкен күшіне айнала бастады. Стихиялы түрде қалыптасқан діни психологияны, оның түсініктері мен бейнелерін өңдеу, жөндеу, бағыттау өте қиынға түседі.

Діни әлеуметтану ғылымы дін иелерін адамның діни психологиясының осы табиғатын ұтымды пайдалануға шақырады.

Діни идеология дегеніміз белгілі бір тәртіпке, жүйеге келтірілген діни ойлардың жиынтығы. Діни идеология ғұламалардың, діни қайраткерлердің жасаған идеяларының жүйесі. Діни идеологияның қоғамдық болмысты, адамдарды қоршаған дүниені танудағы құралы

негізінен діни мазмұнды түсініктер мен ұғымдар болып табылады. Будданың Бенарес уағызы, Иисус Христостың Нагорный уағызы және Мұхаммед Пайғамбардың «Мәдинедегі умма қауымдастығының жарғысы» логикалық сабақтастық пен қарама-қарсылыққа құрылған түсініктер мен ұғымдардан тұрады. Олар кейіннен ұлы діндердің негізгі шығармаларына арқау болды. Ұлы діндердің діни идеологияларының жүйесі «Трипитака», «Библия» және «Құранда» көрінеді. Діни сана қоғамдық болмысты, адамдарды қоршаған дүниені діни психологиядан гөрі тереңірек және толығырақ бейнелейді. Сондықтан ол діни сананың жоғарғы деңгейі болып табылады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.- II Т. - Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Гараджа В.И. Социология религии. М.,1996.
9. Религия и общество. Хрестоматия по социологии религии. М., 1996.
10. Еремеев Д.Е. Ислам: образ жизни и стиль мышления. Москва,1990.
11. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **14 тақырып семинар сұрақтары**

1. Дін әлеуметтік институт ретінде, оның генезисі, орны және қоғамдағы рөлі.
2. Діннің функциялары.
3. Дін әлеуметтануы және дін туралы басқа ғылымдар.
4. Дін әлеуметтануының әдістемесі.
5. Діннің құрылымы және классификациясы.
6. Діни іс-әрекет.

### **14 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. Қазақстандағы діни жағдайға сипаттама беріңіз.
2. Діннің әлеуметтанымдық теорияларын сипаттаңыз.
3. Р.Беллахтың жүйесін №10.1. кестені пайдаланып, дінің түрлеріне сипаттама беріңіз.

№10.1. кесте.

Категория	Мысал	Символдар жүйесі	Діни іс-әрекет	Діни ұйымдар	Әлеуметтік мәні
Қарапайым	Австралиялық	Адамдар мен заттардың мифологиялық бейнелері	Идентификациялау	Мешіт жоқ	Әлеуметтік ынтымақтастықты бекітеді
Архаикалық	Полинезиялық және Африкалық	Құдайға ұқсас бейнелер	Табыну және құдайы беру рәсімдері	Әр түрлі культтер	Әлеуметтік конформизм сұраныстары
Тарихи	Ежелгі еврей діні	Табиғи нәрселер мен ғажайып нәрселер арасындағы байланыс	Жақсы істер арқылы жанның тыныштық табуы	Мешіттердің пайда болуы	Қоғам мен дін арасындағы қақтығыс
Ерте модерндік	Реформация кезеңіндегі Протестантизм	Адам мен Құдай арасындағы байланыс	Сенім Тұжырымдамалары	Діни қауымдарда өкіл болу	Әлеуметтік жүйедегі өзгерістер
Модерндік	Қазіргі заман діндері	Тұлға мен оның парызы	Өзіндік этикалық принциптерді табу	Мешіттің өкілі болу	Қоғамдық мәдениет пен құндылықтарды дамыту

### Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары

1. Теология және дін.
2. Р.Беллах пен М.Вебердің дін типтері жүйесі.
3. Діни ұйымдар.
4. Мемлекет пен мешіт қатынасы.
5. Қазақстандағы қазіргі кездегі діни жағдай
6. Діни секталар.

### Тақырыпты қорытындылайтын тестілер

#### 1. Дін типтері жүйесін жасаушылар:

- A) Р.Беллах пен М.Вебер
- B) К.Маркс пен Ф.Энгельс
- C) П.Сорокин мен Т.Парсонс
- D) Р.Мертон мен Э.Дюркгейм
- E) Э.Мэйо мен У.Ф.Тейлор

{Дұрыс жауабы}=А

#### 2. Дін құрылымының ең басты элементі:

- A) сана
- B) сенім

С) іс-әрекет

Д) дәстүр

Е) тәубе

{Дұрыс жауабы}=В

**3. Дінді ғылыми түрде зерттейтін ғылым:**

А) әлеуметтану

В) саясаттану

С) философия

Д) теософия

Е) теология

{Дұрыс жауабы}=Е

**4. Буддизм, христиандық, ислам дегеніміз**

А) діндер классификациясы

В) діндер құрылымы

С) әлемдік діндер түрлері

Д) дін типтерінің жүйесі

Е) ертедегі пайда болған басты діндер

{Дұрыс жауабы}=С

**5. Толеранттық дегеніміз басқа адамдардың діни ұстанымын**

А) мақұлдау

В) мақұлдамау

С) менсінбеу

Д) кемсіту

Е) ардақтау

{Дұрыс жауабы}=А



## 15 ТАҚЫРЫП. ЭТНОӘЛЕУМЕТТАНУЫ НЕМЕСЕ ҰЛТТАР ӘЕУМЕТТАНУЫ.

### Дәріс жоспары:

1. Этноәлеуметтанудың зерттеу пәні.
2. Этностың негізгі белгілері мен даму кезеңдері. Этнос қауымдастығы ұғымы.
3. Ұлттық-этникалық қатынастар. Қазақ ұлтының қалыптасуы.
4. Қазақстандағы ұлттық қайшылықтар.
5. Қазіргі жағдайдағы Қазақстандағы ұлттық мәселелер.

### Дәріс мазмұны:

1. Этноәлеуметтану – этнография мен әлеуметтанудың түйісуінен пайда болған жаңа ғылыми бағыт. ХХ ғасырдың 60-жылдарының екінші жартысында Шығыс елдерінде ол этноәлеуметтану ілімінің дербес саласына айналды. Этноәлеуметтану термині екі сөзден тұрады: этнос (грекше, қоғам, топ, тайпа, халық) және әлеуметтану (латынша – қоғам жайлы ілім). Этноәлеуметтану – әртүрлі этностардың (тайпа, халық, ұлт) пайда болуын, мазмұнын және қызметін зерттейтін әлеуметтанудың саласы.

2. Этнос белгілі бір сыртқы түр-келбеттің ортақ белгілері, сондай-ақ біршама қалыпты мәдениет және тіл белгілері, мінез-құлық, қоғам және басқа ұлттар мен нәсілдерге ұқсайтын адамдар тобының тарихи қалыптасқан бірлестігі, одағы. Этностың сипатын, қатынасын көрсететін және басқа этностардан ажырататын белгілері: тіл, халықтық өнер, әдет-ғұрып, дәстүр, қалыптасқан тәртіп, дағды, яғни ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдениет компоненттері. Бұлар өзіндік ерекшеліктері бар этностық мәдениетті құрады.

Этностың белгісі – мәдени құндылық. Қазіргі заманғы ең негізгі этностық топ – ұлттық топтасу. Ұлт дегеніміз аумақ бірлігі, тіл мен мәдениет бірлігінен көрінетін психикалық кейіп және экономикалық өмір бірлігі негізінде тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты қауымдастығы. Халықтық этнос – құл иеленуші және феодалдық қоғамдарға тән қауымдастық. Оның негізгі белгілері аумақ, тіл және психикалық кейіп бірлігі. Бірақ корольдік, княздік, хандық-сұлтандық сияқты толып жатқан ұсақ феодалдық қауымдастықтардың арасында тұрақты экономикалық қарым-қатынас, бірлік болмады, сондықтан бытыраңқы шаруашылық негізінде ұлттық қауымдастық қалыптаса алмады. Тек капитализмнің тууы мен дамуы ғана ұлттың пайда болуына жағдай жасайды.

3. Ұлт – капиталистік дамудың жемісі. Ұлт феодалдық ыдыраудың және капитализмнің қалыптасуы дәуірінде әртүрлі халықтардың бірігуі нәтижесінде пайда болды. Бұл жана қатынас терең еңбек бөлінісін, кең ауқымды және мықты экономикалық байланысты т.б. талап етеді. Ұлттың қалыптасуында мемлекет маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Еуразияның екі аймағының – Орта Азия мен Сібірдің арасында орналасқан ірі мемлекеттің бірі. Түркі әлеміндегі қазақ

халқының қалыптасуына негіз болған этногенетикалық туыстықтың тамыры көне дәуірден басталады. Қазақ халқын құраған Қазақстан мен Орта Азия шегінде біздің дәуірімізге дейін өмір сүрген сақ, үйсін, қаңлы, түркі, түргеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ, найман, арғын, керей, қоңырат, жалайыр, дулат т.б. көптеген ру-тайпалар еді. Қазақ халқының тамыры тереңде жатқан тарихи дамуының нәтижесінде XV–XVII ғасырларда оның қазіргі ұлттық аймағы қалыптасты. Қандай қиыншылықтар мен шапқыншылықтар болса да, қазақтар өз тілін, туып-өскен жерін сақтап қалды, этностық компоненттерді дамыта түсті.

XVIII ғасырдың басынан бастап (үш жүз жылға жуық уақыттан бері қарай), қазақ халқының тарихы Ресей империясымен байланысты болды. Уақыт талабына қарай, қилы кезеңдерде бұл қарым-қатынас әртүрлі бағаланды.

4. Кеңес Одағы кезінде ұлт мәселесі шешілді, енді ұлттардың гүлденуі мен өзара жақындасу тенденциясы басталды деп уағыздап келді. Алайда халықтардың теңдігі мен еркіндігі заң жүзінде жарияланғанымен, шын мәнінде Ресей империясы Қазақстанда метрополияның рөлін атқарды.

Қазақстанда ұлт саясатының қалай «шешілгендігін» дәлеледейтін фактілерге тоқтала кетейік. Нәтижесінде, 1916-1945 жылдар ішінде қазақтардың саны 3 миллион 150 мыңға кеміді. 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс, Ақпан және Қазан төңкерістері, азамат соғысы жылдарында шаруашылықтың күйзеліске, ашаршылыққа душар болуынан 950 мың қазақ немесе елде тұратындардың 18-19%-ы басқа елдерге қоныс аударды. Жасанды ұйымдастырылған аштықтың нәтижесінде голощекиндік зұлматтан Қазақстанда 2 миллион 300 мың қазақ қырылды. Аштықтан және зұлматтан аман қалу үшін 900 мың қазақ шет аймаққа – шекаралас Ресейге, Орта Азияға, сондай-ақ Қытай, Монғолия, Ауғанстанға және Иранға қаша көшті. Өлгендерін және шет жерге көшкендерін қоса есептесек, қазіргі Қазақстан Республикасындағы жергілікті халық өзінің 70%-на жуығынан айырылған.

1937-1938 жылдарда террор жаппай сипат алды. Бұл жылдарда Кеңес өкіметін орнату мен нығайтуда қатысқандардың көбі: А.Асылбеков, Т.Рысқұлов, Ә.Әйтиев, С.Арыншиев, Б.Алманов, Н.Төреқұлов, Ж.Сәдуақасов, Н.Сырғабеков, С.Шәріпов, М.Жәнібеков т.б. халық жаулары деп жарияланды.

Қазақ әдебиетінің негізін салушылар – С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Асфандияров, М.Төлепов және басқалар жазалау шараларының құрбаны болды.

Ұлт саясатындағы өзекті проблема – тіл мәселесі. Шындығына келгенде, республикада орыстандыру саясаты жүргізілді. Орыс тіліндегі бала бақшалар, мектептер көбейе түсті. Орыс тілін нашар білетін жоғары білімді азаматтар басқару қызметіне жоғарылатылмады, себебі орыс тілі мемлекеттік тіл болды. Рас, қазақ тілі мемлекеттік деп жарияланғанмен,

төменнен жоғарыға дейінгі ұйымдарда іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді.

Ұлт саясатының жақсы нәтижесінің бір саласы – халыққа білім беру саласы. Халықтың білімділігі жағынан біз бірқатар дамыған елдерден кем емеспіз. Сауатыздық деген атымен жойылды. Жаппай жалпыға бірдей орта білім беруге көштік. Әрбір үш адамның бірінің жоғары және орта арнаулы білімі болды. Жоғары потенциалды ғылымның берік негізі қаланды.

Ұлт саясатындағы маңызды мәселелердің бірі – азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету. Бұл келісім халықтардың экономикалық теңдігін, саяси және мәдени дамуын, өзара достықты, ұлттық мүдделер мен ұлттық ерекшеліктерді, тілдердің бір-біріне деген құрметін қамтамасыз етеді.

**5.** Қазақстанда жүргізіліп жатқан ұлттық саясат – көп ұлтты халқымызды өзара жақындастыру, олардың қарым-қатынастарын, достығын нығайту.

Әрбір ұлттың өз ерекшелігі бар. Сондықтан ұлттық қатынасты жан-жақты дамыта отырып, әрбір ұлттың, халықтың өзінің тарихи қалыптасқан дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, салт-сана жүйелерін байыта түсуге толық жағдай жасалды. Мұны біздің республикамызды мекендеуші ұлттардың өкілдері өздерінің күнделікті тұрмысында сезінуде. Олардың өз тілінде оқуға, білім алуға, түрлі қоғамдық ұйымдарды құруға құқықты екені Конституциямызда былай жазылған: «Қазақстан республикасының азаматтарына, ұлтына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, мүліктік және лауазымдық жағдайына, әлеуметтік-қоғамдық бірлестікке мүшелігіне, сондай-ақ бұрын қылмыстық жазаға тартылғанына қарамастан, құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік берілді. Азаматтарды кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салынады» делінген. Бұл қағидалар – ұлтаралық мәдениеттің, оны жүргізудің бұлжымас негізі.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сәрсенова Ж. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.-Алматы:Нұр-Принт, 2010.-238 б.
2. Әбсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
3. Тәжин М., Аяғанов Б. Әлеуметтану: Оқулық.- Алматы, 2006.-144 б.
4. Тәжин М. Әлеуметтану.-II Т.- Алматы: Қазақ университеті, 2005.
5. Социология: Лекциялар курсы /Ә.Х.Тұрғымбаев/.- Алматы: Білім, 2001.- 160 б.
6. Тәжин М., Аяғанов Б. Социология негіздері: Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы.- Алматы: Ана тілі, 1993.- 144 б.
7. Акбаева Л.Н. Социология: Электронное учебное пособие, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.
8. Абдильдин Ж., Нысанбаев А. Политика национальных отношений в Казахстане //Мысль, 1994, № 4.

9. Интернет ресурстары: [www.sociology.ru](http://www.sociology.ru)

### **15 тақырып семинар сұрақтары**

1. Ұлттар әлеуметтануы, «этникалық бірлік» ұғымы, «этнос», «отбасы», «ру», «тайпа», «ұлыс», «ұлт», «халық» ұғымдары.
2. Этноәлеуметтануының бағыттары – экономикалық, әлеуметтік, рухани.
3. Этноәлеуметтануының басты ұғымдары: «шовинизм», «ұлтшылдық», «нәсіл теңсіздігі», «этникалық топ», «расизм», «ассимиляция», «толеранттық».
4. Ұлтшылдық феномені.

### **15 СӨЖ тапсырмасы (жазбаша)**

1. Мына терминдер анықтама беріңіз: «шовинизм», «ұлтшылдық», «расалық айырмашылықтар», «этникалық топ», «расизм», «ассимиляция», «толеранттық».
1. Ұлттар арасындағы әлеуметтік теңсіздік дегеніміз не? Қазақстанда оны 4 көріністеріне мысал келтіріңіз.
3. Қазіргі кезеңде республикада ұлтаралық қатынастардың ерекшеліктері қандай? Олар демократиялық ұлттық саясатқа негізделген бе?
4. Жалпыұлттық мәдениетті қалыптастыруда Қазақстан халықтар ассамблеясының рөлі қандай?

### **Рефераттар мен баяндамалардың тақырыптары**

1. Ұлтаралық жанжал.
2. Қазақстандағы қазіргі ұлтаралық жағдай мен биллингвизм феномені.
3. Қазақстандағы демография мәселесі мен саясаты.
4. Дін – рәміздік жүйе ретінде.
5. Діннің әлеуметтанымдық теориялары.
6. Қазақстандағы ислам діні.
7. Нәсілдік кемсіту ерекшеліктері.

### **Тақырыпты қорытындылайтын тестілер**

#### **1. Этностың ең жоғарғы формасы**

- A) ұлт
- B) нәсіл
- C) тайпалық одақтар
- D) қауым
- E) этноним

{Дұрыс жауабы} = A

#### **2. Аталған категорияларды өз мағыналық анықтамаларымен сәйкестендіріңіз:**

- 1) толеранттық
- 2) космополитизм
- 3) билингвизм

1. қостілділік әлеумет
2. абстракцияларға бой ұру
3. өзін ұлт мәдениетінен жоғары қою
4. келісімпаздық
5. бөгде өмірсалтқа төзімділікпен қарау
6. күшпен мойындату

{Дұрыс жауабы}=1-5; 2-3; 3-1

**3. Ұлтшылдықтың ең асқынған формасы**

- A) расизм
- B) шовинизм
- C) ассимиляция
- D) толеранттық
- E) паритет

{Дұрыс жауабы}=B

**4. Ұлт әлеуметтануының басты бағыттары**

- A) әлеуметтік, рухани, саяси
- B) рухани, саяси, экономикалық
- C) экономикалық, әлеуметтік, рухани
- D) экономикалық, мәдени, саяси
- E) мәдени, саяси, ғылыми

{Дұрыс жауабы}=C

**5. Бір ұлтты өздерінің байырғы жерлерінен қудалау үрдісі дегеніміз**

- A) ассимиляция
- B) расизм
- C) ұлтшылдық
- D) толеранттық
- E) биллингвизм феномені

{Дұрыс жауабы}=A

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН ТЕКСЕРЕТІН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТАСТАЦИЯДАҒЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ**

1. Соңғы екі жылдағы Қазақстандағы туу мен өлу қорытындысының салыстырмалы анализі.
2. Демография мен отбасы әлеуметтануының ортақ мәселелері.
3. Девианттық мінез-құлық (ауытқу) әлеуметтануы: ұғымдар, себептер, жағдайлар.
4. Әлеуметтік девиацияның негізгі түрлері (қылмыстық, нашақорлық, жезөкшелік, өзін-өзі өлтіру, ішімдік).
5. Девианттық мінез-құлық әлеуметтануын коррекциялаудағы әлеуметтік технология.
6. Әлеуметтану процесінде мәдениеттің рөлі.
7. Мәдени құндылықтаға тоқталыңыздар.
8. Тілдің әлеуметтік мәнін анықтаңыз. Қазақ тілінің әлеуметтік беделін көтеру мәселелері.
9. Алғашқы әлеуметтанулық ақпараттарды жинау әдістерін анықтаңыздар.
10. «Қазақстандағы сайлау компаниясының ерекшеліктері» тақырыбына ақпараттар жинау мен әлеуметтанымдық талдау жүргізу.
11. Сыртқы саясат және халықаралық қатынастар мәселесі: әлеуметтанулық тұжырымдамалар жасаңыздар.
12. ҚР саяси өміріндегі саяси партиялардың рөлі, оларға аналитикалық справка дайындау.
13. Қазіргі жастардың патриоттық санасына баға беріңіз.
14. Студенттік жастардың әлеуметтік мәдениетінің қалыптасуына үкіметтік емес ұйымдардың (НПО) ықпалын анықтаңыз.
15. Жеке тұлғаның әлеуметтену процесіндегі тілдің орны мен рөліне өз пікіріңізді білдіріңіз.
16. Қоғамдық пікірді қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне көзқарасыңызды білдіріңіз.
17. Сіздің тұлғалық бітіміңіздің қалыптасуындағы өз университетіңіздің рөліне сипаттама беріңіз.
18. Алматы қаласының инфрақұрылымының әлеуметтік маңызына көзқарасыңызды анықтаңыз.
19. Бүгінгі киноөнерінің әлеуметтік қуатына талдама жасаңыз.
20. Бүгінгі театрдың әлеуметтік бағдарына өз пікіріңізді білдіріңіз.
21. Қазақстандағы көркем әдебиеттің әлеуметтік болмысына талдау жасаңыз.
22. Бүгінгі педагогикалық ғылымының әлеуметтік тиімділігіне баға беріңіз.
23. Сіздердің әлеуметтену кеңістігіңіздегі әлеуметтанудың орны мен рөліне сипаттама беріңіз.
24. Нашақорлыққа әлеуметтік құбылыс ретінде баға беріңіз.
25. Бүгінгі Қазақстандағы коррупциялық жағдайға әлеуметтік аномия ретінде көзқарасыңызды білдіріңіз.

26. Айтыс өнерінің әлеуметтік мазмұнына сипаттама беріңіз.
27. Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі кредиттік технологияның әлеуметтік маңызын көрсетіңіз.
28. Нарықтық қатынастың әлеуметтік мәнін ашыңыз.
29. Бәсекенің әлеуметтік қатынас формасы ретіндегі мазмұнын ашыңыз.
30. Сіз үшін қандай әлеуметтік құндылықтардың салмағы басым?
31. Бүгінгі Қазақстанда ұрпақтар арасындағы сабақтастық байланысқа көзқарасыңызды білдіріңіз.
32. Қазіргі жастардың (поп, рэп, рок, rnb т.б.) музыкаларының әлеуметтік бағдары мен қуатына сипаттама беріңіз.
33. Тұлғаның әлеуметтенуіндегі діннің рөлін анықтаңыз.
34. Қазақ халқының әлеуметтік қатынасының көне формаларын анықтаңыз және олардың әлеуметтік мазмұнына сипаттама беріңіз.
35. Жарнаманың әлеуметтік болмысына көзқарасыңызды білдіріңіз.
36. Бүгінгі әлеуметтік кеңістіктегі некелік шарт құбылысына әлеуметтанымдық тұрғыдан талдау жасаңыз.
37. Кәмелеттік жасқа толмаған жастардың қылмыстық әрекетіне барудың әлеуметтік алғы шарттарын анықтаңыз және оның салдарына баға беріңіз.
38. Өсектің қоғамдағы әлеуметтік орнына өз пікіріңізді білдіріңіз.
39. Қыздар арасында шылым шегу жағдайына әлеуметтік тұрғыдан сипаттама беріңіз.
40. Сән өнерінің әлеуметтік мәнін ашыңыз.
41. Жезөкшелікке әлеуметтік құбылыс ретінде баға беріңіз.
42. Бүгінгі жастардың әлеуметтік мәдениетіне өз көзқарасыңызды білдіріңіз.
43. Алматы қаласындағы көлік кептелісінің әлеуметтік мазмұнын ашыңыз.
44. Қазіргі жастардың патриоттық санасына баға беріңіз.
45. Ислам діннің әлеуметтік нормалық болмысын ашыңыз.
46. Ислам дініндегі санкциялық жүйенің әлеуметтік мазмұнын ашып көрсетіңіз.
47. Интернет жүйесінің әлеуметтік мазмұнын ашып көрсетіңіз.
48. Адам сату үрдісінің әлеуметтік табиғатына өз пікіріңізді білдіріңіз.
49. Бүгінгі ер балалардың әскери борышын өтеуден жалтарудың әлеуметтік факторларын анықтаңыз.
50. Бұқаралық мәдениеттің әлеуметтік салдарын анықтаңыз.
51. Бүгінгі Қазақстандағы теледидар бағдарламаларының әлеуметтік мазмұнын ашып көрсетіңіз.
52. Бүгінгі базардағы әлеуметтік мәдениетке көзқарасыңызды білдіріңіз.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН ТЕКСЕРЕТІН АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ МЕН ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАЦИЯДАҒЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

### **1. Әлеуметтанудың қызметінің өз сәйкестігін анықтаңыз:**

{тапсырма түрі}=1

{салыстыру нұсқаларының саны}=5

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтанудың атқаратын қызметі

1) гносеологиялық қызмет

2) басқарушылық қызмет

3) тәрбиелік қызметі

4) болжамдар жасау қызметі

5) дүниетанымдық қызмет

{екінші бағана атауы}= Қызметке сәйкес әрекеттер жүйесі

1. әлеуметтік ортаны тану тұрғысындағы зерттеулер

2. әлеумет жүйені реттеуге байланысты іс-шаралары

3. әлеуметтің мінез-құлықтарын әлеуметтік нормаларға сай икемдеу шаралары

4. әлеуметтік процестердің болашақтағы даму тенденциясы туралы ғылыми жобалар жасау

5. адамдардың әлеуметтік көзқарастарын қалыптастыру

{Дұрыс жауабы}= 1-1; 2-2; 3-3; 4-4; 5-5

### **2. Әлеуметтік құбылыстарды әлеуметтану категорияларымен сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=1

{сәйкестік нұсқаларының саны}=4

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтік құбылыстар

1) Жомарт-студент

2) ұлттық идея

3) отбасы

4) конституция

{екінші бағана атауы}= Әлеуметтану категориялары

1. әлеуметтік институт

2. әлеуметтік норма

3. әлеуметтік қабат

4. әлеуметтік құндылық

{Дұрыс жауабы}=1-3; 2-4; 3-1; 4-2

### **3. Көрсетілген әлеуметтік жағдайларды әлеуметтану заңдарымен сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=1

{сәйкестік нұсқаларының саны}=4

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтік жағдайлар

1) Амантай үшінші курсқа көшірілді

2) нарық халықты әртүрлі топтарға жіктеуде



- 3) Дәурен жаңа жұмысына да төселді  
4) Қазақстанда кенттену үдерісі қарқынды жүрүде  
{екінші бағана атауы}= Әлеуметтану заңдары

1. урбанизация
2. әлеуметтену
3. стратификация
4. мобильділік

{Дұрыс жауабы}=1-4; 2-3; 3-2; 4-1

**4. Төмендегі әлеуметтік статус түрлері ішінен жүре пайда болатын статус түрін іріктеніз:**

{тапсырма түрі}=5  
{элементтер саны}=10

- 1) Алиев – татар
- 2) Данияр – экономист
- 3) Абрам – араб
- 4) Әлібек – юрист
- 5) Диана – жазушы
- 6) Досжан – ер бала
- 7) Мейрам – машинист
- 8) Сәкен әке болды
- 9) Асылбек – ата болды
- 10) Асқар – студент

{Дұрыс жауабы}=2; 4; 5; 7; 8; 9; 10

**5. Берілген жағдайларды вертикальды және горизонтальды мобильділік заңдылығы бойынша сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=2  
{салыстыру нұсқаларының саны}=2

- 1) вертикальды
- 2) горизонтальды

{салстыру жауаптарының саны}=4

1. студенттің бір топтан екінші топқа ауысуы
2. студенттің магистратураға түсуі
3. Бердалиевтер отбасының Қызыл Қайрат ауылынан Ақбұлақ ауылына көшүі

4. Орынбаев отбасының Алғабас ауылынан Шымкент қаласына көшүі

{Дұрыс жауабы}= 1-2; 2-1; 3-2; 4-1

**6. Берілген жағдайларды төмендегі ұғымдардың мағынасына қарай сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=2  
{салыстыру нұсқаларының саны}=2

- 1) координация
- 2) субординация

{салстыру жауаптарының саны}=4

1. байланысқа түсу элементтерінің өзара тәуелді байланыста болуы
2. байланысқа түсу элементтерінің әлеуметтік жүйеде әркелкі денгейде

болуы

3. әлеуметтік байланысқа түсу элементтерінің өзара үйлесімділікте болуы

4. элементтердің ерекше спецификалық орнын көрсетіп отыратын

байланыс

{Дұрыс жауабы}= 1-1; 2-2; 3-1; 4-2

**7. Классикалық әлеуметтанудың бағыттарын сәйкестікке келтіріңіз:**

{тапсырма түрі}=1

{салыстыру нұсқаларының саны}=4

{бірінші бағана атауы}=Классикалық әлеуметтанудың бағыттары

1) позитивизм

2) антропоцентризм

3) бихевиоризм

4) материализм

{екінші бағана атауы}=Бағыт өкілдері

1. К.Маркс

2. Уотсон

3. О.Конт

4. М.Вебер

{Дұрыс жауабы}=1-3; 2-4; 3-2; 4-1

**8. Классик-әлеуметтанушыларының ғылыми еңбектерінің сәйкестігін анықтаңыз:**

{тапсырма түрі}=1

{салыстыру нұсқаларының саны}=4

{бірінші бағана атауы }= Ғылыми еңбектердің атаулары

1) «Өзін-өзі өлтіру»

2) «Капитал»

3) «Позитивтік философия курсы»

4) «Протестанттық этика және капитализм рухы»

{екінші бағана атауы}=Еңбектің авторлары

1. К.Маркс

2. Э.Дюркгейм

3. О.Конт

4. М.Вебер

{Дұрыс жауабы}=1-2; 2-1; 3-3; 4-4

**9. Салалық әлеуметтану зертеу пәндерінің сәйкестігін анықтаңыз:**

{тапсырма түрі}=1

{салыстыру нұсқаларының саны}=4

{бірінші бағана атауы}= Салалық әлеуметтану бағыттары

1) еңбек әлеуметтануы

2) білім әлеуметтануы

3) феминология

4) экоәлеуметтану

{екінші бағана атауы}= Салалық әлеуметтанудың пәндері

1. табиғи қоршаған орта жағдайы

2. түзеу колониясындағы әлеуметтік қатынастар

3. рухани өндіріс саласы

4. өндірістік қатынастар

{Дұрыс жауабы}=1-4; 2-3; 3-2; 4-1

**10. Берілген ситуацияларды әлеуметтану заңдарымен сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=1

{салыстыру нұсқаларының саны}=5

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтанудың негізгі заңдары

1) интеграция

2) урбанизация

3) әлеуметтену

4) мобильділік

5) стратификация

{екінші бағана атауы}= Әлеуметтік ситуациялық үдерістер (процесс)

1. адамдардың әлеуметтік мәртебесін (статусын) ауыстыру үдерісі

2. адамдардың ортаға беймделу жағдайы

3. әлеуметтік топтардың бір-бірімен жақындасуы, бірігуі

4. кенттену үдерісі

5. адамдардың әлеуметтік топтар мен қабаттарға жіктелуі

{Дұрыс жауабы}=1-3; 2-4; 3-2; 4-1; 5-5

**11. Берілген тапсырмалардың сәйкестігін анықтаңыз:**

{тапсырма түрі}=1

{салыстыру нұсқаларының саны}=4

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтанудың негізгі зерттеу пәндері

1) әлеуметтік факт

2) әлеуметтік мінез-құлық

3) таптық қатынас

4) әлеуметтік статика мен динамика

{екінші бағана атауы}= Негізгі пәндерді анықтаған ғалымдар

1. О.Конт

2. Э.Дюркгейм

3. М.Вебер

4. К.Маркс

{Дұрыс жауабы}=1-2; 2-3; 3-4; 4-1

**12. Көрсетілген жағдайларды көрнекті әлеуметтанушы-ғалымдар**

**Э. Мэйо және У.Ф.Тейлордің іс-шаралары мен тұжырымдарына қарай сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=2

{салыстыру нұсқаларының саны}=2

1) Э.Мэйо

2) У.Ф.Тейлор

{салыстыру жауаптарының саны}=3

1. өндірістегі адами факторларды анықтады

2. хронометраж әдісін енгізді

3. Хоторн қаласы шеңберінде эксперимент жүргізді

{Дұрыс жауабы}= 1-1; 2-2; 3-1

**13. Төмендегілерден әлеуметтік әрекетке қажетті шартты элементтерді іріктеніз:**

{тапсырма түрі}=5

{элементтер саны}= 7

- 1) мүдделері, мақсаты анықталған субъект
- 2) әрекет іске асырылатын нақтылы орта
- 3) ортаның жағдайына қарай икемделу
- 4) әрекеттің іске асырылу жодары мен тәсілдерін анықтау
- 5) басқаның жаубын ескеру
- 6) ауа райын ескеру
- 7) техникалық құралды ескеру
- 8) жыл мезгілін ескеру
- 9) қарсыластың салмағын ескеру

{Дұрыс жауабы}=1, 2, 3, 4.

**14. О.Конттың қоғамды төмендегідей бөлу сатыларына қарай, оның басты ерекшеліктерін сәйкестікке келтіріңіз:**

{тапсырма түрі}=3

{салыстыру нұсқаларының саны}=3

- 1) теологиялық
- 2) метафизикалық
- 3) позитивистік

{жауап нұсқаларының саны}=9

1. діни дүниетаным
2. математика
3. пантеизм
4. абстракциялық мәндер
5. аскеттік көзқарастар
6. суицидтік көзқарас
7. эволюциялық көзқарас
8. позитивизм
9. социологизм

{Дұрыс жауабы}=1-1; 2-4; 3-8

**15. Әлеуметтік қатынас түрлерін өз субъектілерімен сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=3

{салыстыру нұсқаларының саны}=3

- 1) әлеуметтік-топтық қатынас
- 2) әлеуметтік-этникалық қатынас
- 3) әлеуметтік-кәсіптік қатынас

{жауап нұсқаларының саны}=8

1. техникалық қатынас
2. ұлттар мен ұлыстық қатынас
3. қала мен село қатынасы
4. саяси қатынас
5. зейнеткерлер мен студенттердің қатынасы
6. ана мен бала қатынасы

7. жұмысшы мен инженер арасындағы қатынас

8. Арман мен Сәуле қатынасы

{Дұрыс жауабы}=1-5; 2-2; 3-7

**16. Төмендегі әлеуметтік ситуацияларды әлеуметтік мобильділік заңдылығының түрлеріне қарай сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=1

{сәйкестік нұсқаларының саны}=5

{бірінші бағана атауы}= Әлеуметтік ситуациялар

1) Қасымбеков С.Е. завод директоры қызметінен босатылды

2) Атамұратов Б.О. аудандық әкімінен облыстық әкімнің бірінші орынбасары қызметіне ауыстырылды

3) Ахметов Ж.Ә. Астанада Алматыға көшіп келді

4) экономика мамандығының 2 курс студенттері № 125 бұйрық бойынша 3-ші курсқа көшірілді

5) біздің факультет бойынша 12 студент оқудан шығарылды

{екінші бағана атауы}= Әлеуметтік мобильділік заңының түрлері

1. горизонтальды мобильділік

2. тік жоғары мобильділік

3. тік төмен мобильділік

4. топтық тік жоғары мобильділік

5. топтық тік төмен мобильділік

{Дұрыс жауабы}=1-3; 2-2; 3-1; 4-4; 5-5

**17. Төменде көрсетілген әлеуметтік статус түрлері тізбегінен адамның туа пайда болатын статусын іріктеп алыңыз:**

{тапсырма түрі}=5

{элементтер саны}=11

1) Марат – қазақ

2) Мадинам – ұйғыр

3) Асқар – инженер

4) Әсия – қыз бала

5) Әсет – ер бала

6) Жамал апай – зейнеткер

7) Тоқтар – космонавт

8) Тоқаев – сенатор

9) Ротару – молдаванка

10) Гофман – неміс

11) Томас – негр

{Дұрыс жауабы}=1; 2; 4; 5; 9; 10; 11

**18. Төмендегі әлеуметтік мобильділікке байланысты қозғалыстардың арасынан тік төмен топтық жылжуға қатысты жағдайларды іріктеңіз:**

{тапсырма түрі}=5

{элементтер саны}=10

1) басқарушы партияның сайлауда жеңілуі

2) оппозициялық партияның сайлауда жеңіске жетуі

3) Валют-транзит банкісінің дағдарысқа ұшырап жабылуы

- 4) Әлібектің басқа қалаға ауысып қоныстануы
- 5) Жас өспірімдер театры ұжымының мемлекеттік сыйлық иегері атануы
- 6) Жомарттың студент болуы
- 7) Мәнсияның аспирант болуы
- 8) Қазақстанда қазіргі кезде көптеген жеке меншік институттардың жабылуы
- 9) мекеменің жабылуына байланысты, қызметкерлердің жұмыссыз қалуы
- 10) факультетте 13 студенттің курсты қайта оқуға қалдырылуы

**19. Әлеуметтанымдық зерттеу кезеңдерін ретімен орналастырыңыз:**

{тапсырма түрі}=4

{нұсқалар саны}=9

1) әлеуметтанымдық зерттеудің ғылыми негіздемесін жасау және ғылыми тұжырымдар ұсыну

2) зерттеу объекті мен пәнін анықтау

3) зерттеу мақсаттары мен міндеттерін анықтау

4) негізгі ұғымдарға әлеуметтанымдық түсініктеме беру

5) жұмыс істеу гипотезасын қалыптастыру

6) зерттеудің стратегиялық жоспарын түзу

7) мәліметтерді жинақтау және оның тәсілің анықтау

8) мәліметтерге талдау жасау жобасын түзу

9) проблеманы анықтау және оны негіздеу

{Дұрыс жауабы}=1-9; 2-3; 3-2; 4-4; 5-5; 6-6; 7-7; 8-8; 9-1

**20. К.Маркстің концепциясына сәйкес әлеуметтік-экономикалық формацияларды логикалық реті бойынша орналыстырыңыз:**

{тапсырма түрі}=4

{нұсқалар саны}=5

1) социалистік

2) феодалдық

3) құлдық

4) капиталистік

5) алғашқы қауымдық құрылыс

{Дұрыс жауабы}=1-5; 2-3; 3-2; 4-4; 5-1

**21. О. Конттың концепциясына сәйкес адамзаттың ақыл-ой даму сатыларын логикалық реті бойынша орналыстырыңыз:**

{тапсырма түрі}=4

{нұсқалар саны}=3

1) метафизикалық

2) теологиялық

3) позитивтік

{Дұрыс жауабы}=1-2; 2-1; 3-3

**22. Қоғамның даму сатыларын логикалық реті бойынша орналыстырыңыз:**

{тапсырма түрі}=4

{нұсқалар саны}=3

- 1) индустриялық
  - 2) индустриялыққа дейінгі
  - 3) постиндустриялық
- {Дұрыс жауабы}=1-2;2-1;3-3

**23. Аталған категорияларды өз мағыналық анықтамаларымен сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=3  
{салыстыру нұсқаларының саны}=4

- 1) конформизм
  - 2) волюнтаризм
  - 3) нигилизм
  - 4) патриотизм
- {жауап нұсқаларының саны}=7

1. келісімпаздық
2. ретсіздікті жақтау
3. басшы еркінің үстемдік етуі
4. елжандылық
5. қалыпты жағдайдан ауытқу
6. әлеуметтік нормаларға сенімсіздікпен қарау
7. келешекке сенбеу

{Дұрыс жауабы}=1-1; 2-3; 3-6; 4-4

**24. Төмендегі әлеуметтік мобильділікке байланысты қозғалыстардың арасынан тік жоғары топтық жылжуға қатысты жағдайларды іріктеңіз:**

{тапсырма түрі}=5  
{элементтер саны}=11

- 1) басқарушы партияның сайлауда жеңілуі
- 2) оппозициялық партияның сайлауда жеңіске жетуі
- 3) «Мелиоратор» футбол командасының төменгі лигадан жоғарғы лигаға өтуі
- 4) Әлібектің басқа қалаға ауысып қоныстануы
- 5) Жас өспірімдер театры ұжымының мемлекеттік сыйлық иегері атануы
- 6) Жомарттың студент болуы
- 7) «Қайрат» футбол командасы Чемпион лигасында ойнау құқығына ие болуы
- 8) Қазақстанда қазіргі кезде көптеген жеке меншік институттардың жабылуы
- 9) мекеменің жабылуына байланысты, қызметкерлердің жұмыссыз қалуы
- 10) факультетте 13 студенттің курсты қайта оқуға қалдырылуы
- 11) Асқардың отбасының Ақжар ауылынан Тараз қаласына көшіп қоныстануы

{Дұрыс жауабы}=2; 3; 5; 7; 11

**25. Берілген жағдайларды төмендегі ғалымдардың концепциясы бойынша сәйкестендіріңіз:**

{тапсырма түрі}=2

{салыстыру нұсқаларының саны}=2

- 1) М.Вебер
- 2) Г.Спенсер

{салыстыру жауптарының саны}=4

1. рационалды мінез
2. әлеуметтік табиғи сұрыпталу
3. мінездің идеалды типі
4. қоғамды тірі организм ретінде қарастыру

{Дұрыс жауабы}= 1-1;2-2;3-1;4-2

**26. Көрсетілген жағдайлардан әлеуметтік әрекетті түсіну үшін қажетті шарттарды іріктеңіз:**

{тапсырма түрі}=5

{элементтер саны}= 7

- 1) субъектнің өз әрекетіне беретін мағынасы
- 2) басканың эмоциясын ескеру
- 3) әлеуметтік ортаны ескеру
- 4) әлеуметтік әрекет мотивтерді анықтау
- 5) дәстүрлі норманы ескеру
- 6) заңға бағыну
- 7) әрекет салдарын ескеру

{Дұрыс жауабы}=1, 2, 4



## ӘЛЕУМЕТТАНУ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ГЛОССАРИЙ

**ӘЛЕУМЕТТАНУ** – қоғам дамуының жалпы және ерекше әлеуметтік заңдылықтары туралы, оларды адамдардың, қауымдастықтар мен қоғамның қимыл әрекетпен жүзеге асырудың жолдары, формалары және әдістері жөніндегі ғылым.

**ӘЛЕУМЕТТАНУ ЗЕРТТЕУІ** – қоғамтану зерттеуінің бір түрі, қоғамды тұтас жүйе ретінде қарастыратын және жеке ғылымдарды арнайы және нақты әлеуметтік зерттеуге қатысты жалпы теориялық және әдістемелік негіз рөлін атқарады.

**ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ АГЕНТТЕРІ** - әлеуметтендіру процесінің барысына бағытталған мақсатпен ықпал жасап, әлеуметтендіруді жүзеге асыратындардың немесе оған әсер ететіндердің бірі.

**ӘЛЕУМЕТТЕНУ ӘРЕКЕТІ** - әдетте адамның қажетінен туындайтын, өзге адамдардың әрекетімен байланысты болатын, басқалардың мінез-құлығына бағытталған, оларға ықпал жасайтын және өз кезегінде ол өзгелердің мінез-құлқының ықпалын басынан кешіретін адамның саналы әрекеті.

**ӘЛЕУМЕТТІК НОРМАЛАР** – адамдардың іс-әрекетін, қоғамдық өмірді белгілі бір мәдениет құндылықтарына сәйкес және қоғам тұтастығын, тұрақтылығын нығайтатын мінез-құлық, стандарты реттейтін ереже.

**ӘЛЕУМЕТТІК ӨЛШЕМ** – сандық және бағалық негізде әлеуметтік құбылыстар мен процесстер туралы әлеуметтану ақпаратын алу мен зерттеу процесі.

**ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ЗАҢДАР** – қоғамның, мемлекеттің және басқа әлеуметтік саяси күштердің, институттардың және т.б. сипатын, жалпы даму бағытын анықтайтын әлеуметтік және саяси құбылыстар мен процесстердің арасындағы қажетті, мәнді, қайталанатын және тұрақты өзара байланыстар.

**БИЛІК** – әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесі, өзінің еркін жігері мен беделіне, құқық пен моральдық нормаларға күш көрсету мен жазалауға, дәстүр-салтқа арқа сүйеген басқа адамдардың және олардың топтарының әрекеті мен мінез-құлқына шешуші ықпал жасай алатындай қабілетті, құқық пен мүмкіндікті көрсетеді.

**ГЕНДЕРЛІК ЗЕРТЕУ** – берілген мәдениет шеңберінде адамдардың мінез-құлықтарының ерекшеліктерін жынысына қарап, яғни әйелдерге және еркектерге айырылуын ғылыми ізденістің негізі етіп алған әлеуметтану зерттеуінің түрі.

**ЕҢБЕК БӨЛІНІСІ** – қоғамдағы дамудың маңызды қайнар көздерінің бірі болып қызмет атқаратын тарихи дамушы еңбек әрекетінің жіктелісі.

**ЖҰМЫСШЫ ТАБЫ** – тікелей өнімді еңбекпен айналысатын, меншіктің түрлі формаларындағы кәсіпорындарға жалдамалы жұмыс істейтін және өз жұмыс күшін қолданумен негізгі табыс табатын қазіргі қоғамның бірден бір басты табы.

**ҚОҒАМДЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРМАЦИЯ** – тарихта маркстік, материалистік тұрғыда ұғынудың маңызды категориясы, өндіріс тәсілінің анықталуымен жалпы жағдайды көрсететін, оның тарихи дамуының белгілі бір сатысы.

**МИКРО-МАКРО ӘЛЕУМЕТТАНУ** - әлеуметтанудың түрлі деңгейлері. Макроәлеуметтану – бүкіл қоғамды тұтастай алып және үлкен әлеуметтік топтардың, қауымдастықтардың және олардың өзара әрекеті деңгейлерінде жүргізілетін әлеуметтану зерттеулері болып табылады.

Микроәлеуметтану – тұлғаның, ұсақ әлеуметтік топтардың және олардың өзара әрекеті деңгейінде жүргізілетін әлеуметтану зерттеулері.

**МЕМЛЕКЕТ** – қоғамның маңызды саяси-әлеуметтік институты, оның саяси жүйесінің негізі. Ол адамдардың, олардың топтары мен бірлестіктерінің мінез-құлқын, олардың арасындағы қарым-қатынасты реттеу процесінде және өзінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізу барысында саяси билікті іске асырушы.

**НАРЫҚ** - шаруашылық агенттердің іс-әрекеті болып жататын ресми және бейресми сипаттағы институционалды шектеулердің (заңдар, келісім шарттар, конвенциялар, нормалар) жиынтығын білдіреді.

**ОТБАСЫ** – шағын әлеуметтік топ, ол некеге, қандас туыстыққа негізделген және тұрмыстың ортақтығымен, балалар тәрбиесі үшін өзара жауапкершілікпен, өзара көмектесу қатынасымен байланысқан.

**ЖОРАЛҒЫ** (обычай) — мінез-құлықтың дәстүрмен бекітілген реті.

**ЖҰМЫССЫЗ** — еңбекке қабілетті адамның қоғамдық еңбекке араласа алмауына байланысты табыс таба алмай, жұмыссыздыққа байланысты берілетін көмек қаражатына тіршілік етуші.

**ЖҰМЫССЫЗДЫҚ** — еңбекке қабілеті бар адамдардың қоғамдық өндіріске араласа алмауы.

**ИНВАЗИЯ** — қаланың біртекті әлеуметтік тобынан тұратын тұрғындардың ауданына (жұмысшылар тұратын ауданға) басқа әлеуметтік топтардың (орта немесе жоғары таптардың) өкілдерінің орналаса бастауы.

**ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ** — ғылыми білімдерді өндіріске енгізу, энергия қуатының жаңа түрлері арқылы жаңа машиналарды пайдалану нәтижесінде бұрын адам немесе мал күші арқылы жасалған жұмыстарды орындау.

**ИНДУСТРИАЛДЫҚТАН КЕЙІНГІ ҚОҒАМ** — «постиндустриалдық қоғам» мақаласын қараңыз.

**ИНДУСТРИАЛДЫҚҚА ДЕЙІНГІ ҚОҒАМ** (дәстүрлі қоғам) — діни институт пен әскери күштердің негізінде құрылған, негізінен ауыл шаруашылығы есебінен өмір сүретін қоғам.

**КӘСП** — айырбастауға және сатуға арналған заттарды өндіру.

**КЕДЕЙЛІК** — билігінің, білімінің, мамандығының, іс-әрекетінің сапасының, табысының төмендігінен туындайтын экономикалық жағдайымен анықталатын адамның әлеуметтік жағдайы.

**КЕДЕЙЛІК АЙМАҒЫ (ЗОНАСЫ)** — бір елдің орташа табыс деңгейінен табысы өте төмен адамдардың тығыз тұратын аймағы.

**ҚАРАПАЙЫМ ҚОҒАМ** — басқару құрылымы күрделі емес қоғам.

**ҚАУЫМДАР** — еңбек бірлестігі (корпорациясы), туыстықтар негізінде одақтасқан адамдардың топтарының бір аумақтағы тұрмысы.

**ҚОСКАРБЕРЛІ ЖАНҰЯ** — ерлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істейтін жанұя.

**ҚҰНДЫЛЫҚТАР** — қайырымдылық, әділеттілік, отансүйгіштік, романтикалық (қиялмен алынған) махаббат, достық т. б. туралы әлеуметтік тұрғыдан қолдау тапқан және көпшілік мойындаған түсініктер.

**ПРИНЦИП** — дүниені тану мен өзгерту процесінде фактілерді немесе білімдерді бір ізге салуға қызмет ететін, олардың кейбір жиынтығының түп негізі ретінде көрінетін ғылыми танымның ерекше формасы.

**ПРОЦЕСС** (лат. processus – өту, жүру) – құбылыстың заңды, дәйекті өзгерісі, оның басқа құбылысқа көшуі (Даму).

**ҰҒЫМ** — дүниені танып-білу сатысындағы белгілі бір тұтастықта қарастырылып отырған заттың мәнін оның қалыптасу тәсілін анықтау арқылы олардың теориялық танымның формасы.

**РАНГЛЕУ** — құбылыстар мен пенделерге төменнен жоғарыға қарай нақтылы мағыналар, бағалар беру.

**РӘСІМ** (ритуал) — нақтылы әлеуметтік және мәдени құндылықты, рәміздік мінез-құлықты көрсететін реттелген әрекеттердің мазмұнын көрсететін дәстүрлі істердің жүйесі.

**РЕАЛДЫ ТОП** — мүшелері өздерінің бір екендігін сезінетін және бірге іс-әрекеттер жасауға қабілетті адамдардан тұратын үлкен әлеуметтік топ.

**РЕЙТИНГ** — белгілі, әйгілі болудың индексі.

**РЕКРЕАЦИЯ** — демалу, тынығу арқылы күш-қуатты қалпына келтіру.

**РӨЛ** — нақтылы құқықтары мен жауапкершіліктері бар әлеуметтік тұғырды жүзеге асыруға қажетті мінез-құлықтың үлгісі.

**РӨЛДЕРДІҢ ШИЕЛЕНІСІ** (конфликті) — әртүрлі адамдардың немесе әлеуметтік топтардың атқаратын рөлдерінен туындайтын міндеттері мен талаптарының бір-бірімен қарама-қарсы келетін қайшылықтар.

**РӨЛДІК ЖИНАҚ** (Репертауар) — белгілі бір әлеуметтік тұғырмен байланысты болатын рөлдердің жыйынтығы (кешені).

**РӨЛДІК КЕРНЕУ** — бір адамның атқаратын бірнеше рөлдерінің арасындағы (мысалы, бір ананың өз анасы алдындағы қызы есебіндегі және өзінің балалары алдындағы аналық рөлінің) қатынастардан туындаған қайшылықтардың нәтижесі.

**САЛТ** (Ғұрып) — қоғамда сақталатын, жоғары бағаланатын бұқара үшін үлгі болып табылатын мінез-құлықтардың үлгісі.

**САНКЦИЯ** — алдын ала белгіленген істерді атқаруға байланысты белгіленген сыйлықтар мен жазалаулардың жүйесі.

## ЕМТИХАН ТЕСТІЛЕРІНІҢ СҰРАҚТАРЫ

### 1. Әлеуметтанудың зерттеу объектісін анықтаңыз:

- A) қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланыстардың жиынтығы
- B) қоғам – әлеуметтік жүйе ретінде
- C) индустриалдыққа дейінгі қарапайым, жергіліктендірілген мәдениет пен қоғам
- D) жеке адамның әлеуметтік әрекеттестік негізінде қалыптасатын ойлары, сезімдері және мінез-құлығы
- E) қоғам мен табиғаттың дамуының неғұрлым жалпы заңдары ақпарат алу  
{Дұрыс жауабы} = B

### 2. Әлеуметтанудың зерттеу пәнін анықтаңыз:

- A) материалдық игіліктерді өндіру, тұтыну, бөлу және айырбастау процесі
- B) тұлғаның мінез-құлығының түрлі типтері мен түрлері, жеке адамның психологиясына, мінез-құлығына әсер ету
- C) жеке әлеуметтік топтар мен қоғамдардың пайда болу және түрлі уақыттар аралығында өзгеріске ұшырау процесі
- D) қоғамның әлеуметтік құрылымы, оның элементтері мен өмір сүру жағдайлары, сонымен қатар берілген құрылымда болып жатқан әлеуметтік процестер
- E) түрлі қоғамдық топтар арасында биліктің бөлінуімен, мемлекет институтының қалыптасуымен және басқаруымен байланысты қоғамдық процестер  
{Дұрыс жауабы} = D

### 3. Салалық әлеуметтанудың зерттеу пәнін анықтаңыз:

- A) әлеуметтік көпшіліктердің және әлеуметтік іс-әрекеттердің жеке түрлері, әлеуметтік өмірдің салыстырмалы түрде алғандағы дербес салалары
- B) қоғамдық-экономикалық формациялардың түрлі жақтарының өзара әрекеті
- C) қоғамның ерекше типтерінің қалыптасу және даму заңдары
- D) саяси шындық, қоғамның саяси өмірі
- E) қоғамның экономикалық саласының заңдылықтары, адамдардың экономикалық іс-әрекеті  
{Дұрыс жауабы} = A

### 4. Әлеуметтанудың категорияларын атаңыз:

- A) әлеуметтік жүйе
- B) әлеуметтік институттар
- C) әлеуметтік топ
- D) әлеуметтік қабаттар
- E) көрсетілгендердің барлығы

### 5. Микроәлеуметтанудың зерттейтін мәселесі төмендегідей:

- A) әлеуметтік құбылыстар мен процестерді адамдардың қызметі мен өзара байланыстары, мінез-құлықтары тұрғысынан түсіндіруді
- B) әлеуметтік жүйенің жеке құрылымдық бөліктерінің өзара

байланыстарының заңдылықтарын

С) социумның тұтас нәрсе ретінде қалыптасуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын

Д) әлеуметтік өмірді қайтадан жаңғыртудың практикалық сұрақтарын

Е) әлеуметтанымдық зерттеулердің әдістемелік принциптерін

{Дұрыс жауабы} = А

**6. Қоғамдық өмірдің негізі материалдық өндіріс болып табылады деген тұжырымның авторын анықтаңыз:**

А) М.Вебер

В) К.Маркс

С) Э.Дюркгейм

Д) Г.Спенсер

Е) Р.Мертон

{Дұрыс жауабы} = В

**7. «Қоғамдық болмыс қоғамдық сананы анықтайды» – бұл негізгі қағидасы:**

А) Құрылымдық-функционалдық бағыттың

В) Символикалық интеракционизмнің

С) Марксистік бағыттың

Д) Конфликтологиялық бағыттың

Е) Эмпирикалық бағыттың

{Дұрыс жауабы} = С

**8. Әлеуметтанудың заңдарын атаңыз:**

А) әлеуметтік интеграция

В) әлеуметтік урбанизация

С) әлеуметтік дифференциация

Д) әлеуметтену

Е) көрсетілгендердің барлығы

{Дұрыс жауабы} = Е

**9. Басқару ісінің принциптерін зерттейді:**

А) экономикалық әлеуметтану

В) саяси әлеуметтану

С) жеке тұлға әлеуметтануы

Д) басқару әлеуметтануы

Е) этноәлеуметтану

{Дұрыс жауабы} = D

**10. Әлеуметтік құбылыс қандай жағдайда пайда болады?**

А) әлеуметтік топтар болған жағдайда

В) әлеуметтік топтар қатар тұрған жағдайда

С) жеке адам белгілі бір топтың мүшесі болған жағдайда

Д) әлеуметтік институттың құамында болғанда

Е) бір топтың мінез-құлқы екіншісінің ықпалында болған жағдайда

{Дұрыс жауабы} = Е

**11. Деректік материалдарды жинау, жинақтау және оларды алғашқы өңдеу, толықтырудың бастапқы кезеңі әлеуметтанымдық зерттеудің**

**мына кезеңіне тән:**

- A) теориялық
- B) эмпирикалық
- C) макроәлеуметтанымдық
- D) микроәлеуметтанымдық
- E) социоинженерлік

{Дұрыс жауабы} = B

**12. Әлеуметтік өмірді өзгертудің практикалық сұрақтарын оқытуға және бұл салада практикалық ұсыныстарды жасауға бағытталатын сала:**

- A) макроәлеуметтану
- B) микроәлеуметтану
- C) фундаменталдық әлеуметтану
- D) жалпытеориялық әлеуметтану
- E) қолданбалы әлеуметтану

{Дұрыс жауабы} = E

**13. Әлеуметтанудың әлеуметтік процестердің болашақтағы даму тенденциясы туралы ғылыми негізделген жобалар жасауды қамтамасыз ететін қызметі:**

- A) гносеологиялық қызмет
- B) басқарушылық қызмет
- C) әлеуметтік бақылау қызметі
- D) болжамдар жасау қызметі
- E) дүниетанымдық қызмет

{Дұрыс жауабы} = D

**14. Қай әлеуметтік қабат қоғамның біршама әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ете алады?**

- A) жоғарғы
- B) орта
- C) төменгі
- D) деәлеуметтенген элементтер
- E) қоғамының барлық қабаттары

{Дұрыс жауабы} = B

**15. Әлеуметтануда географиялық детерминизм концепциясын жасаған:**

- A) Ж.Ж.Руссо
- B) О.Конт
- C) Ш.Монтескье
- D) Д.Юм
- E) М.Вебер

{Дұрыс жауабы} = C

**16. Әлеуметтануды О.Конт алғашқы рет қалай атаған?**

- A) иерархия
- B) әлеуметтік статика
- C) әлеуметтік физика

- D) топтастыру
  - E) әлеуметтік саясат
- {Дұрыс жауабы} = C

**17. Г.Спенсердің пікірі бойынша қоғам төмендегі қалыпты сақтауға ұмтылады:**

- A) тепе-тендікті
  - B) ауытқуды
  - C) прогресті
  - D) регресті
  - E) тоқырауды
- {Дұрыс жауабы} = A

**18. Т.Парсонстың еңбектерінде төмендегі аталған әлеуметтанымдық бағыттардың қайсысы жасалынды?**

- A) феноменология
  - B) функционализм
  - C) интеракционизм
  - D) позитивизм
  - E) әлеуметтік дарвинизм
- {Дұрыс жауабы} = B

**19. Қазақстан қоғамның әлеуметтік құрылымы тұрғысында төмендегідей міндеттің ұтымдылығын көрсетеді:**

- A) құрылымдық санды өсіру
  - B) қоғамдағы әлеуметтік біртектілікті жасау
  - C) таптарды жою
  - D) орта тапты қалыптастыру
  - E) көрсетілгеннің барлығы
- {Дұрыс жауабы} = D

**20. Г.Спенсер негізін салушы:**

- A) интегралдық әлеуметтанудың
  - B) функционалдық әлеуметтанудың
  - C) түсіндірмелі әлеуметтанудың
  - D) органикалық
  - E) социологизмнің
- {Дұрыс жауабы} = D

**21. «Аномия» түсінігін әлеуметтануға алғашқы рет енгізген кім?**

- A) Э.Дюркгейм
- B) Р.Мертон
- C) О.Конт
- D) Г.Зиммель
- E) Г.Спенсер

{Дұрыс жауабы} = A

**22. Адамның туа бітетін статусын анықтаңыз:**

- A) мамандық, бедел
- B) жынысы, ұлты
- C) білім, мамандық

- D) бедел, ұлты
  - E) тұрғылықты жері, жынысы
- {Дұрыс жауабы} = B

**23. Адамның біршама жоғары әлеуметтік позицияға көтерілуі, ол -**

- A) тік төмен мобильділік
  - B) топтық тік жоғары мобильділік
  - C) индивидтің тік жоғары мобильділігі
  - D) топтық тік төмен мобильділік
  - E) барлығы дұрыс
- {Дұрыс жауабы} = C

**24. Отбасының бір ауылдан екінші ауылға көшуін әлеуметтік мобильділік тұрғыдан қарастырыңыз:**

- A) топтық вертикальды
  - B) тік жоғары
  - C) жеке горизонтальды
  - D) топтық тік төмен
  - E) топтық горизонтальды
- {Дұрыс жауабы} = E

**25. Жеке тұлғаның әлеуметтік өрлеуіне біршама ыңғайлы жағдай туғызатын қоғамның түрін анықтаңыз:**

- A) авторитарлық қоғам
  - B) демократиялық қоғам
  - C) тоталитарлық қоғам
  - D) транзиттік қоғам
  - E) монархиялық қоғам
- {Дұрыс жауабы} = B

**26. Конформизм – ол:**

- A) әлеуметтік мақсаттардың мойындалмағандығы, бірақ оған жету тәсілдерінің маңыздылығы
  - B) қоғамның әлеуметтік мақсаттары мен оларға жету тәсілдерінің толық мақұлданыуы
  - C) әлеуметтік мақсаттардың қабылданып, оларға жету тәсілдерінің мақұлданбауы
  - D) әлеуметтік мақсаттардың да, оларға жету тәсілдерінің де теріске шығарылуы
  - E) әлеуметтік мақсаттар мен оларға жету тәсілдерінің жаңамен алмастырылуы
- {Дұрыс жауабы} = B

**27. Мынандай ситуация әлеуметтік мобильділіктің қай түріне жатады? Басқарушы партияның сайлауда жеңілуі:**

- A) горизонтальды топтық
- B) тік жоғары
- C) дербес тік төмен
- D) тік төмен топтық
- E) дербес горизонтальды



{Дұрыс жауабы} = D

**28. Әлеуметтік девиацияны қалай түсінесіз:**

- A) аномиялық құбылыс
- B) тұрақсыздық құбылыс
- C) конформистік құбылыс
- D) альтруистік құбылыс
- E) дұрыс жауабы жоқ

{Дұрыс жауабы} = B

**29. Рәміздік парадигма бойынша адамға төмендегідей қасиет тән:**

- A) бірлескен іс-әрекетке тәуелді болуы
- B) ортақ символға тәуелді болуы
- C) адамның өзі туралы басқаның пікіріне тәуелді болуы
- D) өзі туралы басқаның пікіріне тәуелсіз болуы
- E) барлығы дұрыс

{Дұрыс жауабы} = C

**30. Э. Дюркгеймнің пікірінше суицидтік жағдай қоғам дамуының қандай жағдайында ұлғая түседі?**

- A) әлеуметтік интеграция нығайған жағдайда
- B) ортақ принцип жойылған жағдайда
- C) қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгерген кезде
- D) экономика күрт төмендеген жағдайда
- E) барлығы дұрыс

{Дұрыс жауабы} = A

**31. Дарендорфтың пікірінше конфликт көзі қайда?**

- A) экономикалық базисте
- B) басқару жүйесінде
- C) мүдделер жүйесінде
- D) статустар жүйесінде
- E) еңбек жүйесінде

{Дұрыс жауабы} = B

**32. Конфликттік парадигма бойынша әлеуметтік тұрақсыздықтың көзін анықтаңыз:**

- A) әртүрлі топтардың қатар өмір сүруі
- B) конфликттік потенциалдың болуы
- C) әлеуметтік құрылымның әртүрлі болуы
- D) мүдделердің сәйкес келмеуі
- E) әлеуметтік бедел

{Дұрыс жауабы} = D

**33. Әлеуметтік әрекет - ол:**

- A) мән-мағына берілетін іс-әрекет
- B) әлеуметтік статуска ие болатын іс-қимыл
- C) мән берілген және оған басқа адамның жауап қайтаруы ескерілетін іс-қимыл
- D) іс-әрекетке басқаның эмоциясы ескерілмейтін іс-әрекет
- E) дұрыс жауабы жоқ

{Дұрыс жауабы}= С

**34. Жеке адамның белгілі бір әлеуметтік топта, қоғамда алатын нақты орны мен позициясы:**

- A) әлеуметтік қызмет
- B) әлеуметтік иерархия
- C) әлеуметтік жік
- D) әлеуметтік лауазым
- E) әлеуметтік статус /мәртебе/

{Дұрыс жауабы}= E

**35. Қоғамда белгілі бір статуска ие болатын және соған орай позицияны ұстанатын адамнан күтілетін мінез-құлық қандай термин арқылы анықталады?**

- A) әлеуметтік рөл
- B) әлеуметтік норма
- C) әлеуметтік статус
- D) әлеуметтік қабат
- E) әлеуметтік стратификация

{Дұрыс жауабы}= A

**36. Жеке адамның кандидаттық диссертациясын қорғауы әлеуметтік ауыспалылықтың қай типіне жатады?**

- A) көлденеңінен, жекеленген
- B) тігінен, төмен түсетін, топтық
- C) тігінен, жоғары көтерілетін, топтық
- D) тігінен, төмен түсетін, жекеленген
- E) жекеленген тік жоғары көтерілу

{Дұрыс жауабы}= E

**37. Жеке адамның әлеуметтік жіктердің бір түрінен дәрежесі басқа екінші түріне ауысуы дегеніміз?**

- A) миграция
- B) көлденеңінен болатын әлеуметтік ауыспалылық
- C) тігінен болатын әлеуметтік ауыспалылық
- D) жоғары көтерілетін әлеуметтік ауыспалылық
- E) төмен түсетін әлеуметтік ауыспалылық

{Дұрыс жауабы}= C

**38. Әлеуметтенудың агентін анықтаңыз:**

- A) әлеуметтену процесінің бағытталған тарапы
- B) әлеуметтену процесін жүзеге асырушы
- C) әлеуметтену процесін сыртай бақылауды жүзеге асырушы
- D) жеке тұлға
- E) зерттеуші топ

{Дұрыс жауабы}= B

**39. Меншік үшін күрес әлеуметтік жанжалдың негізін құрайды дейтін ағымды анықта:**

- A) құрылымдық-функционализм
- B) рәміздік интеракционизм

- C) марксизм
- D) неофункционализм
- E) постпозитивизм

{Дұрыс жауабы} = C

**40. Аскетизмді қалай түсінесіз?**

- A) тірі жанға зиян келтірмеу
- B) басшының сөзіне сену
- C) өз еркіне бағыну
- D) A, B
- E) нәпсіге ырық бермеу

{Дұрыс жауабы} = E

**41. Альтруизмді қалай түсінесіз?**

- A) тірі жанға зиян келтірмеу
- B) өзгенің қамын ойлау
- C) мемлекетке сену
- D) басшыны құрметтеу
- E) барлық жауаптар дұрыс

{Дұрыс жауабы} = B

**42. Әлеуметтік институттың келесі сипаттамаларының қайсысы оның қызметінің бузылуының көрінісі болып табылады?**

- A) оның іс-әрекетінің дербестендірілуі
- B) берілген қоғамдағы қалыптасқан мінез-құлық үлгілерін және іс-әрекет тәсілдерін жеке адамның жеткізуі
- C) жеке адамдардың мінез-құлықтарына басқару жүргізу және бақылау
- D) әлеуметтік және мәдени құндылықтарды қайта жаңғырту
- E) қоғамда императивті жалпыадамзаттық құндылықтарды бекіту

{Дұрыс жауабы} = A

**43. Тұлғаның бұрынғы құндылықтардың орнына жаңа құндылықтарды, білімдерді, рөлдерді, дағдыларды игеру процесінің аталуы:**

- A) тәрбие
- B) әлеуметтенудің болмауы
- C) реәлеуметтену
- D) институционалдылық
- E) теңдестіру

{Дұрыс жауабы} = C

**44. Сайлауда оппозициялық партияның жеңуі әлеуметтік мобильділіктің қай түріне жатады?**

- A) көлденең топтық
- B) топтық тік жоғары
- C) дербес көлденең
- D) топтық тік төмен
- E) дербес тік төмен

{Дұрыс жауабы} = B

**45. Әлеуметтануда жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларынан**

**ауытқудың аталуы:**

- A) жазылмаған мінез-құлық
- B) патология
- C) әлеуметтік девиация
- D) конформизм
- E) әлеуметтік ұйымсыздық

{Дұрыс жауабы} = C

**46. Тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін факторларды көрсетіңіз:**

- A) генетикалық
- B) мәдениет
- C) топтық тәжірибе
- D) өте сирек кездесетін жекелік тәжірибе
- E) жоғарыда аталған факторлардың барлығы тұлғаның қалыптасуына ықпалын тигізеді

{Дұрыс жауабы} = E

**47. Әлеуметтік байланыстың түрлерін анықтаңыз:**

- A) банк, әскери, дүкен
- B) мемлекет, отбасы, өндіріс
- C) түйісу (контакт), байланыс, қатынас
- D) өзара әрекет
- E) дұрыс жауабы жоқ

{Дұрыс жауабы} = C

**48. Тұлғаның мінез-құлқының қандай типі Мертонның классификациясы бойынша девиантты/ауытқы/ мінез-құлыққа жатпайды?**

- A) революцияшылдық
- B) инновациялық
- C) бүлікшілдік
- D) конформистік
- E) дәстүршілдік

{Дұрыс жауабы} = D

**49. Адамдар өзге мәдениеттерді өз мәдениеті тұрғысынан бағалауға бейім екендігін білдіретін бағыттың аталуы:**

- A) мәдени релятивистік
- B) нормативтік
- C) рәміздік
- D) этноцентристік
- E) социологизмдік

{Дұрыс жауабы} = D

**50. Әлеуметтанымдық зерттеу программасының дұрыс анықтамасын көрсетіңіз:**

- A) объектіні зерттеудің логикасы мен әдістерін негіздеудің және баяндаудың мазмұнын қамтитын ғылыми құжат
- B) зерттеу объектісінің теориялық моделі
- C) ғылыми мәселені шешуге қойылатын талаптар жүйесі

D) зерттеу объектісінің қалыптасуы және дамуы туралы мәліметтерді қамтитын ғылыми құжат

E) зерттеуде талдау жүргізіліп отырған объектінің идеалды типі  
{Дұрыс жауабы} = А

**51. Анкета жүргізу ол:**

A) тікелей ауызша сұрақ-жауап

B) байланыс бөлімі арқылы жазбаша сұрақ-жауап

C) біреу арқылы жазбаша сұрақ-жауап

D) компетенті адамдардың сауалнама жүргізуі

E) телефон арқылы сұрақ-жауап

{Дұрыс жауабы} = D

**52. Әлеуметтік процестерді немесе құбылыстарды алдын-ала зерттеуде қолданылатын әдіс:**

A) бейнелеу зерттеуі

B) барлаулық зерттеу

C) талдамалық зерттеу

D) функционалдық зерттеу

E) құрылымдық зерттеу

{Дұрыс жауабы} = B

**53. Әлеуметтік дамудың объективті сипаттың табиғи-тарихи процесс ретінде мойындайтын көзқарастар жүйесі – ол:**

A) революционизм

B) эволюционизм

C) циклдық

D) спиральды

E) натурализм

{Дұрыс жауабы} = B

**54. Тестілеу әлеуметтанымдық әдістің мына түріне жатады:**

A) сұрақ-жауап

B) эксперимент

C) құжаттарды талдау

D) социометрия

E) бақылау

{Дұрыс жауабы} = A

**55. Әлеуметтануда жеке адамның немесе топтың әлеуметтік позициясының өзгеруін анықтайтын термин:**

A) әлеуметтік стратификация

B) әлеуметтік мобильділік

C) әлеуметтік өзгеріс

D) әлеуметтік даму

E) әлеуметтік сегрегация (нәсілге бөлушілік)

{Дұрыс жауабы} = B

**56. Девиантты мінез-құлық түрін анықтаңыз:**

A) жұмыстан босату

B) вандализм

- C) барлау
  - D) стратификация
  - E) университетке қабылдану
- {Дұрыс жауабы} = B

**57. Жасанды жолмен ұйымдастырылатын зерттеудің түрі - ол:**

- A) эксперимент
  - B) қатысып бақылау
  - C) қатыспай бақылау
  - D) жанама бақылау
  - E) тікелей бақылау
- {Дұрыс жауабы} = A

**58. Адам өмірінде иерархиялық сипат алатын табиғи және әлеуметтік теңсіздік – ол:**

- A) әлеуметтік мобильділік
  - B) әлеуметтік өзгеріс
  - C) әлеуметтік стратификация
  - D) әлеуметтік даму
  - E) әлеуметтік ыдырау
- {Дұрыс жауабы} = C

**59. Марксизм бойынша әлеуметтік прогресс үшін басты мәселе – ол:**

- A) мәдени құндылықтар
  - B) экономикалық факторлар
  - C) психологиялық факторлар
  - D) демографиялық факторлар
  - E) географиялық факторлар
- {Дұрыс жауабы} = B

**60. Постиндустриалдық қоғамының басты ерекшелігін анықтаңыз:**

- A) дәстүрлі өндірістік әдіс
  - B) аграрлық сектордың басымдылығы
  - C) ақпараттық қызметтің басым болуы
  - D) саудагерлік бизнестің басымдылығы
  - E) дұрыс жауабы жоқ
- {Дұрыс жауабы} = C

**61. Сауалнама әдісінің түрлері:**

- A) интервью, анкета жүргізу, тестілеу
  - B) бақылау, эксперимент
  - C) құжатты зерттеу, контент-анализ
  - D) социометрия, эксперименттік бақылау әдісі
  - E) табиғи ортада және лабораториялық зерттеу
- {Дұрыс жауабы} = A

**62. Әлеуметтік құндылықтардың түрлерін көрсетіңіз:**

- A) кәсіподақ, студенттер, зейнеткерлер
- B) әділеттік, теңдік, ұлтжандылық
- C) банк, партия, шіркеу
- D) отбасы, дін, мемлекет

Е) барлығы дұрыс  
{Дұрыс жауабы}=Е

**63. Студенттің университеттен шығарылуы әлеуметтік мобильділіктің қай түріне жатады?**

- А) көлденең топтық
  - В) тік жоғары топтық
  - С) тік төмен топтық
  - Д) тік төмен дербес
  - Е) көлденең дербес
- {Дұрыс жауабы}= D

**64. Интервьюдің түрлері:**

- А) стандартты және стандартты емес
  - В) ашық және жабық
  - С) тікелей және жанама
  - Д) енгізілген және енгізілмеген
  - Е) далалық және лабораториялық
- {Дұрыс жауабы}= А

**65. Пікірлерді тез арада білу үшін қолданылатын интервью:**

- А) клиникалық
  - В) фокустелеген
  - С) бағытталмаған
  - Д) телефондық
  - Е) тереңдетілген
- {Дұрыс жауабы}= D

**66. Қоғамда қабылданған әлеуметтік нормалардан ауытқу - ол:**

- А) жазылмаған мінез-құлық
  - В) девианттық мінез-құлық
  - С) конформистік мінез-құлық
  - Д) альтруистік мінез
  - Е) гуманистік мінез
- {Дұрыс жауабы}= В

**67. Жауаптың шынайылығын тексеру міндетін атқаратын сұрақтың түрі - ол:**

- А) дихотомиялық сұрақ
  - В) тексеру сұрағы
  - С) альтернативті сұрақ
  - Д) ашық сұрақ
  - Е) сүзгі-сұрақ
- {Дұрыс жауабы}= В

**68. Егер анкетада қойылған сұраққа жауап варианттары берілмесе және жауаптарды толығымен жауап беруші адамның өзі жазатын болса, онда - бұл:**

- А) жабық сұрақ
- В) шкалалық сұрақ
- С) ашық сұрақ

- D) тексеру сұрақ
  - E) функционалды-психологиялық сұрақ
- {Дұрыс жауабы} = C

**69. Газеттер мен журналдар бетінде жарияланып, оқырымандарды қолжазбаша түрде жауап беруге шақыратын және жауаптарын редакция адресіне жіберулерін сұрайтын анкетаның аталуы:**

- A) пошталық
  - B) таратылатын
  - C) топтық
  - D) баспасөздік
  - E) жекелік
- {Дұрыс жауабы} = D

**70. Жазылған немесе жазылмаған нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттер мен мінездер - ол:**

- A) әлеуметтену
  - B) аномия
  - C) әлеуметтік бақылау
  - D) әлеуметтік санкция
  - E) барлығы дұрыс
- {Дұрыс жауабы} = B

**71. Қандай әлеуметтік-кәсіби топтар интеллигенцияның құрамына кірмейді:**

- A) маргиналдық интеллигенция
  - B) өндірістік интеллигенция
  - C) инженерлік интеллигенция
  - D) ғылыми интеллигенция
  - E) педагогикалық интеллигенция
- {Дұрыс жауабы} = A

**72. Қандай мәселелер XX ғасырдың соңғы кезеңіндегі әлеуметтануды айқындайды?**

- A) қазіргі замандағы адам және оның белсенділігі мәселесі
  - B) әлеуметтік қозғалыстардың қалыптасу мәселесі
  - C) үстем идеологияның мазмұнын анықтау
  - D) мемлекеттердің бір-бірінің ішкі істеріне араласуына қарсы қозғалыс мәселелері
  - E) барлығы дұрыс
- {Дұрыс жауабы} = E

